

ЖУРНАЛ ЗАРЕГИСТРИРОВАН
В МИНИСТЕРСТВЕ
ИНФОРМАЦИИ РК.
СВИДЕТЕЛЬСТВО О РЕГИСТРАЦИИ
№ 4482-Ж ОТ 1 ДЕКАБРЯ 2003 Г.

№5 (94), октябрь 2021 год

СОБСТВЕННИК: ГККП “Областной центр
детско-юношеского туризма и экологии управления
образования акимата ЗКО”

Издается при поддержке Областного управления
образования акимата ЗКО.
Выходит 6 раз в год

Основатель журнала - **Фомин В.П.** академик
МАДЮТиК, кандидат педагогических наук

Шеф-редактор – **Беккалиев Г.И.**
Редакционный совет:
Председатель совета – **Мынбаева А.А.** -
руководитель Западно-Казахстанского областного
управления образования

Члены совета:
Жумаев М.С. – заслуженный мастер спорта РК по
альпинизму
Смирнов Д.В. – президент Международной
академии детско-юношеского туризма
им. А.А. Останца – Свешникова, д.п.н.
Мазбаев О.Б. – академик МАДЮТиК,
доктор географических наук
Никитинский Е.С. – профессор,
доктор педагогических наук
Абдулхаиров А.З. – доцент,
кандидат педагогических наук
Шаяхметов А.Г. – академик МАДЮТиК

Редакционная коллегия:
Усагалиева Г.З. – заместитель директора
ОЦДЮТиЭ по учебно-методической работе
Мукашева А.Б. – заместитель директора
ОЦДЮТиЭ по учебно-воспитательной работе
Неталиева К.Е. – заведующая отделом туризма
ОЦДЮТиЭ, действительный член МАДЮТиК
Альмуханова Р.С. – заведующая отделом
краеведения ОЦДЮТиЭ
Гатауов Н.Х. – заведующий отделом экологического
туризма ОЦДЮТиЭ
Нурманов Р.Е. – заведующий отделом спортивного
ориентирования ОЦДЮТиЭ
Мазуренко В.В. – заведующий отделом спорта и
физического культуры ОЦДЮТиЭ

Над номером работали:
Кайрлиева К.Ж. – главный редактор
Жуматай Е.К. – дизайн, верстка
Карина Ж.М. – корректор, перевод

Мнение редакции журнала может не совпадать
с мнением авторов публикаций. Рукописи не
рецензируются и не возвращаются.

Подписной индекс - 75184
Для предприятий и организаций - 25184
Адрес редакции:
090004 Республика Казахстан, г. Уральск,
ул. Исатай батыра, 71\1
Тел. (7112) 52-59-42, 52-58-91
e-mail: evrasia_centre@mail.ru
www: turizmzko.kz

Формат 214x280 мм, печать офсет. Тираж 500 экз
Отпечатано в ТОО “Жарқын Ко”, г. Нур Султан

ӨЗЕКТІ-АКТУАЛЬНО

1. Жиенбеков Т.К.

Қосымша білім беру жүйесін дамытудағы
туристік-өлкетану қызметінің маңызы.....2

ӨЛКЕТАНУ - КРАЕВЕДЕНИЕ

Бейсенбаева Г.С.

Өлкенді таны жас буын!.....9

Омарбекова Г.А.

«Ұлы Жібек жолы» оқу-танымдық экскурсиясы12

Умбеталиева Ж.М.

Жеке тұлғаны қалыптастырудағы өлкетану
қызметінің ерекшелігі.....15

Шәмші Ғ.И.

Экскурсияның маңыздылығы.....17

Шаймерден Г. Б.

Жас туристер шеберлігін шыңдады.....20

Сағынов Т.С.

Ән күдіретін асқақтатқан Мұхит сал.....23

Қайрлиева Қ.Ж.

Ұстаз – ұлы ұғым.....27

ТУРИЗМ

Айтимбетов Н.К.

Балалар туризмін дамыту және туристік жорықта
қолданатын әдістер.....29

Елегенова А.С.

Қазақстанда агротуризмнің даму мүмкіндіктері.....33

Сейтжапбар Е.А.

Қарт Қаратау тәжі – Қаратау табиғи қорығы.....36

Изгалиева Д.Р.

«Мектептегі қысқы шаңғы техникасы
туризмін жетілдіру және дамыту».....41

ЭКОЛОГИЯ-ЭКОЛОГИЯ

Анатолий Р.Қ.

Бұлдырты өзенінің биоморфологиялық алуан
түрлігін талдау.....43

Тапаев Д.А.

Кіші өзендерді экологиялық-гидрологиялық
зерттеу әдістері.....47

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКА

ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ПРАКТИКА

Айтуреева Қ.М.

Жергілікті жерді бағдарлау.....50

Амирова Б.А.

“Туристік өлкем - Түркістаным”.....52

Бекмуханова А.Б.

Бөлме гүлдерінің түрлері және оларды отырғызу,
күтіп, баптау.....55

Ысмайылова О.Ж.

Жергілікті жерді күнге, айға,
жұлдыздарға қарап бағдарлау әдістері.....57

Айтимбетов Б.К.

Жорық кезінде аспалы өткелді өз бетімен дайындау
және өту.....60

ТУРИСТІК ЖАҒАЛЫҚ – ТУРВЕСТИ

Кенжеғалиев А.А.

«Европа-Азия» жарысының қорытындысы.....64



Қосымша білім беру жүйесін дамытудағы туристік-өлкетану қызметінің маңызы

Жиенбеков Т. К.

Адами әлеуетті дамыту басқармасының «Облыстық жас туристер станциясы» КММ-нің директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Түркістан қ., Түркістан обл.



Аннотация.

В статье рассказывается о практике организации туристско-краеведческой деятельности КГУ «Областная станция юных туристов» при Управлении развития человеческого потенциала Туркестанской области. Статья рекомендована учреждениям, занимающимся туристско-краеведческой деятельностью для детей и подростков.

Аңдатпа.

Мақалада Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасына қарасты «Облыстық жас туристер станциясы» КММ-ң туристік-өлкетану қызметінің ұйымдастыру практикасы туралы айтылады. Мақала балалар мен жасөспірімдердің туристік-өлкетану қызметімен айналысатын мекемелерге ұсынылады.

Кілт сөздері: туризм, экспедиция, музей, патриотизм, туристік лагерь, слёт, фестиваль, олимпиада.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында: «Қосымша білім берудің білім беретін оқу бағдарламалары білім алушылардың өзін-өзін басқаруын, шығармашылығын дамыту, олардың қабілеттерін іске асыру, қоғам өміріне бейімделуі, азаматтық сана-сезімін, жалпы мәдениетін, салауатты өмір салтын қалыптастыру, бос уақытын мазмұнды ұйымдастыру үшін жағдайлар жасауды көздейді» деп көрсетілген.

Өмір ағымы үнемі дамып отырған шақта ақыл-ойы озық, білімі мен біліктілігі жоғары, жан-жақты дамыған тұлғаны тәрбиелеу қажеттілігі күн өткен сайын артып отыр. Жеке тұлғаны оқыту, тәрбиелеу және дамытуды үйлестіруші қосымша білім беру ұйымы ретінде Түркістан облысы Адами әлеуетті дамыту басқармасына қарасты «Облыстық жас туристер станциясы» КММ-ң атқарып отырған еңбегі ерекше. Облыстық жас туристер станциясында директор, 2 директордың орынбасары, 5 әдіскер, 25 қосымша білім беру педагогтары қызмет атқарады. Мекеменің 2020-2021 оқу жылындағы әдістемелік тақырыбы:

«Рухани Астана – Түркістанның тарихи-мәдени туризмін дамыту». Білім беру ұйымының ұстанып отырған саясаты-балаларға қосымша білім беру және тәрбиелеу процесінде қоғам мен мемлекеттің, жеке тұлғаның мүддесі үшін түрлі педагогикалық жаңа, тың бастамаларды игеру.

Мекеме 1953-ші жылы Шымкент қаласындағы облыстық «Оқушылар үйінде» туристік бөлім болып ашылып, 1957 жылы балалар туристік-экскурсиялық базасы ретінде дербес бөлініп шыққаннан кейін, атауын «Жас туристер станциясы» деп өзгертті.

2017 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қаласындағы «Облыстық жас туристер станциясы» өзінің 60 жылдық мерейтойын атап өтті.

«Қазақстан Республикасы әкімшілік-аумақтық құрылымының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 19 маусымдағы № 702 Жарлығы мен Оңтүстік Қазақстан облысының әкімшілік орталығы Шымкент қаласынан Түркістан қаласына көшіріліп,

Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан облысы болып қайта аталды. Облыс орталығының ауысуына байланысты «Облыстық жас туристер станциясы» өзінің қызметін Түркістан қаласында жалғастыруда.

Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасына қарасты «Облыстық жас туристер станциясы» КММ-ң мақсаты мен міндеттері:

Туризм және өлкетану бойынша үйірмешілерге сапалы қосымша білім мен тәрбие беру, іздеу-зерттеу жұмыстарын жүргізуді үйрету, шығармашылық қабілеттерін дамыту, үйірме сабақтарында үйірмешілердің туристік ептіліктері мен дағдыларын қалыптастыру, туған өлкеміз бойынша экскурсиялар мен экспедициялар ұйымдастыру арқылы оқушыларға өлкеміздің тарихы мен мәдени мұрасын оқып-үйрету, патриоттық сезімін қалыптастыру, мектеп музейі жұмыстарын, түрлі жорықтар мен экскурсияларды өткізуді қолға алу, балалардың жеке басының ой-өрісінің дамуына, денсаулығын нығайтуына, кәсіптік бағдарын айқындауына, олардың қабілеттерін жүзеге асыруға қажетті жағдайлар жасау.

Шығармашылық пен ұшқыр ой, тынымсыз ізденімпаздық, алыс жерлерді танып білуге деген қызығушылық, достық, туған жерге деген махаббат, Отанымыздың патриоты болу – біздің мақсатымыз бен ұстанымымыз.

Бүгінде мекемені шығармашыл да жаңашыл,

өз елінің нағыз патриоты, облысымызда балалар туризмінің дамуына зор үлесін қосып келе жатқан – Сауле Өмірсерікқызы Өмірбаева басқарады.

Жас саяхатшылар станциясы туристік-өлкетану қызметінде Түркістан облысының тарихын, мәдениетін кешенді оқып-үйрену мақсатымен археологиялық, тарихи және монументалді ескерткіштерге арналған 25 экскурсиялық бағыт, Батыс Тянь-Шань бойынша 20 туристік бағыттар әзірледі. Осы бағыттар бойынша ұйымдастырылған туристік іс-шараларға, экскурсияларға қатысқан оқушылардың саны жыл сайын артып келеді.

Балалардың жазғы демалысын тиімді жоспарлаудың бір түрі – далалық шатырлы лагерлер ұйымдастыру.

Далалық шатырлы лагерлер ұйымдастыру арқылы оқушылардың туристік-өлкетану және экскурсиялық, дене шынықтыру-сауықтыру қызметтерін, табиғатты қорғау және экологиялық жұмыстарын, балалар мен жасөспірімдердің бірлескен еңбегі мен демалысы үшін қажетті жағдайлар жасаудың зор мүмкіндігі бар.

Жазғы маусымда Төлеби ауданы, Біркөлік шатқалындағы «Робинзон» туристік шатырлы лагерінде жетім, жартылай жетім және әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасылардың балалары үшін ұйымдастырылған демалыс лагерінде үйірмешілер туристік ептіліктері мен



дағдыларын қалыптастырады және қосымша экологиялық білім мен тәрбие алады. Балалар көпшілік арасында өзін-өзі қалай ұстауды, өзгенің құқын құрметтеуді, түрлі қиындықтарды жеңе білуді үйренеді. Біркөлік шатқалының кербез сұлу табиғатына елітіп, құтты мекеннің саф ауасы мен мөлдір суын бойына сіңіре жұтқан балалар тазалық пен адалдыққа, әсемдік пен сұлулыққа іңкәр болып, балдәурен балалық шағының қызықты ұмытылмас шақтарын өткізіп қайтады.

Түркістан облысында балалар туризмінің дамуына орасан зор табиғи орта, климаттық, географиялық, тарихи мүмкіндіктер бар (тау, құз, жартас, шым, асу, үңгір, бастау, өзен, көл, шөл, тарихи-мәдени ескерткіштер мен киелі орындардың ең көп шоғырланған жерлері).

Жас саяхатшылар станциясы балалар мен жасөспірімдер туризмін дамытуға байланысты мынадай іс-шараларды ұйымдастырып, өткізеді:

1. Оқу-тақырыптық саяхаттар – «Ежелгі Отырар қаласына саяхат», «Ұлы Жібек жолы бойымен, Түркістан облысы бойынша саяхат» жасау.
2. Біркөлік, Сайрамсу, Қасқасу, Машат шатқалдарына сауықтыру жорықтарын өткізу.
3. Тянь-Шанның батыс, солтүстік, орталық бөліктерінің және Алтай, Памир тауларына бағыттар бойынша жаяу жүру жорықтары.
4. Альпинизм, тау және су туризмі элементтері негізіндегі әсерлі бағыттар.
5. Боралдай, Ақсу, Өгем, Сырдария өзендері

бойынша су туризмінің бағыттары.

6. Жас альпинистердің шыңды бағындыру жөнінде оқу-жаттығу жиындарының альпиниадасын өткізу.

7. Спорттық дәрежені орындауға арналған спорттық жарыстың альпиниадасын өткізу.

8. Оқушы жастардың туристік дайындығын байқау мақсатындағы оқу-жаттығу жорықтарының туриадасы.

9. Ғылыми-танымдық турлар және экспедициялар.

10. Далалық туристік лагерлер және өлкетану қызметі бағытында (тарих, этнография, экология, археология) туристік базаларын ұйымдастыру.

11. Түркістан облысы аумағында тұратын халықтардың тарихын және мәдениетін оқып-үйрену бойынша этнографиялық экспедициялар жасақтау.

12. Облыстағы экологиялық апатты аймақтарға кәсіптік рейдтер, зерттеу экспедицияларын ұйымдастыру.

13. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру, мұрағат ісі және оқушыларға экологиялық білім мен тәрбие беру бойынша ғылыми-тәжрибиелік конференциялар өткізу.

14. «Атамекен» өлкетанулық туризмге қатысушы жас өлкетанушылардың слёттары, фестивалдері, олимпиадалары, конкурстары, марафондары, көрмелері.

Жоғарыда аталған шолулық, оқу-тақырыптық және сауықтыру экскурсияларын қала мектеп-





теріндегі оқушылардың бос уақыты мен демалысын ұйымдастыру және денсаулығын нығайту мақсатында жас саяхатшылар станциясының экскурсия бөлімі ұйымдастырады.

Қазіргі кезде «Облыстық жас туристер станциясының» туристік-спорттық, туристік-өлкетану, туристік-экскурсия бағыттарында 1000-нан аса бала үйірме жұмыстарына қамтылған.

Өздеріңізге белгілі 2020 жылдың наурыз айынан бастап дүниежүзілік пандемия кезіндегі карантиндік шектеулерге байланысты мекеменің жоспарлаған іс-шаралары мен үйірмешілердің үйірме жұмыстары тоқтап, негізінен білім берудің жаңа жүйесі – онлайн оқыту тәртібімен қашықтықтан ұйымдастырылды. Туристік-спорттық, туристік-өлкетану және туристік-экскурсия бағыттарында «Облыстық жас туристер станциясы» кмм-сінде 2020-2021 оқу жылы бойынша 26 онлайн іс-шаралар өткізіліп, жалпы 1081 үйірмешіні қамтыды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» (директоры Р.П.Шер) ұйымдастырған қашықтықтан білім беру технологиялары арқылы педагогтердің біліктілігін арттыру курсына қатысқан 9 қызметкер, ZOOM қосымшасы арқылы білімін жетілдіріп, сертификатын алды. Әдістемелік орталық курстан өткен педагогтарға курстан кейінгі әдістемелік қолдау көрсету, олардың алған білімдерін, іскерлігін, дағдыларын практикада табысты қолданатын педагогтермен тәжірибе алмасу бойынша іс-шараларға: веби-

нарларға, конференцияларға қатысуды ұйымдастырып, нәтижелері аудандық, облыстық және республикалық деңгейлердегі бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануда.

Мекеменің жоспары бойынша оқушылардың жазғы демалыстарын тиімді ұйымдастыру мақсатында бөлімдердің қосымша білім беру педагогтары мен үйірмешілері жазғы сабақ кестесіне сәйкес түрлі іс-шараларға қатысты. Жазғы іс-шараларды ұйымдастырып өткізудің мақсаты: үйірмешілердің салауатты өмір салтын қалыптастыру, өскелең ұрпақтың денсаулығын сақтау және нығайту, үйірмеші назарын өлкені танып-білуге аудару, қызығушылығын арттыру. Балалардың жазғы сауықтыру демалысын тиімді және мазмұнды ұйымдастыру, патриоттық тәрбие беру, табиғат заңдылығын түсіне білуге тәрбиелеу, туристік тұрмысты дала жағдайында ұйымдастыруды үйрету.

Облыстық жас туристер станциясының 2021 жылғы өткізген жазғы іс-шаралары:

1. ҚРБЖҒМ РҚББОӨО-ның 2021 жылғы 2 маусымдағы №15-53/382 хатының негізінде «Жер біздің ортақ үйіміз!» республикалық байқауы 2021 жылдың 4 маусым - 30 шілде аралығында өткізілді. Байқауға адами әлеуетті дамыту басқармасының «Облыстық жас туристер станциясы» КММ-нің 2021 жылғы 15 маусымдағы №47 бұйрығына сәйкес педагогтар мен үйірмешілер қатыстырылды.

Оқушылардың экологиялық мәдениетін және табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру мақсатында өткен байқауда «Облыстық жас туристер станциясы» КММ-нің үйірмешілері Хайрулаева Жасмина (жетекшісі Сұлтанбеков Ә) «Жануарларды қорғау – менің міндетім» номинациясы бойынша I – дәрежелі дипломмен, Мадиджанов Азамат (жетекші Тұрмаханбетов Е) «Біз құстармен біргеміз» номинациясы бойынша II-дәрежелі дипломмен марапатталды. Барлық қатысушыларға ҚРБЖҒМ РҚББОӨО-ның «Алғыс хаты» табысталды.

2. Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасының 12.07.2021жылғы №200 бұйрығына және Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасының «Облыстық жас туристер станциясы» КММ-нің 2020-2021 оқу жылының жұмыс жоспарына сәйкес 2021 жылғы 15 шілде күні Төле би ауданы, Біркөлік шатқалында орналасқан туристік-спорттық лагерде «Түркістан облысы балалар мен жасөспірімдер туризмі мен өлкетануды дамытудағы тәжірибе мен жаңа-

шылдық» тақырыбында аудандық, қалалық жас туристер станцияларының мамандарымен облыстық семинар өткізілді.

Облыстық семинар «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Түркістан облысындағы балалар мен жасөспірімдер туризмін дамыту үшін, аудандардағы мүдделес мекемелермен бірлескен жұмыс атқару, экология бағытында жұмыстарды жандандыру, төтенше жағдай кезіндегі көрсетілетін құтқару жұмыстары бойынша іс-тәжірибемен алмасу, педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру мақсатында өткізілді.

Іс-шара барысында «Жер - біздің ортақ үйіміз!» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылып, қатысушылар өз ойларын ортаға салды. Төтенше жағдайлар басқармасымен жасалған меморандум негізінде тәжірибеден өткен мекеме қызметкерлері «Жас құтқарушы» шеберлігі сыныбын ұйымдастырды (масстер-класс). Бағдарламаға сәйкес іс-шараға қатысушылар Біркөлік шатқалына жорыққа шықты. Жорық кезінде қауіпсіздік ережелері түсіндіріліп, сақтық шараларының алғышарттары көрсетілді.

Мамандармен өткен облыстық семинар барысы туралы «Айғақ», «Түркістан» телеканалдарынан тікелей бейне түсірілімдер жүргізілді. Мына сілтеме арқылы кіруге болады:

<https://www.facebook.com/tourism.tourism.3382>,
<https://youtu.be/TOfjkzke9Dk>

3. Түркістан облысы адами әлеуметті дамыту

басқармасының Облыстық жас туристер станциясы КММ-ң үйірмешілері 2021 жылдың 25 мамырда өткен «Бүгінгінің батырлары - балалар көзімен» онлайн байқауына қатысты. Жас ұрпақ бойында Отанға деген сүйіспеншілігін арттыра отырып, азаматтыққа және патриоттық рухта тәрбиелеу мақсатында ұйымдастырылған іс-шараға белсенді қатысқан үйірмешілер мен жетекшілер мекеменің «Алғыс хатымен» марапатталды. Мына сілтеме арқылы кіруге болады:

<https://www.facebook.com/tourism.tourism.3382>

4. «1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне» орай Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасына қарасты «Облыстық жас туристер станциясы» КММ-сі Түркістан қаласындағы Ата-түрік атындағы №17 мектеп-гимназиясында «Қош келдің жаз!» тақырыбында туристік-спорт бағытымен үйірмешілер арасында жарыс өткізді. Мына сілтеме арқылы кіруге болады:

<https://www.facebook.com/tourism.tourism.3382>

5. 2021 жылғы 3 маусымда Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасының «Облыстық жас туристер станциясы» КММ-сі «1 маусым-Халықаралық балаларды қорғау күніне» орай үйірмешілер арасында «Өлкенің гүл жайнаған балғындары» атты онлайн-байқау ұйымдастырды. Байқауға 20 үйірмеші қатысты. 1,2,3 орын иегерлері сертификаттармен марапатталды. Мына сілтеме арқылы кіруге болады:



<https://www.facebook.com/tourism.tourism.3382>

6. Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасының «Облыстық жас туристер станциясы» КММ-сі. Бөлімдердегі үйірмешілердің туристік-спорттық, техникалық және тактикалық әдіс-тәсілдерді меңгеру, туристік-спорттық ептіліктері мен шеберліктерін арттыру мақсатында «4-маусым Мемлекеттік рәміздер күніне» орай «Жасанды кедергілер жолағынан өту әдіс - тәсілдері» тақырыбында туристік-спорттық тәжірибе алмасу сабағы өткізілді. Іс-шара 2021 жылдың 4 маусымында Түркістан қаласындағы «Балалар – жасөспірімдер туризмі, өлкетану және экология орталығы» КММ-нің базасындағы «Жасанды жартаста» (скаладром), барлық санитарлық талаптарды сақтай отырып өткізілді. Мына сілтеме арқылы кіруге болады:

<https://www.facebook.com/tourism.tourism.3382>

7. Түркістан облысы Адами әлеуетті дамыту басқармасының облыстық «Жас туристер станциясы» КММ-нің туристік-өлкетану бөлімінің ұйымдастыруымен, «4 маусым - Мемлекеттік рәміздер күніне» арналған «Мемлекеттік рәміздер – Тәуелсіздіктің символы» тақырыбында мәнерлеп оқудан офлайн байқауы болып өтті. Мына сілтеме арқылы кіруге болады: <https://www.facebook.com/tourism.tourism.3382>

8. 2021 жылдың 16 маусым күні Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасының «Облыстық жас туристер станциясы» КММ-і

қызметкерлері арасында өлкеміздің тарихын, мәдениетін және туристік объектілерді таныстыруда кәсіби біліктіліктерін арттыру мақсатында «Түрленген Түркістан» тақырыбы мен «гид-экскурсовод» сынағы ұйымдастырылып өткізілді. Мына сілтеме арқылы кіруге болады: <https://www.facebook.com/tourism.tourism.3382>

9. 2021 жылғы 17 маусымда Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасының «Облыстық жас туристер станциясы» КММ-нің үйірмешілері «5 маусым - Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күніне» орай ұйымдастырылған «Пластикалық ғажайыптар» атты онлайн-байқауға белсене қатысып, 1,2,3 орын иегерлері дипломдармен марапатталды. Мына сілтеме арқылы кіруге болады: <https://www.facebook.com/tourism.tourism.3382>

10. Серіктестік меморандумы

Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасына қарасты «Облыстық жас туристер станциясы» КММ-сі директоры Өмірбаева Сауле Өмірсерікқызы және Түркістан облысы Рухани жаңғыру жобалық кеңсесінің басшысы Сейдәзім Айдар Бастарбекұлы Елбасының Болашаққа бағдар: «Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында өткізілетін іс-шараларды бірлескен түрде өткізу, туристік-өлкетану жұмыстарын жандандыру, киелі жерлердің тарихын болашақ ұрпақтың санасына сіңіру, сондай-ақ тәжірибе мен ақпараттарды бөлісу, семинарлар



мен кездесулерді бірлесіп өткізу туралы Меморандумға қол қойды. Мына сілтеме арқылы кіруге болады: <https://www.facebook.com/tourism.tourism.3382>

11. Түркістан облысы Адами әлеуетті дамыту басқармасының «Облыстық жас туристер станциясы» КММ-нің директоры Өмірбаева Сауле Өмірсерікқызы «Қосымша білім беру арқылы балалар туризмін дамыту» тақырыбында баспасөз мәслихатын өткізді. Мына сілтеме арқылы кіруге болады: <https://www.facebook.com/tourism.tourism.3382>

12. 2021 жылдың 22 маусым күні Түркістан қаласындағы «Керуен сарай» туристік кешенінде орналасқан «Алтын Самұрық» ұшатын театр орталығына «Облыстық жас туристер станциясы» КММ-нің қызметкерлері 8Д форматта әсерлі саяхат жасады. Мына сілтеме арқылы кіруге болады:

<https://www.facebook.com/tourism.tourism.3382>

13. 25 маусым күні, «Түркістан» телеарнасы мекеме қызметкерлерімен Төлеби ауданы, Біркөлік шатқалында орналасқан туристік лагерде арнайы репортаж түсірді. Түсірілім мақсаты: мекеменің қызметімен танысу және соңғы кездегі болып жатқан туристердің жоғалу себептерін, қарапайым адамдардың тауға шығарда қандай ережелерді білу керектігі жөнінде мамандар кеңесі мен тәжірибелік сабақтарын (масстер класс) көрсету. Мына сілтеме арқылы кіруге болады: <https://youtu.be/TOfjkzke9Dk>

14. Түркістан облысы Төтенше жағдайлар басқармасымен серіктестік меморандумы негізінде «Облыстық жас туристер станциясы» КММ-де «Жас құтқарушы» үйірмесінің қызметін жандандыру және үйлестіру мақсатында Түркістан облысы Ордабасы ауданы Темірлан ауылында орналасқан «Түркістан облысы ТЖД «ОСЖАҚЖҚ»» ММ-нің жедел-құтқару жасағы қызметкерлері мен тәжірибе алмасуға және дайындықтан өтуге мекеме қызметкерлері жіберілді. Мына сілтеме арқылы кіруге болады: <https://youtu.be/TOfjkzke9Dk>

Бүгінде «Батыс Қазақстан облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі және экологиялық орталығы» туристік-өлкетану, экологиялық туризм, спорттық бағдарлау, спорт және денешынықтыру бағыттары бойынша қосымша білім беру бағдарламаларын жүзеге асырады. Орталықта балаларға туристік-өлкетану қызметі арқылы үздіксіз білім мен тәрбие берудің толыққанды жүйесі құрылған. Ресей федерациясы және

басқа да шетелдердің балалар ұйымдарымен халықаралық конференциялар мен іс-шаралар өткізуде мол тәжірибе жинақталып, халықаралық байланыстар қалыптасқан.

Облыстағы балалар-жасөспірімдер туризмін дамытуға елеулі үлес қосқан А.Остапец - Свешников атындағы Халықаралық балалар-жасөспірімдер туризмі және өлкетану академиясының академигі, халықаралық «Балалар - жасөспірімдер және өлкетану академиясының» еліміздегі филиалының төрағасы болған Виктор Фоминнің орталыққа сіңірген еңбегін ерекше атап өтуге болады.

Орталықта қосымша білім мен тәрбие беру саласындағы оқырмандарының сүйікті басылымына айналған «Соқпақ-Тропинка» ғылыми әдістемелік журналы жүйелі түрде шығарылып тұрады. Түркістан облысы «Облыстық жас туристер станциясының» педагогикалық ұжымы алдағы уақытта орталықпен үнемі шығармашылық байланыс орнатуды өзіне мақсат етеді.

Қорыта айтқанда, жас ұрпақты өкінбейтіндей етіп, қателіксіз, уайым-қайғысыз, зорлық-зомбылықсыз өмір сүруге, өмірлері қуаныш пен шаттыққа толы болуға үйрету – біздің қасиетті парызымыз. Нағыз ұстаз бейнесін Әбу Насыр Әл-Фараби сөзімен түйіндесек: «Ұстаздық мінез-құлық нормасы мынадай болуға тиіс: ол тым қатал да болмауға тиіс: тым ырыққа да жығыла бермеуі керек, өйткені тым қаталдық шәкіртті өзінің ұстазына қарсы қояды, ал тым ырыққа көне беру ұстаздың қадірін кетіреді, оның берген сабағы мен оның ғылымына шәкірті селқос қарайтын болады. Ұстаз тарапынан барынша ынталылық пен табандылық қажет. Өйткені бұлар жұрт айтқандай тамшысымен тас төсетін бейне бір су тәрізді».

Осындай ұстазға тән мінез-құлық ізгілікпен ұштасып, бала жүрегінің төрінен орын алған жағдайда жас ұрпақтың рухани бай, адамгершілігі мол, жан-жақты үйлесімді дамыған, елін сүйер абзал азамат болары сөзсіз.

Киелі Түркістан топырағы – арғысы А.Иассауи бабамыздан бастап, талай хандарымыз бен би-сұлтандарымыздың, батырларымыздың табаны тиген киелі мекен. Бүгінде рухани Астана әрі Түркістан облысының жаңа орталығына айналған Түркістан қаласында тарихи-мәдени туризмнің дамуына, оның ішінде балалар туризмін дамытуға үлес қосу баршамыздың басты міндетіміз болып табылады.



Өлкенді таны жас буын!

*«Дүниеде туган еліңнен артық ел де,
жер де жоқ»*

Ғ. Мүсірепов



Бейсенбаева Г. С.

Адами элеуетті дамыту басқармасы
«Облыстық жас туристер станциясының»
туристік-өлкетану бөлімінің меңгерушісі
Түркістан қ., Түркістан обл.

Аннотация.

В статье рассказывается о работе, целях и задачах Туркестанской областной станции юных туристов в сфере туризма и краеведения. Статья предназначена для ознакомления детей и подростков с туристической и краеведческой деятельностью.

Аңдатпа.

Мақалада Түркістан облыстық жас туристер станциясының «туристік-өлкетану» бағытындағы атқарылған жұмыстары мен алға қойылған мақсаттары беріледі. Мақала балалар мен жасөспірімдердің туристік-өлкетану бағытымен танысуға арналған.

«Өлкені тану» оқушылардың патриоттық сезімдерін оятады. Елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласын іске асыру аясында, өскелең жас ұрпаққа туып-өскен жерінің тарихын біліп, қастерлеуге, ата-бабамыздың салып кеткен сара жолын ары қарай дамытуда, рухы мықты, өз елінің патриот ұрпағын тәрбиелеу. Оқушыларға қосымша білім беруде қосымша «Жас Фарабитанушы», «Жас Абайтанушы», «Жас археолог» үйірмелерін ашып, үйірме жұмыстарын тереңдете отырып, өскелең ұрпақтың патриоттық сезімдерін оятып, туған жерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру, басты мақсатқа айналып отыр.

«Туған жер» деген кезде әрбір азаматтың, әрбір адамның жүрегіне тулаған шабыт пен сезім ұялайтыны анық. Себебі, адам – өзінің туған жерінің төлі. Сол даланың, сол жердің, сол мекеннің меншігі. Туған жерге деген сезім мен махаббаттың өлшемі шектеулі болмайды. Ол шексіз. Осы бір ерекше шексіз патриоттық сезімді әрбір азамат пен жастардың бойына етене сіңіріп, қандарына дарыту үшін, сөздің ұғымын кең мағынасында түсіну үшін, Елба-

сы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында орындалу керек міндеттердің ішіне «Туған жер» бағдарламасын ұсынды. Осы бағдарлама аясында мекемеміздің атқарып жатқан жұмыстары баршылық.

Туристік-спорттық, туристік-өлкетану және туристік-экскурсия бағыттарында ағымдағы оқу жылында 26 онлайн іс-шаралар өткізіліп, жалпы 1081 үйірмеші қамтылды.

Республикалық қосымша білім беру және әдістемелік орталығының іс-шараларына үйірмешілер қатыстырылып, сертификатталды.

«Туған өлкеңе туынды тік!» өлкемізге еңбегі сіңген ұлы тұлғалар есімін дәріптеу мақсатында Ұлы Абайдың 175 жылдығына орай «Ұлы халықтың – Ұлы Абайы», «Туған жер - Алтын бесік», «Түркістан облысының танымал жазушы-ақындары, ғалымдары, жиһангерлері өмірінен», «Ұлы тұлғалар», «Таным», «Тағылым» айдарлары бойынша өткізілген кездесулер, дөңгелек үстелдер, семинарлар болды. «Қашықтықтан оқыту» тәртібімен Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында Әбу Насыр Әл-Фарабидің 1150 жылдығына орай «Шығыстың ұлы ұстазы» ат-

ты онлайн байқауы ұйымдастырылып өткізілді. Байқауға 21 жетекші, 76 үйірмеші қатыстырылды.

Қашықтықтан қосымша білім мен тәрбие беру арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру, оқу үрдісіне қазіргі заманға оқу-әдістемелік және дидактикалық материалдарды, қашықтықтан оқытудың жүйелерін бағдарламалық қамтамасыз етуді енгізу, бейне сабақтың техникалық сапасын жақсарту, қосымша білім беру педагогтарының үздік бейне сабақтарын жинақтау мақсатында «Үздік бейне сабақ» атты қосымша білім беру педагогтарының арасында онлайн конкурс болды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мен Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен «Менің Отаным – Қазақстан» туристік экспедициялық жасақтардың республикалық слеті қашықтық форматында өткізілді. Слетқа Облыстық жас туристер станциясы КММ-нің 8 үйірмешісі қатыстырылып, сертификатқа ие болды.

Туристік-өлкетану бағытындағы тәжірибелерді әдістемелік нұсқаулыққа ұсыну, қосымша білім берудегі оқу тәрбие, үрдіс ұйымдастырудың әдіс-тәсілдері, білім саласындағы туристік өлкетанудың үздіксіз жүйесін ұйымдастыруды насихаттау мақсатында қосымша білім беру ұйымдарындағы оқушылардың туристік-өлкетану қызметін ұйымдастыру бағытындағы «Үздік әдістемелік нұсқаулық» онлайн байқауы өткізілді.

VI Республикалық «Гүлдене бер-Қазақстан!» атты туристік-өлкетану-экологиялық зерттеу жұмыстарының байқауына қатысқан 24 жетекші мен 72 үйірмешілердің іздестіру-зерттеу жұмыстары қашықтық форматында іріктеліп, өткізілді.

«Түркістан-таланттары», «Түркістан-тумалары», «Түркістан-тұлғалары» айдарлары бойынша Түркістан қаласында туып-өскен талантты адамдар, тұлғалар туралы ақпарат жину және тарату, Түркі әлемінің рухани астанасы-Түркістанның дамуы мен мәдениетіне үлес қосқандар, қызметкерлердің зерттеушілік, шығармашылық, коммуникативті қасиеттерін дамыту, қазіргі заманның белсенді, ерекше тұлғаларын, жаңашылдарын анықтау мақсатында Түркістан облыстық Рухани жаңғыру жобалық кеңсесінің басшысы Айдар Бастарбекұлы Сейәзім мырзамен кездесу болып өтті. Елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының орындалу барысымен, алдағы жоспарларымен бөлісті. Мекеме қызметкерлері мен үйірмешілердің қойған сұрақтарына жан-жақты жауап берді. Кездесу соңында болашақта балалар туризмін дамытуға, оның ішінде өлкеміздің киелі жерлерін саяхаттау, біріккен іс-шаралар ұйымдастыру мақсатында Меморандумға отыруға ұсынысын білдіріп, келісім-шартқа қол қойылды.

«Бүгінгінің батырлары - балалар көзімен» тақырыбында онлайн байқауы пандемия кезеңінде елге көмегі тиген, қиын қыстау кезеңдерде адамдарға көмек көрсеткен дәрігерлер мен қарапайым адамдардың еңбегін дәріптеу мақсатында өткізілді.

Түркістан телеарнасы мекемеміздің қызметкерлерімен Төлеби ауданы, Біркөлік шатқалында орналасқан туристік лагерде арнайы репортаж түсірді. Түсірілім мақсаты: мекеменің қызметімен танысу және соңғы кездегі болып жатқан туристердің жоғалу себептерін, қарапайым адамдардың тауға шығарда қандай ережелерді



білу керектігі жөнінде мамандармен шеберлік сағаттарын көрсету болды.

Қазіргі таңдағы оқу процесінде қолданылатын кез келген оқыту технологиясы өскелең ұрпақ бойында ұлттық рухты қалыптастыруға бағытталуы тиіс деп ойлаймын. Ұлттық рух – халықтың өзін-өзі танумен айқындалатын, өскелең ұрпақтың арман – мұраттарымен сипатталатын, елдің тұтастық идеясымен негізделетін өміршеңдік күш-қуаты. Қай халықтың болсын бойында өз табиғатына тән өзге де қайталанбас қасиеттері, мінезі, тілі болуы ұлттық рухпен тікелей байланысты. Сондықтан да ұлттық рухты қалыптастырудың негізі өлке тарихын танудан, оқып білуден басталатынына еш күмән жоқ. «Жалпақ жұртыңды, Алашыңды құрметтеу алдымен өзің тұрған өлкенің тарихын, табиғатын таниудан, адамдарын ардақтаудан басталады», – деп Елбасы айтқандай, әркім өзінің туып өскен мекенінің тарихын, жер-су аттарын, олардың аталу себептерін, сол топырақта дүниеге келген батырлардың ерліктерін, ұлы адамдардың өмір жолын біліп өссе, туған жерге деген жанашырлықтары да жастайынан қалыптасады.

Алтын Орданың 750 жылдығына орай «Алтын Орда дәуіріндегі Қазақстан» тақырыбында өлкетану қызметі бойынша өлкеміздегі орналасқан тарихи-мәдени ескерткіштер және табиғат орындарымен таныстыру, еңбекқорлыққа, адалдыққа баулу. Білімге деген құштарлығын арттыру. Мәдениетіміз бен табиғатымызға, адамгершілікке тәрбиелеу. Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі. Бұл кез келген халықты әшейін біріге салған қауым емес, шын мәніндегі ұлт ететін мәдени-генетикалық кодының негізі. Патриотизмнің ең жақсы үлгісі орта мектепте туған жердің тарихын оқудан көрініс тапса игі.

Қоршаған ортаның сапасын жақсартатын практикалық істерді іске асыру арқылы, білім алушылардың экологиялық бағдарланған-мінез құлқын қалыптастыру, оқушылардың назарын Қазақстан өңірлеріндегі экологиялық проблемаларға айналдыру, шығармашылық және экологиялық білім беруді дамыту мақсатында «DARYN ECOART» сурет және көркем қолөнер республикалық экологиялық конкурсы ұйымдастырылып өткізілді. Іс-шараға аудан, қаладан 30 жетекші, 100 үйірмеші қатыстырылды.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің іргелі еңбегінің «Таяу жылдардағы міндеттер» тарауында «Туған жер»

бағдарламасын қолға алуды ұсынады. Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі. Бұл кез келген халықты әшейін біріге салған қауым емес, шын мәніндегі ұлт ететін мәдени-генетикалық кодының негізі. Қосымша білім беруде осы қағидаттарды басты мақсатқа ала отырып жұмыс жасау керекпіз.

Өлке тарихы – ол біздің ата-бабаларымыздың ұзақ жылғы еңбегі мен маңдай терінің жемісі. Өлке тарихын зерттеу отан тарихының мазмұнын байытады, тарихи санамызды қалыптастырады. Ғылыми жоба жұмысын өлке тарихынан ала отырып алдыма мынадай мақсат қойдым: өлкетану материалдарын оқыту арқылы оқушылардың бойына елдің тарихын оқып меңгерген тарихи сананы қалыптастыру, өлке тарихы туралы материалдарды жинақтай отырып, оны ғылыми тұрғыда зерттеп, шығармашылықпен қолдана білу іскерліктерін дамыту, мемлекетімізді іргелі ел етіп, айбынын асқақтатудың және оны әлемге паш етудің бірден-бір жолы өлке тарихын зерттеп, ата-бабаларымыздың ерлік істерін үлгі етіп отыру екендігін түсіндіру.

Қорыта келе, алдағы уақытта оқушыларға туған өлке тарихы бойынша белгілі бір ғылыми принциптерге негізделген нақты білім бере отырып, оқу-тәрбиелік міндеттермен қатар тарихи өлкетану қоғам мүддесіндегі міндеттерді де шешу өз кезегінде, оқушылардың бойында қоғамдық пайдалы істерге деген дағдыларды қалыптастырып, сонымен бірге, оларды тарихи жәдігерлерді қорғауға ынталандыру басты мақсатымыз.

Оқушы белгілі бір ғылыми принциптерге негізделген тарихи өлкетану бойынша негізгі тақырыптық мәселелерді білуі, сол сияқты, өлкенің тарих және мәдени ескерткіштерін өз бетімен ғылыми зерттеу тұрғысынан тану жұмыстары дағдыларын меңгеру. Географиялық ортадағы орындарын белгілей білу, ауданның белгілі бір бөлігінің қоныстану тарихы туралы, сол ауданның топонимикасы туралы түсініктерді меңгеру, жекелеген аудан немесе облысқа сипат дарытатын ерекшеліктерді ажыратып, айқындай білу әдістемесін меңгеріп практикалық жұмыс барысында қолдана білу осылардың барлығы оқушылар өлкетану бойынша білімін құрайды.

Сондықтан да ата-бабаларымыз табыс етіп қалдырған киелі жерімізбен сәулет салттарымызды жас ұрпақ бойына сіңіру елдігіміз деп білемін.



«Ұлы Жібек жолы» оқу-танымдық экскурсиясы



Омарбекова Г.А.

Адами әлеуетті дамыту басқармасы
«Облыстық жас туристер станциясы»,
«Туристік-экскурсия» бөлімінің меңгерушісі,
Түркістан қ., Түркістан облысы

Андатпа.

Мектеп оқушыларының танымдық тәрбиесіне әсер етудің бірден - бір жолы - туристік экскурсиялық іс - шаралар. Тарихты, мәдени мұраны зерттеу арқылы Отанға және оның байлығына деген сүйіспеншілік сезімін арттырады, сонымен қатар патриоттық қасиеттерді қалыптастыруға ықпал етеді.

Аннотация.

Единственный путь воздействия на познавательное воспитание школьников-это туристское экскурсионная деятельность. Она повышает чувство любви к родной земле и ее богатства через изучение истории, культурного наследия, а также способствует формированию патриотических качеств.

Кілт сөздері: Ұлы Жібек жолы, экскурсиялық бағыт, тарихи ескерткіштер, киелі жерлер.

Туристік-экскурсиялық қызмет – оқушыларға танымдық тәрбие берудің бірден-бір ықпалды жолы. Ол туған жерге деген сүйіспеншілік сезімдерін арттырып, ел мен жер байлығын, тарихын, мәдени мұраларын оқып-үйреніп, патриоттық қасиеттерін қалыптастыруға ықпал етеді. Тарихи ескерткіштерге, мәдениетке және табиғатқа ұқыпты қарауды қалыптастыру, балалар мен жасөспірімдердің мәдени ой-өрісін кеңейту, оларды Отанын, туған өлкесін сүйетін елінің патриоты етіп тәрбиелеуде экскурсия маңызды рөл атқарады.

«Түркістанда Түмен баб, Сайрамда бар сансыз баб, Отырарда отыз баб» демекші, Түркістан облысында киелі орындар көптеп кездеседі. Оларға ниеттеніп келушілердің саны кеміген емес. Өз дертіне дауа іздеуші халық, киелі орындарға ағылып жатады. Біз сол орындардың 5-ін іріктеп алдық.

Бағыты: «Ұлы Жібек жолы» бойында орналасқан тарихи – мәдени нысандар және табиғат орындарымен таныстыру. Түркістан қаласы - Шәуілдір селосы, Көне Отырар қалашығы, Арыстанбаб кесенесі-Ордабасы тауы-Бәйдібек ау-

даны, Домалақ ана кесенесі – Ежелгі Сауран қалашығы.

Экскурсияның ұзақтығы – 3 күн.

Экскурсияның ара-қашықтығы – 300 шақырым.

Үйірмешілер оқу-танымдық экскурсия бағдарламасы бойынша I күні Бәйдібек ауданының территориясында орналасқан «Домалақ ана» кесенесімен, Ақмешіт үңгірімен танысты. Кесене туралы, оның өткен тарихымен танысып, Домалақ ана, Ақмешіт үңгірі туралы мәлімет алды, олардың орналасқан жері, географиялық орны, климаты туралы мәлімет алды. Бәйдібек ауданы үшін ғана емес бүкіл Қазақстан Республикасы үшін маңызды орындар қатарына енген тарихи-мәдени ескерткіштер, олардың ерекшелігі, кесене, үңгір туралы ел аузында айтылып, бүгінгі күнге жеткен әңгімелер желісінде аңыз – әңгімелермен танысты.

Домалақ ана, Шайхы Мизамбекқызы Нұрилла (1378, Түркістан - 28.05.1456, қазіргі Бәйдібек ауданы аумағы, Балабөген өзені) – есімі ел ұранына айналған абыз аналардың бірі. 6 – 7 ғасырлар тоғысында өмір сүрген. Бәйдібек бидің үшінші әйелі, Албан, Суан, Дулаттың анасы.

Түркістандық Мақтым Ағзам қожаның немересі. Атасы Мақтым Ағзамның өсиетімен Домалақ ана он тоғыз жасында (1397) Бәйдібек биге тұрмысқа шығады.

Домалақ ананың қадір-қасиеті ерте-ақ танылған. Ел аузында ол кісі жөнінде аңыз-әңгіме көп. Солардың бірі мынадай: «Бәйдібек заманында жайлауында үйір-үйір жылқысы, келе-келе түйесі, отар-отар қойы өрген, шығыс пен батысқа керуендер жүргізген асқан бай адам болған. Бірде Алатау асып келген қалың жау Қаратау жонын жайлап отырған Бәйдібектің ауылын шауып, сан мың жылқысын түре айдап кетеді. Бәйдібек бастаған ел азаматтары ауылда болмаса керек. Содан жау шапты деген хабарды естіп, Бәйдібек елден жасақ жиып, қасына үлкен әйелі Сары бәйбішеден туған алты ұлын алып, жауға аттанғалы жатқанда Нұрилә: «Бай-еке, малдың құты, жылқының иесі құла айғыр қолда қалды. Амандық болса, алты күннен кейін жылқы жауға қайыру бермей өзі ауылға келеді. Жауды қума, азаматтар аман болсын, осы тілегімді беріңіз» – деп өз отауының белдеуінде матамен байлаулы тұрған, жүген-құрық тимеген шу асау айғырды көрсетіпті. Бірақ жауға кектенген батыр әйелінің тілін алмай, жасағын бастап жүріп кетіпті. Бәйдібек жасағы жауға Күйік асуында жетіп, қырғын ұрыс салыпты. Алайда жасанып келген жау аттанға ілесіп атқа қонған аз жасаққа теңдік бермепті. Осы соғыста қаза тапқан алты ұлын Үшқарасай жазығына жерлеп, кері қайтыпты. Арада алты күн өткенде байлаулы тұрған құла айғыр жер күңіреніп дүлей күшпен кісінеді дейді. Сол күні кеш шамасында шығыстан қалың шаң көтеріліп, ұзамай Бәйдібектің қалың жылқысы көрінеді. Ереуілдеп барып, кері қайтара алмаған жылқыны Домалақ ана осылайша үйде отырып-ақ түгел қайтарып алса керек. Мұндай әңгімелер көп-ақ.

Ақмешіт әулие үңгірі – Түркістан облысы Бәйдібек ауданында орналасқан. Әктасты жыныстар қабатында пайда болған ойық жарқабақүңгір. Ұзындығы 254, ені 65, биіктігі 25 м. Жар қабақ саңылауларынан мезгіл-мезгіл су тамып тұрады. Ішінен қарағанда ернеуі киіз үйдің шаңырағы секілді көрінеді. Ел арасында бір кездері онда бір әулие әулетімен киіз үй тігіп, саты мен шығып-түсіп жүргендеген де аңыз айтылады. Үңгірге перзент көрмеген кейбір ерлі-зайыптылар, ауру адамдар әлі күнге дейін түнеп, мінәжат етеді.

Ақмешіт үңгірі туралы аңыз-әңгімелер өте көп. Солардың бірі – Есіркеп Қойгелді батырға қатысты айтылған аңыз. Батыр қалмаққа қарсы жорыққа шығарда кенеттен нөсер жауып кетеді.

Он мыңнан астам сарбаз пана іздеп, осы үңгірге түседі де, таңғы намазға жығылыпты. Атауы жоқ үңгірді жауынгерлердің бірі батырдың есімімен атауға ұсыныс тастайды. Алайда Есіркеп Қойгелді батыр бұл ұсынысқа үзілді-кесілді қарсылық танытады.



Экскурсияның II күні қатысушылар көне Отырар өңіріне келіп, «Руханият» музейін тамашалап, Отырар өлкесінің географиясымен, тарихымен, флора, фаунасымен, бүгінгі Отырар ауданының тынысымен танысты. Көне Отырар қалашығының орнына саяхат жасап, Көне Отырар қалашығының орны, оның тарихымен, бүгінгі күні мемлекет тарапынан қорғауға алынып, жөндеу жүргізіліп жатқаны, төбе аумағындағы өзге төбелер, олардың атаулары туралы көп мәлімет алды. Отырар өңірінің атақты «Арыстанбаб» кесенесін аралап, Арыстанбаб кітапханасын тамашалап, сол жердің шырақшысынан Арыстанбаб кім, бұл өңірге қалай келгені, ол кісі қай дінді насихаттағаны, Қожа Ахмет Ясауиймен байланысы туралы құнды мәліметтер білді.

II күннің 2 жартысында оқу танымдық экскурсия қатысушылары күллі түркі еліне екінші Мекке аталған - Түркістан қаласына келді. 2018 жылдың 19 маусымынан Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен ресми облыс орталығына айналған қала бойынша кешкі серуен жасалды. Серуен барысында Орталық алаң, оның Есімхан атымен аталатынын жайын-

да, ол кісінің кім болғанын, Есімханның ескі жолы тіркесінің қалай шыққанын туралы мағлұмат берілді.

Экскурсия қатысушылары Қожа Ахмет Яссауи тарихи-мәдени қорығымен танысты. Сәулет өнерінің төл туындысын облысымызға ерте заманда кім салдырғаны, құрылыс қалай, құрылысшылар қай өңірлерден келгені, ерекшелігі туралы білді. Мәдени қорық аумағында жерленген белгілі тұлғалар, олардың өмір жолы, Қазақ елі үшін атқарған істері туралы, қылуы, ол не, оны кім, қандай мақсатта салдырылғаны туралы мәліметтермен танысты.

Оқу-танымдық экскурсияның III күнінде үйірмешілер Түркістанның солтүстік-батыс жағындағы 45 шақырым жерде орналасқан орта ғасырдағы қалалардың бірі - Сауран қалашығымен танысты. Қала бүгінде аспан астындағы мұражай ретінде, мемлекет қарауына алынғаны, жөндеу, қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп жатқанын өз көздерімен көрді. Қала орта ғасырларда пайда болса да сол кезде қалада көріз жүйесі, суландыру жүйесінің болғаны, сол кезде де адам өміріне қажетті жағдайды жасай алғаны, ғылым адаммен бірге дамып бүгінде шарықтау шегіне жеткені туралы да өз ойларын ортаға салды.

Өз заманында қала Әмір Темірдің әскери дайындық жасауына арналған орын болғаны, сауда орталығы болғанын білді. Басында Отырар билеушісі Сауран қаласын шекара бекеті етіп, оғыздар мен қыпшақтардан қорғану мақсатын-

да салынғаны, қала ішінде шайқалып тұратын мұнарасы бар болғанын, қала туралы алғашқы деректер X ғасырға тәуелді екенін, қаланы қоршаған қорған үстімен ат арбасымен шауып өткенде ат еркін қозғала алғанын, оны бүгінгі қала орнынан анық байқауға болатыны айтылды.

Жетістігі: оқу-танымдық экскурсиясы Отырар өңірі, Көне Отырар қалашығының орны, құдық, сынған қыш заттардың сынықтарын қолмен ұстап көруге, оның тарихын, Отырар қалашығында болған үлкен кітапхана жайында, Шыңғысханның шабуылы туралы, достық пен сатқындық туралы да өз ойларын ортаға салуға мүмкіндік берді. Оның құрылған жылы, тарихы, географиясы, ауданнан шыққан атақты кісілер туралы, экономикасы, аудан орталығы, оның бүгінгі тыныс-тіршілігі туралы мәлімет алды. Тек тарих оқулығынан, мектеп бағдарламасы бойынша кітаптан оқыған мәліметтерін шынайы өмірде қосымша білім беру ұйымының ұйымдастырған оқу-танымдық экскурсиясы арқылы білді.

Көне тарихқа толы Түркістан қаласының тарихымен, Қожа Ахмет Ясауий кесенесінің тарихымен, бүгінде облыс орталығына айналған қаланың өмірімен танысты. Көне қорған мен сәулет өнерінің туындысын көріп өздерін көне заманға барып келгендей сезімде болуына, тақтатасқа жазылған Қ.А.Ясауийдің хикметтерін оқып, Қ.А.Ясауийдің ғұламалығына тәнті болды. Көне Сауран қаласының орнымен танысты.





Жеке тұлғаны қалыптастырудағы өлкетану қызметінің ерекшелігі



Умбеталиева Ж.М.

Адами әлеуетті дамыту басқармасы
«Облыстық жас туристер станциясы»,
Туристік-өлкетану бөлімінің әдіскері,
Түркістан қ., Түркістан обл.

Аннотация.

В статье описывается о совершенствовании туристско-краеведческой деятельности и детско-юношеского туризма в системе дополнительного образования через экскурсионную деятельность.

Андапта.

Мақалада туристік-өлкетану қызметінің ерекшеліктері мен өлкетану іс-шаралары, мектеп оқушыларына қосымша білім беру жүйесіндегі экскурсиялар арқылы жасөспірімдер туризмін жетілдіру сипатталған.

Кілт сөздері: өлкетану жұмысы, туған жер, туған өлке, оқу тәрбие процесі, өлкетанулық-экскурсия, табиғатты зерттеу.

Қазіргі кездегі мектептердің тәрбие процесіне «Рухани жаңғыру» бағдарламасының міндеттері контекстінде өлкетану компонентінің инновациялық моделі, білім алушылардың рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбиесінің формалары мен тәсілдері, балалардың әлеуметтік маңызды бастамалары белсенді енгізілуде, мектептің, ата-аналар қауымдастығының, әлеуметтік әріптестердің, есіресе түрлі балалар қоғамдарының, қоғамдық формалды емес бірлестіктерінің қазіргі заманғы әдістерін іздеу және күшін шоғырландыру жүзеге асырылады.

Бұл жолда қосымша білім беру ұйымдарындағы туристік-өлкетану бағытында ұйымдастырылған үйірме жұмыстарының да маңызы зор.

Туристік-өлкетану іс-әрекеттері адамның қоршаған ортаға деген түрлі сезімдерін білдіре алады. Туристік-өлкетану нысандарында, мазмұны жалпылама мәдени мұра бейнелерін құрайтын, әртүрлі оқиға, құбылыстарға белгілі бір сезімді білдіру арқылы көрсетіледі. Туристік-өлкетану іс-әрекетінің бұл ерекшелігі біріншіден патриоттық тәрбиенің мазмұнын анықтайды.

Туристік-өлкетану іс-әрекеттерінің адамға белгілі бір мақсатта әсер ету ерекшелігі ең алдымен, адамгершілік сезімдерін дамытады және

тәрбиелейді, адамның барлық психологиясын белсендіреді, қоғамдық мәні бар құндылықтарға бағыттайды, сондай-ақ, оның еркін әрекеттегі дайындығын арттырады. Демек, туристік-өлкетану іс-әрекеттері патриоттық тәрбие беру процесінде екі салада қарастырылады.

Бірінші жағдайда, ол тәрбиенің пәні ретінде қызмет атқарады, оның мазмұны болып заттар, адамдардың іс-әрекеттері саналады.

Екінші жағдайда, туристік-өлкетану тәрбиенің құралы болып табылады, осы мәдени-рухани құндылықтарды терең эмоционалдық түрде қабылдауға мүмкіндік береді.

Бір ескеретін жағдай, патриоттық тәрбие беру процесінде оқушылардың жай қызығушылығын қалыптастырумен шектелуге болмайды Олардың жаңа білім алу процесін жандандырып және түрлендіруге қабілетті танымдық қызығушылығын қалыптастыру қажет.

Оқушыларды тәрбиелеудің жалпы жүйесінде туристік-өлкетану іс-әрекеттері оларды қазақтандық патриотизмге тәрбиелеуге негіз болумен қатар, оқушылардың туған өлкесінің патриоттық мазмұндағы өлкетану нысандары арқылы өзінің Отанына, туған еліне, адал қызмет етуге, мәдени мұраларды сақтап ұлттық, жалпы адамзаттық

құндылықтар ретінде қастерлеп құрметтей білуге, оларды келешек ұрпаққа жеткізе білуге үйретеді.

Туристтік-өлкетану процесі дүниетанымдық көз-қарасты қалыптастырудың ықпалды құралы ретінде, оқушылардың адамгершілік қасиеттерін, моральдық интеллектуальдық ортасын, олардың тұлғалық сезімдерін байытады. Өз елінің қазақстандық патриотизмін қалыптастыру мазмұндағы рухани-мәдени мұраларын көріп, танып білу оқушыларға патриоттық тәрбие берудің құрамдас бір бөлігіне айналады. Оны туристік-өлкетану процесінің мүмкіндіктері де дәлелдейді.

Туристтік-өлкетану қызметі оқушыларға қосымша білім беруде өлкетанулық, экскурсиялық, жұмыстар мен балалар-жасөспірімдер туризмін жетілдіруге бағытталған. Негізгі бағыт туған өлкеміздің тарихи-мәдени мұрасы мен өткені және қазіргі тарихын экономикасы мен әлеуметтік жағдайын, мәдениетін зерттеу, халқымыздың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпы туралы қосымша білім мен тәрбие беру.

Оқушылардың туристік-өлкетану қызметі олардың тұлғасын қалыптастыруда кешенді әсер етудің тиімді құралдарының бірі болып табылады. Онда педагогикалық процесс дұрыс құрылған жағдайда тұлғаны тәрбиелеудің барлық негізгі: адамгершілік, еңбек, эстетикалық, дене тәрбиесін ықпалдастыру арқылы оқушылардың дүниетанымы елеулі түрде кеңейеді – ақыл-ойы қарқынды дамиды.

Туристтік-өлкетану қызметінің ерекшелігі оқушылардың оларды қоршаған ортамен және әлеуметтік ортамен расында, өмірде тікелей «бетпе-бет» келуі болып табылады. Өлкетану бағытындағы жұмыстарды тиімді ұйымдастыру арқылы экологиялық білім мен тәрбие берудің маңыздылығы арта түседі. Өйткені осы бағытта ұйымдастырылатын жұмыстардың басым бөлігі табиғат аясы мен қоршаған ортаны тануға арналады. Өлкетану жұмыстарын ұйымдастыруда тиімді

заманауи технологияларды пайдалану қажет.

Қорыта айтқанда, оқушыларға патриоттық тәрбие беру арқылы, өз халқының тарихи – мәдени мұрасын танып білу, салауатты өмір салтын насихаттау туристік-өлкетану, экологиялық қызметінің басты мақсаты болып табылады. Туристтік-өлкетанулық қызмет оқушыларды туған жерін, туған халқын сүйге тәрбиелеу, жеке тұлға ретінде өзінің кәсіби бағдарын анықтап, болашақта жақсы маман болуына өз үлесін тигізеді. Сонымен бірге туристік-өлкетану жұмыстары оқушының табиғатқа, Отанға деген сүйіспеншілігін арттырып қана қоймай, келешекте мамандық таңдауына көмектесуге, ғылыми және техникалық прогресс жетістіктерін меңгеріп, жергілікті жердің экономикасын арттыруға үлес қосуға тәрбиелеуге ықпалы зор, сондай-ақ, туған жердің табиғатын зерттей отырып, экологиялық білім алуына да мүмкіндік туғызары сөзсіз.

Туристтік-өлкетану іс-әрекеттерінің формалары, соның ішінде үйірме жұмысы, оқушылардың мәдени мұра нысандарының ішінен қазақстандық патриотизмді қалыптастыру мазмұндағы нысандарды жинақтап, коллекциялар, деректі фильмдер, буклеттер, альбомдар және т.б. дидактикалық көрнекіліктерді дайындаумен оларды туристік-өлкетану іс-әрекеттері процесінде пайдаланумен айқындалады.

Пайдаланған әдебиеттер тізім.

1. Туризм және өлкетану негіздері. Оқу құралы. 2006 жыл.

2. Е.О. Омар. Қосымша білім беру ұйымдары тәрбие жұмыстарының негізі. – Түркістан; 2004, 248 б.

3. Дополнительное образование детей. – М.: Изд. Центр ВЛАДОС, 2006. 320 с.

4. «Самопознание kz» журналы. №8 шілде 2011 ж. (25-29 б).

5. www.google.kz





Экскурсияның маңыздылығы



Шәмші Ғ. И.

Облыстық жас туристер станциясы
туристік-экскурсия бөлімінің әдіскері,
Түркістан қ. Түркістан обл.

Аннотация.

В статье рассказывается об организации тура и его особенностях, видах и о том, как тур позволяет лучше организовать работу гида с туристами.

Андапта.

Мақалада экскурсияны ұйымдастыру және оның ерекшеліктері, түрлері және экскурсияның гид туристермен жұмысты жақсы ұйымдастыруға мүмкіндік беретіні туралы айтылады.

Экскурсия белгілі бір білімді жеткізетін ағарту құбылысы ретінде сипатталады. Экскурсияның ерекшелігі – өздігінен қызмет жасай алуы және оқу процесімен байланыстылығы. Жоғары сапада жасалған экскурсия тек өткізу методикасы өте жоғары болған кезде ғана тиімді болады. Экскурсия ұйымдастырудың негізгі міндеттерінің бірі – оқушылардың демалысы кезінде немесе сабақтан бос кездерінде туған өлкенің тарихи, мәдени және табиғат орындарына саяхаттар ұйымдастыру. Экскурсия ұйымдастырмас бұрын үйірме және мектеп-музей жетекшілеріне, тәлімгерлерге экскурсияны ұйымдастыру жолдарын түсіндіру мақсатында нұсқаулықтар дайындап әдістемелік көмек көрсету керек.

Экскурсиялардың барлығы көру, есту және басқа да сезімдер арқылы, алдын ала белгіленген, алдын ала жоспарланып қойылған қоршаған ортаны қабылдау процесі болып табылады. Экскурсияны ұйымдастырушылар мен экскурсоводтар экскурсанттың қалай көру, есту және сезіну керектігін, осы іс-шара арқылы қандай нәтиже алатындығын, осы экскурсия арқылы қандай пай-

далы әсерде болатындығын нақты біледі. Экскурсиялық процестің мақсаты – экскурсанттарға экскурсиялық нысан туралы толық мәлімет жеткізу және сезіну белсенділігін (көру, есту, сезу, ұғу) ояту арқылы логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Мұндай ғажайып сәтті экскурсия жасау арқылы ұйымдастыруға болады.

Экскурсовод – бұл процесстің жетекшісі, білікті маманы, экскурсия басшысы болып табылады. Ал, мұражайларда онда көрсетілген кез келген объект туралы мағлұмат беретін маман болып есептеледі. Әдетте экскурсовод мағынасы кең болады: ол - экскурсия маманы; ол - жетекші, оны ұйымдастырушы; оны жүргізуші және т.б. Ол үнемі адамдармен қарым-қатынаста болатын маман. Оның дауыс мәнері жақсы болып, сауатты сөйлеуі қажет. Өртүрлі саладағы тарихи деректерді, оқиғалардың сипаттамаларын жадында сақтауы тиіс. Ойлау қабілеті ұшқыр, өз біліміне талдау жасап, ойын жинақтап айта білу сияқты қабілеттерді меңгерген адам болуы керек.

Экскурсант – бір жерге, елді мекенге, аумаққа саяхаттау мақсатында 24 сағаттан

аспайтын уақытқа уақытша келген жеке тұлға. Экскурсияны топтастыру өткен ғасырдың 20-шы жылдарында пайда болды. Экскурсия ісі дамыған сайын әр түрлі жүйелер ұсынылды. Қазіргі таңда экскурсия:

- мазмұны бойынша;
- қатысушылар құрамы мен санына қарай;
- жүргізілетін орнына қарай;
- қозғалу тәсіліне қарай;
- экскурсияның ұзақтығына қарай;
- өткізу нысаны бойынша топтастырылады.

1. Мазмұны бойынша экскурсиялар шолу жасау және тақырыптық болып бөлінеді. А) Шолу жасау экскурсиялары көбіне көп тақырыпты болады, осыған орай олар көпжоспарлы деп те аталады. Оларда тарихи және қазіргі материалдар қолданылады. Бұндай экскурсия көптеген түрлі объектілерді – тарихи-мәдени ескерткіштер, ғимараттар мен құрылыстарды, табиғи объектілерді көрсету арқылы құрастырылады. Шолу экскурсияларда оқиғалар ірі жоспармен баяндалады. Ол қала, аймақ, облыс, республика, мемлекет туралы жалпы түсінік береді. Шолу экскурсиясының ерекшеліктері бар: кез келген қалада олар бір-бірімен құрылымы жағынан ұқсас болады, қаланың тарихы, кәсіпорынның тарихы, сипаттамасы, ғылымы, мәдениеті сияқты тақырыптардан тұрады.

Ә) Тақырыптық экскурсия тек қана бір тақырыпты ашуға арналады. Тақырыптық экскурсиялар бірнеше топтарға: тарихи, өндірістік, табиғаттану (экологиялық), мәдениеттану, әдеби, құрылыс – архитектуралық бөлінеді.

2. Қатысушылар құрамы мен санына қарай келесі бөлімдерге бөлінеді:

- а) Жеке;
- ә) Жергілікті халық үшін;
- б) Шетелдік туристер үшін;
- в) Ересек адамдар үшін;
- г) Мектеп оқушыларына.

Әр топтың өз ерекшеліктерін ескере отырып, экскурсия мазмұнына жүргізілу техникасы мен тәсілінің ұзақтылығына өзгерістер енгізіледі.

3. Жүргізілетін орнына қарай экскурсиялар келесі түрлерге бөлінеді:

- а) Қалалық;
- ә) Қала маңы;
- б) Өндірістік;

- в) Мұражайлық;
- г) Комплексті.

4. Қозғалу тәсіліне қарай келесі түрлерге бөлінеді:

- а) Жаяу;
- ә) Әр түрлі транспортты қолдану арқылы жүргізу.

5. Экскурсияның ұзақтығына қарай 1 академиялық сағаттан 1 тәулікке дейін болады. Қысқа мерзімді турлар (3-4 тәулікке дейін) демалыс күнгі маршруттар деп аталады және солардың барысында бірнеше экскурсиялар жүргізілуі мүмкін.

6. Өткізу түріне қарай келесі түрлерге бөлінеді:

- а) Экскурсия-серуендеу;
- ә) Экскурсия-лекция;
- б) Экскурсия-музыкалық;
- в) Жарнама экскурсиясы.

Экскурсия – адамның ой-өрісін кеңейту әдісі. Экскурсиялық әдіс – ол екі негізгі процестің нәтижесі: дайындау және өткізу. Олар бір-бірімен тығыз байланысты. Экскурсияны дайындау, яғни экскурсияның мақсаты мен тақырыбын анықтау. Экскурсия даярлығы негізінен үш сатыдан тұрады:

Алдын-ала жұмыс–болашақ экскурсияға материал жинау, іріктеу, зерттеу және экскурсияға қатысты объектілерді таңдау.

Тікелей экскурсия дайындау - бұл дегеніміз экскурсиялық маршрутты құру, мәліметтерді өңдеу, бірнеше негізгі сұрақтардан тұратын экскурсияның негізгі бөлігінің мазмұнын құрастыру, бақылау мәтінін жасау, экскурсия методикасын жинақтау, әңгімелеудің, көрсетудің тиімді методикалық тәсілдерін анықтау;

Ақырғы баспалдағы – экскурсияны бағытта қабылдау (қорғау). Мекеменің басшысымен жаңа экскурсияны бекіту; өз бағытын қорғаған экскурсоводтарға бағытта жұмыс істеуге рұқсат беру.

Кез келген жаңа экскурсия бойынша жұмыс, оның мақсатын анықтаудан басталады. Бұл экскурсия авторларына болашақта жұмысты ұйымдастырылған түрде өткізуге көмектеседі.

Экскурсияның маңызды сатысы – жүру бағытын құру болып табылады. Әр экскурсия үш басты бөліктен тұрады: кіріспе, негізгі бөлім және қорытынды.

Кіріспе. Кіріспе мақсаты - тыңдаушылар-

мен байланыс құру, тақырыпқа қызығушылықты арттыру. Ең алдымен экскурсия жетекшісі өзінің аты-жөнін, жұмыс жасап жатқан мекемесінің атын, көлік жүргізушінің аты-жөнін хабарлауы қажет. Одан кейін экскурсия тақырыбын, бағытын, уақыты мен аяқталу жерін айтады. Кіріспе құрылысы жағынан қызықты және мазмұны жағынан ашық болуы қажет. Экскурсия жетекшісі экскурсияға қатынасушылардың көңілін бірден баурап алу қажет. Экскурсия бастамасы - жауапты сәт, өйткені осы уақытта экскурсияға қатынасушылардың экскурсия жетекшісі туралы пікірі қалыптасады. Негізгі бөлім. Экскурсияның негізгі бөлімі - көрсетілім мен әңгімелеп айтудың ұштасуы негізінде құрылады. Оның барысында әр түрлі әдістемелік құралдар пайдаланылады. Әр экскурсиялық тақырыпшаны ашып көрсету қорытынды материалды шолып шығумен аяқталуы қажет. Қорытынды. Қорытындыда экскурсия жетекшісі экскурсия нәтижесін шығарып, тақырып бойынша жалпы қорытынды жасап, экскурсияға қатынасушылардың сұрақтарына жауап береді. Қорытынды экскурсияға қатынасушылардың көргендері мен естігендерінің мәнін, мағынасын бекітеді, тақырыпты тағы да

түсіндіріп өтеді. Экскурсияның өзіне тән ерекшелігі халқымыз табиғатты аялауға, қорғауға ерекше көңіл бөлген. Тіпті адам бойындағы адамгершілік қасиеттерді де өзінің туып - өскен табиғатымен сабақтасырып жазады. Мысалы, халық арасында жаны жаздай, көңілі көлдей, пейілі кең даладай деген сөз тіркестерін жиі кездестіруге болады. Экскурсияны қызықты етіп өткізу, мазмұнды етіп ұйымдастыру мұғалімнің шығармашылығына байланысты.

Сонымен, дұрыс жүйеленген экскурсия экскурсоводтың экскурсанттармен жұмысын жақсы ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Заңдылықты пайдалана отырып дайындалған экскурсия нақты топтың сұраныстарын іске асыруға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Емельянов Б.В. //«Экскурсоведение», Москва: 2002
2. Екимбаева А.С. // «Экскурсия жүргізудің әдісі», ИКОМ 2015 №5
3. Вуколов В.Н. // «Халықаралық туризмнің тарихы және теориясы»
4. «Қазақ педагогикасы журналы», 2021
5. «Соқпақ-Тропинка» ғылыми- әдістемелік журналы, Орал: 2007
6. www.google.kz





Жас туристер шеберлігін шындады



Шаймерден Г. Б.

Адами элеуетті дамыту басқармасы
«Облыстық жас туристер станциясы»,
Туристік-өлкетану бөлімінің әдіскері
Түркістан қ., Түркістан облысы

Аннотация.

Единственный способ влияния на познавательное образование школьников - это туристско-спортивная и туристско-краеведческая деятельность. Изучение истории и культурного наследия родного края – важнейшее средство о формирования патриотических чувств.

Андапта.

Мектеп оқушыларының танымдық тәрбиесіне әсер етудің бірден-бір жолы - туристік-спорт және туристік-өлкетану қызметі. Тарихты, мәдени мұраны зерттеу арқылы туған жерге және оның байлығына деген сүйіспеншілік сезімін арттырады, сонымен қатар патриоттық қасиеттерді қалыптастыруға ықпал етеді.

Кілт сөздері: Балалар – жасөспірімдер туризмі, туған ел, рухани жаңғыру, туристік-өлкетану, экология, шебер сынып, жеке тұлға.

Туризм жалпы тұлғаның, әр баланың, әр адамның ой-өрісін кеңейтіп, жан-дүниесін рухани байытады, денесін шынықтырады, жалпы қоғамдық ортаға бейімделген тұлға ретінде қалыптасуына жағдай жасайды. Оқушылардың туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыра отырып, отансүйгіштік қасиетін қалыптастырады. Туристік-өлкетану қызметі оқушыларды өзінің Отанына, туған еліне, адал қызмет етуге, мәдени мұраларды сақтап ұлттық, жалпы адамзаттық құндылықтар ретінде қастерлеп құрметтей білуге, оларды келешек ұрпаққа жеткізе білуге үйретеді.

Балалар – жасөспірімдер туризмінің маңызды мақсаттарының бірі спорт ретінде, сауықтыру және қызмет түрі ретінде балаларды тәрбиелеуде үлкен мемлекеттік маңызға ие адамның және толығымен қоғамның салауатты өмір салтын қалыптастыру болып саналады.

Түркістан облысы, Түркістан қаласында «Облыстық жас туристер станциясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директо-

ры Сауле Өмірбаева Өмірсерікқызының басшылығымен, туристік-экскурсия бөлімінің қосымша білім беру педагогы Ержан Құрақбай мен туристік-спорт бөлімінің қосымша білім беру педагогы Мантай Әділбектің ұйымдастыруымен «Жас құтқарушы» шебер-сыныбын бағдарламаға сәйкес толық өткізді. Балаларды төтенше жағдай уақытындағы қажетті біліктерге баулу, шешім қабылдауға үйрету арқылы патриоттық сезімдерін қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылған «Жас құтқарушы» тақырыбында шебер сынып сабағы өткізілді. Шебер-сынып Түркістан қаласының Ататүрік атындағы №17 мектеп гимназиясында өткізілді. Шебер сабаққа туристік-өлкетану, туристік-экскурсия, туристік – спорт бөлімдерінен педагог қызметкерлер қатыстырылды.

Іс-шара Түркістан облысында балалар мен жасөспірімдер туризмін дамыту, экология бағытында жұмыстарды жандандыру, төтенше жағдай кезіндегі көрсетілетін іс-тәжірбиемен алмасу, педагог қызметкерлер-

дің біліктілігін арттыру, «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру мақсатында ұйымдастырылды.

Қатысушылар: Облыстық жас туристер станциясының Қ.Б.Б.П-тары. Топ құрамы 4 үйірмешіден тұрады.

Жарыс мақсаты: Техникалық және тактикалық шеберліктерін жетілдіру, мұғалімдер арасынан құтқару жұмыстарының белсенділігін арттыру. Кедергілер жолағын құру, ұйымдастыру нәтижесінде сенімдікке жауапкершілікке үйретеді. Олардың физикалық қабілеттерінен басқа логикалық ойлау қабілетін арттыратын, оларды жан – жақты алғашқы көмектің әр – алуан түріне үйрететін жарыс түрі. Түрлікедергілер жолағы мұғалімдер көбісі жауапкершілікті өзіне алатын, физикалық қабілеті жан-жақты дамыған, епті мұғалімдер болып саналады.

Іс-шараның негізі: «Облыстық жас туристер станциясы» КММ педагогтар арасында тәжірибие алмасу.

Мазмұны: «Түркістан облысының аумағында карантин мен шектеу шараларының ұзартылуы туралы» Түркістан облысы Бас санитарлық дәрігерінің қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 14.04.2021ж №8 қаулысына сәйкес барлық санитарлық талаптарды сақтай отырып, Туристік кедергілер жолағынан өту әдіс тәсілдері тәжірибиелік шебер-сыныбы дәстүрлі түрде өткізіледі.

Шебер сабақ барысында оқушылар спорттық туристік жол кедергілерінен өтті. Жарыста оқушылар командаларға бөлініп 5 кезеңнен тұратын жол кедергілерінен өтті, олар: «Аспалы өткел», «Жұмар», «Маятник», «Траверс», «Кочки» кезеңдері. Жарыс жол кедергілері түрінде ұйымдастырылып, өте қызықты, әрі тартымды өтті.

1. «Асылмалы Өткел» Топ құрамы 4 үйірмеші жасанды тартылған жіптен өту кезеңдерінің техникаларынан өтеді. Мүмкін болатын кезең: топ құрамы паралель жіп арқылы сақтандыру арқылы алып өтеді.

2. «Жұмар». Топ құрамы - 4 үйірмеші мүмкін болатын кезең:

1) Биіктіке көтеріліп сақтандыру арқылы сегіздікпен түсу

3. Траверс. Топ құрамы – 4 үйірмеші мүмкін болатын кезең, 1 тізбектелген жіптен сақтандыру арқылы өту

4. Кочки. Топ құрамы – 4 үйірмеші мүмкін болатын кезең, 1 Тастар арқылы жарыс жолағынан өту

5. Маятник. Топ құрамы – 4 үйірмеші мүмкін болатын кезең . 1 Жіп арқылы кедергіден өту.

Шебер сабаққа қатысқан Ата-түрк атындағы №17 мектеп-гимназиясының үйірмешілері Жайнақұлов Саят, Өтеген Шыңғысхан, Еркебек Мұхамедамин, Тұрсынбай Нұрисламды «Облыстық жас туристер стан-





циясы» КММ-ң директоры С.О.Өмірсерікқызы алғыс хаттармен марапаттады.

Шебер – сыныпқа Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Баспасөз хатшысы - Абдалиева Махаббат Махамбеткәрімқызы, Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Баспасөз хатшысы көмекшіс Раушан Тәуірханқызы, Төтенше жағдайлар басқармасының жедел құтқару жасағының қызметкері Асхат Қожақметұлы, Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының

«Балалар және жасөспірімдер өлкетану» орталығының педагог ұйымдастырушысы Бекназар Қуандық қатысты.

Іс-шара барысында санитарлық талаптарды, өмір денсаулық қауіпсіздіктерді сақтауды мекеменің мейірбикесі С.Төлеу қадағалады. Іс-шара барлық талаптарға сәйкес өткізілді. Барлық педагог қызметкерлер өзара тәжірибе алмасудан өтті. Шеберсыныпқа байланысты Төтенше жағдайлар басқармасының жедел құтқару жасағының қызметкері Асхат Қожақмет тарапынан ұсыныстар айтылып, назарға алынды.

Оқушыларға патриоттық тәрбие беру арқылы, өз халқының тарихи- мәдени мұрасын танып білу, салауатты өмір салтын насихаттау туристік-өлкетану қызметінің басты мақсаты болып табылады. Туристік-өлкетанулық қызмет оқушыларды туған жерін, туған халқын сүйге тәрбиелеу, жеке тұлға ретінде өзінің кәсіби бағдарын анықтап, болашақта жақсы маман болуына өз үлесін тигізеді.

Туристік-өлкетанудың іс-шаралардың негізгі мақсаты – оқушыларға патриоттық тәрбие беру, салауатты өмір салтын насихаттау. Құтқару жұмыстарының негіздерін игеру, төтенше жағдайлар кезінде зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету бойынша білімін және ептілік дағдыларын қалыптастыру.





Ән күдіретін асқақтатқан Мұхит сал

*Кім білер, кімдер болар мейірім қанар,
Рухым сөнген менің қайта жанар.
Еңіреп Мұхит бабам өтіпті – ау деп,
Кейінгі ұрпақтарым есіне алар.*

Мұхит Мерәліұлы



Сағынов Т.С.

өлкетанушы, тарихшы,
шежіре жинақтаушы,
«Қаратөбе ауданының Құрметті азаматы»,
Орал қ., БҚО

Аннотация.

В статье повествуется о жизни и творчестве великого композитора, домбриста - куюши 19 века Мухита Мералиева, родившего Каратобинском районе. Исторические материалы изученные краеведами пригодятся при проведении занятия, мероприятия педагогом дополнительного образования, руководителям музеев, а так же преподавателям вузов.*

Андапта.

Мақалада Қаратөбе өңірінің қайталанбас тума таланты Мұхит Мерәліұлының өмірі мен шығармашылығы, оның халық арасында насихатталуы туралы жазылған. Өлкетанушының зерттеген деректері қосымша білім беру педагогтары мен музей жетекшілеріне, ЖОО оқытушыларына сабақтар мен тәрбиелік шаралар өткізгенде пайдалы.

Кілт сөздері: Қаратөбе өңірі, Мұхит Мерәліұлы, «Ақбақай» қорымы, «Қазақтың 100 әні», «Әнші Мұхит», «Мұхит Мерәліұлы. Әндер», «Дала бұлбұлы», «Ақбақай әуендері», «Мұхит», «Мұхит сал» кітаптары, Мұхиттың үшінші «Айдайы».

Қаратөбе өңірі арғысы Ұзақ, Боғда, Малшаған, Шопаналы, Кәуен секілді т.б. күйшілерді, бергісі ғылымның түрлі саласында елеулі еңбек еткен (56 доктор-профессорлар, 50-ден астам ғылым кандидаттары) ғалымдар: әдебиет теориясының негізін қалаушы, академик Қажым Жұмалиев, ауыл шаруашылығы саласының академигі Рахымжан Елешов, медицина саласының академигі Әбірек Сариев, өнер саласында Азия елдерінің академигі, Мұхит әндерін насихаттаушы Ғарифолла Құрманғалиев, «Қазақ ССР-і халық әртісі» Ескендір Хасанғалиев, әртіс, Мұхит әндерін насихаттаушы Жақсылық Сәрсенғалиев, Республикалық дәрежедегі айтыс ақыны, «Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген мәдениет қайраткері» Шолпан Қыдырғалиева, композитор, «Қазақстан Республикасына еңбегі

сіңген мәдениет қайраткері» Мұхамедияр Нысанов, жергілікті музыка зерттеушісі Әлеумет Мәмбетов, БҚО өлкетанушысы, ақын, журналист, М.Өтемісов атындағы университеттің «Құрметті профессоры» Қайыржан Хасанов сияқты т.б. тума таланттар мен өнер-ғылым саңлақтарын туғызған қасиетті жер.

Биыл осы қасиетті жердің «Үш жүзге» ән озырған әншісі, композитор – Мұхит Мерәліұлының туғанына 180 жыл толды. Әбілхайыр ұрпағы Қаратаев Еркінәліұлы – сұлтан Мерәліні Атырау алқабында Ысық руын басқаруға жіберіледі. 12 – Ата-Байұлдарының билеушісі Қаратай Сұлтан (1824-1826 жж.) қазасынан соң Төре әулеті Орал губерниясы, Жымпиты оязы, Жақсыбай болысы, «Ақбақай» атты шүйгінді көл аймағына 17 ақ киіз үй тігіп орналасулы. Жайлау көлдің шығыс бетінде 7

шақырым. «Төре құдық», «17 үй» аталғанын Беркін ақсақал әкеме айтқан әңгімесін құлағым шалған. «Ақбақай», «Қарақамыс» көлі аралығындағы биік жерге тастан Мұхит атабабасы 15 үй, Қаратаев әулеті «Сарыжелке» қараңынан 18 үй салулы. Ғасырға жуық мерзімде үй орны, күлі сақталған, тапталып шөп шыққан. Арасы 3 шақырым, қорым ортада.

1958 жылы – облыста бірінші басшы-Сабыр Ниязбеков, Қажым Жұмалыұлы, Орал облыстық партия комитеті хатшысы Махат Ырымжановпен Саралжын еліне келеді. Ауданда Райком хатшысы – Қойшыбай Илиясов, Атком төрағасы – Қатау Шонаев еді. «Ақбақайдағы Мұхит қабірін кім көрсетеді», – дейді. №5 бөлімше басшысы Темешев Кенжеғали тумасы Сахыпұлы Жәлелді алдырады. Шөп шығып тапталған орында жіңішке леу сынған құлпытасты құрайды, Арабша жазудан 1841 жылы туып, 1918 жылы 16-наурызда опат болғанын, белгіні қойған баласы Нәу екенін Қажым оқыды.


Академик тапсырысына орай Орал машина зауытынан темірден қоршау жасалып, 1959 жылы қойылды. Оқу басталғасын 6-7 класстың балаларын ұстаз Ақкереев Ысмағұл апарған сәті есімде. Қаратөбе мектебінде Серік Малабаев директор еді. 1961-1962 оқу жылында Қаратөбе ауылындағы орта мектепке Мұхит есімі берілді.

1981 жылы маусым айы басында алғаш рет 140 жылдығы тойланды. Ауданда мәдениет бөлімі басшысы Қәдір Табынғалиев, совхоз директоры Ғафар Кереев. Мәскеу қаласынан мәдениет үйі бастығы Бейбіт Сағынғалиев

КАМАЗ машинасына тиеп гранит тастар әкелді. Құрылысшы Шешен ұлтының азаматы Русланның бригадасы сыртын қоршап, өрнектеп тастар қаланып ескерткіш тұрғызды. Алдына Мұхит мүсінін Оралдық Юрий Дүйсенғалиұлы Баймұқашев жасады (Анасы орыс қызы, әкесі Қызылқоғалық – Ысық әулетінен).

Министрліктен Марат Каримоллин келді. Облыстық мәдениет басшысы Жайсаң Ақбаев үлкен қамқорлық жасады. Саралжында «Көк төбе» аталған қаракөл сою пунктiнiң бiтуiне сәйкес келiп, ән байқауы, ақындар айтысып, екiншi күнi дала қызықтары өтiп, ақ шағала бiрнеше үйлер тiгiлдi. Қонақтарға 50 орындық жатақхана және қонақ қабылдайтын 36 үй даярланды. Ақын, әншi Ғафар Кереев ақбоз ат үстiнде Мұхит бейнесiнде «Айнамкөздi» орындады.

1991 жылы – 150 жылдық шiлде айы басында Мұхит совхозында өттi. ҚССР Министрлер кабинетi сол 25 қаңтарда №61 санды қаулысымен «Саралжын» совхозына Мұхит Мерәлиевтiң атын беруге шешiм қабылдады. Ақсай қаласынан құрамалы модуль 1990 жылы тасылып, 80 вагон сатып алып, 2 қабатты 1991 жылы «Қонақ үйi» жасалды. 300 шақырым қашықтықтан тасымалдаған К-700 трактор бригадирi Қайралы Бүркiтов және әрiптестерiнiң еңбегi орасан болды. 50 км Қаратөбе – Саралжын грейдерi жаңартылды. 2 км асфальт жол жасалды. Мәдениет үйi алдында айлапат мыңдаған көрермен сиятын ашық сахна тұрғызылды. Мұхитқа арналып Алматылықтар Мұқадес Есламғалиевтiң басшылығымен «Айнамкөз» атты кино түсiрiлдi. Мұхит бейнесiн



– Сабырғали Исмұрзин сомдады. 3000 түп ағаш егілген алқап «Мұхит саябағы» деп аталып, Мәскеу қаласы Балашова-Мтищенск құю зауытынан мүсін жасалып 6 шілдеде ашылу рәсімі өтті.

«Ақбақай» қорымы басындағы қайтадан биік стелла, екі жағындағы өлеңі жазылған плита, сырты алыстан темір қоршауда, ішіне ағаш егілді. Қоршау ішінде 80-ге тарта мәйіт орыны және 9 құлпытас сақталған. Осы ауылмен араласқан Беркін, Үмбетәлі, Ақмырза ақсақалдар 30 шамалысы төрт құлақты, көбі белден келетін соқпа 1945 жылдары қала сияқты көрінетінін айтатын.

Республикадан Құбыш Мұхитов, Сәуле Лұқпанова, Сапура Мұхитова, Жақсылық Сәрсенғалиев, Сағынғали Сейітов, Ақұштап Бақтыгереева, Ескендір Хасанғалиев; термеші, жыршы, айтыс ақындары: Әсия Беркінова, Серік Құсанбаев, Қатимолла Бердіғалиев, Мекес Төрешов т.б Оралдан филормонияның Денеділ Қажымов бастаған әншілері қатысты. Қонақтарды қабылдау, орналастыру, тамақтандыруға жауаптылықты аудандық партия комитетінде бөлім меңгерушісі – Полина Батырғалиева мен Т.Сағыновқа жүктелді. Барлық мәдени іс-шара бағдарламаға сәйкес жүргізілуін атқару комитеті төраға орынбасары – Шолпан Қыдырниязова, мәдениет бөлімі басшысы Оңат Хамбетов атқарды. Ат шабыс,

күрес, дала ойындары Ақбақайдың төменгі жазық, көк майса даласында өтті.

2001 жылы 160 жылдығы туған жерінде аталып өтті. Мұхит әндерінің байқауы оздырылды.

2006 жылы Ақбақайда 22 қыркүйекте Мұхит Мерәлінің туғанына 165 жылдығына орай 8 метр биіктікте (6,5х6,5) метр көлемінде кесене Ақтаудың тасынан тұрғызылды. Мұхитқа кесене ашқанда 1959 жылы темір қорған Ақбақайда қаза болған тумасы, ақын, аудармашы, фотограф – Бөкеев Шәңгерей Сейіткерей ұлына (1847-1920ж) да қойылып, рәсім бірге өтті. Шақырылғандарға бірнеше ақ боз үйлер тігіліп, ас беру рәсімі жасалды.

2011 жыл – 170 жыл (қазан айы). Аудан орталығында Мәдениет үйінде ән байқауы, ақындар айтысы өтті. Дала қызықтары «Бесоба» алқабында өтті.

2016 жылы – 175 жылдық мерейтойы Қаратөбе ауданында өтті. Іс шаралар мәдениет үйінде өтіп, далалық ойындар өтіп, бірнеше ақ боз үйлерде шақырылғандарға қонақасы берілді.

Мұхит Мерәлі шығармашылығын зерттеу біраз өнер зерттеушілеріне арқау болды. Өнер зерттеуші – А.Затаевичтің «Қазақтың 100 әні» деген еңбегі шықты. 1955 жылы – Жаулыбай Қосыбаевтың «Әнші Мұхит» кітабы шықты. 1960 жылы – Музыка зерттеушісі Б.Г.Ерзакович «Мұхит Мерәліұлы. Әндер» кітабын шығарды.



Ақтөбелік Бәрібай Кәртен ән-өлеңдері туралы пікір жазды. 1991 жылы Қ.Хасанов «Дала бұлбұлы», «Ақбақай әуендері» атты кітап жазды. 2003 жылы – Мерует Құрманғалиеваның «Мұхит» атты кітабы жарық көрді. 2004 жылы – жергілікті өлкетанушы – Қайыржан Хасанов «Әнші Мұхит», 2010ж «Айнамкөз», 2011ж «Дала бұлбұлы» көлемі толықтырылған еңбегі шықты.

2005 жылы – Мерует Құрманғалиеваның «Мұхит сал» кітабы шықты. Ақындар: Х.Ерғалиев, Ж.Молдағалиев, М.Мақатаев, С.Сейітов, А.Бақтыгереева, Қ.Хасанов, Ш.Қыдырниязова, Д.Муштанова, Е.Бимұхановтың поэзия жанрында, өлеңдерінде насихатталды. Мұхит күйін А.Затаевич нотаға түсірді. Қаратөбелік музыка танушы Ә.Мәмбетов Мұхиттың үшінші «Айдайын» нотаға түсірді. «Құт мекенім – Саралжын!» сөзі – Т.Таймасұлынікі, әні – Ж.Ғайсағалиевтікі (2017 ж).

Ұрпағы: Шоң, Нәу; Немерелері: Шайқы, Лұқпан, Ғұбайдолла, Зинеп; Жиені – Құбыш. Орындаушылық дәстүрді дамытушы: Ғарифолла Құрманғалиев, К.Жәңгіров, Т.Ибрагимова, Н.Әбілова, Қ.Орашева, Ж.Сәрсенғалиев, Х.Бердіғалиев, С.Ахметов, А.Оразов, А.Исламғалиев, С.Рахметжанов, С.Таудаева, Қ.Кәкімов, Р.Исмурзин, А.Ғұбайдуллин, М.Бірәнов, Қарылғаш, С.Исмурзин, Ә.Мұхитова т.б.



Соңғы 40 жыл ішіндегі ән орындауда жеңімпаз аталғандардың бәрін атау мүмкін емес, кезінде газеттерде барлығы жарияланды.

«Қазақтың баяны» аталған Мұхит шығармашылығы әлі талай ғасыр шарықтауға тиісті. Мұхит елінің перзенті болғандықтан жарты ғасырдан астам уақытта суреттер және өте қысқа деректермен жинақтап, естігенімді оқырман назарына ұсындым.





Ұстаз – ұлы ұғым

«Егемен еліміздің мәдени өмірінде музейлердің орны айрықша. Тарихымызды терең зерттеп, оның тәжірибесінен тағлым алу – Қазақстанда патриотизмді қалыптастырудың, Отанның лайықты азаматтарын тәрбиелеудің басты шарттарының бірі...»

Н.Ә. Назарбаев



Қайрлиева Қ.Ж.

Республикалық «Соқпақ - Тропинка» ғылыми-әдістемелік журналының бас редакторы, ОБЖТжЭО-ның ҚББП, Орал қ., БҚО.

Аннотация. Автор рассказывает о жизни и творчестве своего учителя Акбал Досжанова.

Андапта. Мақалада автор ұстазы Акбал Досжанованың өмірі мен қызметі туралы баяндайды.

Кілт сөздері: Акбал Досжанова, Қаратөбе ауданы, Шөптікөл орта мектебі, ұстаз.

Бауыржан Момышұлы «Ұстаздық – ұлы құрмет. Себебі ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбекқор егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді... Өмірге ұрпақ берген аналарды қандай ардақтасақ, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да сондай ардақтауға міндеттіміз» дегендей бүгінде өнегелі өмірі көпке үлгі, Қаратөбе ауданы Шөптікөл орта мектебінде 33 жыл қызмет еткен қадірлі ұстазым Досжанова Акбал Зейнуллақызы туралы ой қозғым келеді.

1979 жылдан бастап Шөптікөл орта мектебінде Акбал Зейнуллақызы сынып жетекшіміз болды. Біз мектепте үздік сыныптардың қатарында болдық. Әсіресе менің есімде математика сабағының өткізілу әдісі қалыпты. Математика пәні қазіргі кездегідей оқытудың жаңаша формасымен өткізілетін. Қолдан жасаған жапсырмалы қағаз қалтадан сұрақтар суыру, әлемдегі математика жаңалықтарын кірістіру, есеп шығарудың оңтайлы әдістерін енгізу дейсіз бе, әйтеуір әр сабақтан әр түрлі тәсілдер, жаңалықтар меңгеріп шығатынбыз.... Ол кезде 30 баладан кем сынып болмайтын. Аядай сынып ішінде он-оннан 3 қатар парта тұратын. Соның оң жағына кілең сабақты тез қабылдайтын оқушылар, сол жағына қабылдауы орташа балаларды отырғызатынын енді түсініп жүрмін. Сабақ уақытында ұшқан шыбынның ызыңы да естілмейтін. Ұстаздың ақ борды нығыздап ұстап алып, әр санды нақышына келтіре әдемілеп жазғаны, жаңа сабақты түсіндіргендегі от-

ты көздері, нық және түсінікті баяндауы, шапшаң ұғындыруы жадымда мәңгі сақталған. Сабақты ұғындырғаннан кейін оң жақта отырғандарға тақырып бойынша өз бетінен есеп шығаруға тапсырма берсе, ал қалған уақытын сол жақтағы балаларды тақтаға шығарып (тақтаның өзін үшке бөліп, үш оқушыдан шығаратын...) жаттығу жасататын. (Қазіргі топтен жұмыс сияқты...) Акбал Зейнуллақызының «Ой, жарайсың!» деген жылы сөзінің өзін есту үшін, әрі кілең жүйрік жарыса отыра бірінші бітіруге талпынатынбыз. Ойлап отырсам, ұстаз «бір оқпен, екі қоянды атады екен». Егер түсініксіз болса, тақтадағы оқушымен жұмыс жүргізіп жатқанда құлағыңмен естіп, көзіңмен көріп, тәжірибе аласың, әрі сыныпта тақырыпты меңгермейтін оқушы қалмайды.

Тәрбиелік шаралар мен мерекелік кештер бізсіз өтпейтін. Мектеп бітіргенімізге 35 жылдан астам уақыт өтсе де, «Ал, қане қыздар!», туған күн кештері, мерекелік шаралар, кездесу кештерінің тәрбиелік мәні қазір ұлын ұяға, қызын қияға қондарып отырған сыныптастарымның өнегелі өмірінен көрініс табуда. Кейде баламның сабағын қарағанда сол апайымның әдісімен түсіндіретінмін. Қазіргі ережелерді қабылдай алмаған балама «Х» – ты табуды бір айтқанда ұғындырып жібергенмін.

Ұстазым 1946 жылдың 15 қаңтарында Жымпиты ауданы Қырыққұдық ауылында дүниеге келген. Сол ауылдағы бастауыш мектепті 1953 жылы аяқтап, жоғары сыныптарды Шыңғырлау ауданының Ново-Петровка ауылында оқып, 1964

жылы Шиелі орта мектебінен аяқтаған. Сол жылы Орал қаласындағы А.С.Пушкин атындағы педагогикалық институттың физика-математика факультетіне оқуға түсіп 1968 жылы математика мұғалімі мамандығы бойынша диплом алды. Алғашқы еңбек жолын Қаратөбе ауданы Саралжын орта мектебінде математика пәнінің мұғалімі боп бастаған ұстазға Мұхит елінің жылы қабылдауы, оқушылардың зеректігі қанат бітіріп бір жылдан кейін оқу ісінің меңгерушісі болып қызмет атқаруына тура келді. Мектепте оқу сапасы мен оқушылардың жоғары оқу орнына түсуі артқан. Ал, 1971 жылы Шөптікөл совхозына жаңа мектеп ашылуына орай жұмысқа келіп, 1996 жылы зейнетке шыққанша еңбек етті. Оның оқушыларға жоғары талап қойып, пәнге деген қызығушылығын ояту нәтижесінде шағын ауыл мектебінің оқушылары жоғары оқу орындарына түсіп, ұстаз жолын жалғастыруда. Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданының білім саласының тарихтанымдық шежіресі туралы жазылған «Игілікті іс» кітабын жинақтауға атсалысқан жан. Ал, 1984 жылы нәтижелі, ерен еңбегі үшін Қазақ ССР-і Халық ағарту ісінің озық қызметкері атағын алды.

Қазір 75 жастағы Ұстазымыз жанұяның ұйытқысы, Жетпісқали ағай (иманды болсын) екеуі 5 бала тәрбиелеген өнегелі отбасы, немерелердің Діни сауатты (қажы, «Ясин – құранның жүрегі» сайысының жеңімпазы) әжесі. Айгүлі мен Гүлмирасы ұстаз жолын қуса, Эльмирасы дәрігер, ал ұлы Алмас пен Лаурасы қазіргі заман талабымен жоғары білімді жеке кәсіпкер боп ел экономикасын көтеруде еселі еңбек етуде.

Ұлы ұстаз В.А.Сухомлинскийдің «Өзіңе-өзің

ие бол. Өзіңе-өзің әмір етуді кішкентайыңнан үйрен. Мойының жар бермейтін, бірақ істеуге керек нәрсені атқаруға өзіңді-өзің үйрете біл. Оқуға бар ынта-жігеріңді сал – сенің бойыңа сол жарасды. Ойсыз, кітап оқусыз, ақыл-ой еңбегінсіз өткен күн – босқа өткен күн. Өзіңе тапсырылғаннан да көбірек істеуге тырыс. Өз алдыңа міндет пен тапсырма қоя біл.» сөзімен тәрбиелеген сол кездегі ұстаздарымыз – қазақ тілі мен әдебиетінен Гүлжан Ақашева, химия пәнінен Байжамал Мұқашева, тарих пәнінен Зиеден Бауенов, биология пәнінен Дариға Бердалина, ағылшын тілінен Мариям Бөлекбаева, геометриядан Жаңыл Үмбетқали Бақтығалиев, астрономиядан Шолпан Меңдіғалиева, дене тәрбиесінен Алтай Жамангарин, Мағзом Есендосов пен қазір марқұм болған бастауыш сыныптың мұғалімі Илан Тастаева, физика пәнінің ұстазы Зоя Өлжанова, химиядан Бакиева Зәру, орыс тілінен Сабит Жайғалиев, еңбек пәнінен Сансызбай Дошпанов, мектеп директоры Мақсот Хамбетовтардың білімі, ұстанымы, тәрбиесі (тіпті киім киісі, жүріс-тұрысы, сөз мәнері) біз үшін әдемілік пен әсемдіктің, білімділік пен біліктіліктің символы болатын. Ұстаздарымызды «ағай», «апай» деп атағанда (қазіргідей - вна, – вич емес) жанымызға жақындық, жылылық сезінетінбіз...

Ұстаздар мерекесі қарсаңында Ақбал апайымызға және аты аталған ұстаздар қауымына денсаулық, қажырлы қайрат тілейміз! Өмірлеріңіздің әр күні шалқыған шаттыққа, отбасыңыздың ортасында балқыған бақытқа толсын! Ағайынтуыстың құрметіне, немерелердің шу-күлкісіне, ұлқыздарыңыздың жеңісті шақтарын көрген бақытты сәттеріне бөленіп, әдемі ғұмыр кешіңіздер!





Балалар туризмін дамыту және туристік жорықта қолданатын әдістер



Айтимбетов Н.К.

Облыстық жас туристер станциясының туристік-спорттық бөлімінің меңгерушісі
Түркістан қ., Түркістан обл.

Аннотация.

Детско-юношеский туризм в организациях образования - незаменимый инструмент в патриотическом, экологическом воспитании и рациональном использовании детского досуга.

Туризм - это путешествие по местам природы, получение сведений, представлений об объектах региона.

Андапта.

Білім беру ұйымдарындағы балалар мен жасөспірімдер туризмі - патриоттық, экологиялық тәрбие мен балалардың бос уақытын ұтымды пайдалануда таптырмайтын құрал. Туризм - бұл табиғат объектілері туралы саяхат, аймақтың объектілері туралы ақпарат, идеялар алу.

Кілт сөздері: Туризм, шатыр, маршруттық кітапша, жорық, компас.

Туризмнің бағыттары алуан тақырыптық экскурсиялар; – спорт бағытында өткізілетін жарыстар мен слеттер; – туристік жорықтар. Білім беру ұйымдарындағы туристік – өлкетану бағытындағы шаралар - оқушылардың бойында өз туған өлкесіне деген қызығушылықты, сүйіспеншілікті, өйткені мен қазіргі тарихын оқып-үйрену негізінде патриоттық, азаматтық тәрбиені қалыптастырады. Сонымен қатар, баланың сана – сезімін, ойлау қабілетін, зеректілігін дамытып қоймай, достыққа, жолдастыққа үйретеді.

Туристік жорықтар – туристер үшін қолайлы туризмнің жұмыс формаларының бірі. Туристік жорық дегеніміз – алдын – ала дайындалған жаңа немесе белгілі бір маршрут бойынша сауықтыру, танымдық, спорттық бағытта өткізілетін жұмыс. Туристік жорықтар ұзақтығына қарай бір, екі, үш немесе көпкүндік болып бөлінеді. Туристік жорыққа шықпастан бірнеше күн бұрын жетекші барлық қатысушыларды жорықтың мақсатымен та-

ныстырып, қажетті жеке немесе топтық құрал – жабдықтармен, азық – түлік тізімімен, алып шығатын киімдермен хабардар етуі керек. Бұл құралда туристік жорықты ұйымдастыруда көмектесетін құжаттар, құрал – жабдықтар, тамақтану, жорық кезіндегі қауіпсіздік, көрсетілетін алғашқы медициналық көмек, топографиямен және компоспен бағдарлау туралы мағлұматтар беріліп отыр.

Маршруттық кітапша. Туристік саяхаттың негізгі құжаты – маршруттық кітапша. Оның құрамына мынадай мәліметтер кіреді: - маршрут атауы, қиындық дәрежесі, ұзақтығы мен ұзындығы; - негізгі пункттер, оның ішінде жолда кездесетін кедергілердің сипаттамасы (мысалы, асулардың қиындық дәрежесі мен биіктігі); - негізгі, қосымша және апаттық варианттар; - маршруттардың сұлбалары (схемалары); - жетекшісі мен қатысушылардың толық тізімі, осы маршруттағы міндеттері, мекенжайлары, телефондары; - жоспарланған маршрут пен өтілген маршрут, маршрут жоспарларының

өзгеруі мен олардың себептері; -маршрутқа қажетті жеке және топтық құрал-жабдықтар тізімі; - бақылау (контроль) пункттері мен оларға жету мерзімдері;

Туристік жорықтың жасалу жолы.

Жорықты ұйымдастыру үшін мыналар ба-сты назарға алынады:

- жорықтың маршруты;
- түрі, жорық мақсаты, жыл мезгілі, ауа райы, жергілікті жердің жағдайы;
- маршрутты өту уақыты есепке алынады.

Туристік жорық төмендегі реттілік бойынша жасақталады:

- Белгіленген маршрут ауданының мәліметін жинақтау;
- Аудан туралы картографиялық материалдармен танысып, бивуак және демалатын орындары, жорыққа қатысушылардың жас ерекшеліктері есепке алына отырып, қозғалыс бағыты бойынша маршрут құрылады.

– Негізгі және қосымша маршрут жасақталады. Саяхат жасалатын аудан туралы қосымша мәліметтер жинастыру;

Маршруттың бастапқы пунктіне кіруі және маршруттың аяқталу пунктіне жүріп болуы;

– Жорық кезінде қосымша азық-түліктер алу үшін жергілікті пункттерде дүкендердің, құдықтың, бұлақтардың болуы;

– Дәрігерлік қызмет көрсету орындарының, байланыс пункттерінің болуы;

– Маршрут, ауа-райы, жер қыртысы туралы кеңес алу үшін мекемені анықтау; - Музей, табиғат және археологиялық ескерткіштердің, тарихи – мәдени маңыздылығы бар орындардың болуы.

Туристік маршруттарды жіктеу

Жаяу туризм жорығы үшін жүктеме мөлшерінің үлгісі

Саяхат және жорықтар түрлері

Көтеру жүгі, кило жүгі, метраж

Жасы 10 11-12 13-14 15-16 17

Біркүндік

К /жүгі/ кб 3 3/5 4/6 5/7 6/9 барлық км 10 12 12 20 24

Екікүндік

К /жүгі/ кб 3 3/5 6/8 8/10 10/12 барлық км 20 24 30 30-35 40

Үшкүндік

К /жүгі/ кб 4 5/7 8/10 10/12 14/16 барлық км 30 36 45 45-50 50-60

Көпкүндік

К /жүгі/ кб 5 6/8 10/12 12/14 14/16 барлық км 10 12 12-15 17-18 20

Ұзақтығы /жүру күндері/ 6 20 24 24 30

Туристік құрал-жабдықтар. Туристік құрал-жабдықтарға туристік саяхаттарда қажет болатын киім, аяқ киім, бивуак құралдары, сақтандыру тасымалдау құралдары жатады. Құрал-жабдықтар жеке және топтық құрал-жабдықтарға бөлінеді. Құрал-жабдықтарға қойылатын талаптар: минималды салмақ пен көлемі, мықтылығы, пайдалануы мен жөндеуі оңай, қауіпсіздігі, атмосфера әсеріне, тозуына, коррозияға шыдамдылығы, бір-біріне үйлесімді болуы қажет.

Жеке құралдар: 1. Арқақап (рюкзак); 2. Қолғаптар; 3. Түсу элементтері; 4. Карабиндер - 2-4 дана;

Туристік маршруттар мазмұнына қарай бірнеше түрге бөлінеді:

Тақырыптық /экскурсиялық/ - бұлбағдарламаға экскурсиялық қызметтер мен тақырыптық – танымдық/театрлар, мұражайларға бару/ бағыттарды меңгеруге арналған маршруттар

Денешынықтыру – сауықтыру /жорықтар – экскурсиялар/ - бұл спорттық және сауықтыру шараларын меңгеруге арналған маршруттар

Біріктірілген – бұл бағдарлама тақырыптық, жорықтық және денешынықтыру – сауықтыру қызметтерінің элементтерінен тұратын маршруттар

Жорықтық /белсенді қозғалыс түрі/ - бұл әртүрлі қозғалыс түріндегі бір немесе көп күндік туристік жорықтарға қатысу міндеттілігіндегі маршруттар

5. Ұйқыға арналған қап не жамылғы; 6. Жуыну құралдары (орамал, сабын, тіспастасы, щетка); 7. Ыдыс - аяқ (кружка, тарелка, қасық); 9. Полиэтилендік жамылғы; 10. Ине – жіп, түйме, мата қиындысы. Топтық құралдар: 1. Шатырлар; 2. Балта; 3. Тамақ пісіруге арналған қазан; 4. Сіріңке, шам, фонарь; 5. Пышақ; 6. Да-стархан; 7. Ожауқасық; 8. Сүлгі; 9. Аптечка; 10. Карабин – 30 дана; 11. Негізгіжіп – 3x40 м; 12. Репшнур; 13. Карта сызуға арналған құралдар; 14. Компас – 3 дана.

Турист гигиенасы. Балаларға жорық кезінде кездесетін қансорғыш және улы жәндіктерден (маса, сона, кене, ара, жылан т.б.) сақтанушараларын, денеден күн өткенде, суға батқанда, түрлі жарақат алғанда, суық тигенде, үсігенде, ас қорыту жолдары ауырғанда, күйгенде медициналық көмек көрсету керекті-



гін және жуыну, дене, аяқ, тіс тазалығын күтіп ұстау құралдарын үнемі алып жүру керектігін ескерту керек. Сонымен қатар, жорық кезіндегі негізгі ауру - сырқаттар - қажалу мен сүйел. Ол үшін аяқ киім судай жаңа болмауы керек. Шұлық пен шұлғау дұрыс киіліп, таза болуы қажет.

Тамақтану. Азық – түлік дайындау кезінде туристердің саны жорықтың өткізілу уақытымен ескеріледі. Азық – түлік жеңіл, әрі құнарлы болуы керек. Жорық кезінде міндетті түрде 3 мезгілдік аспен қамтамасыз етіліп отыруы керек. Себебі, жорық кезінде адам қажетті энергиясын өзінің жасаған іс-әрекетіне байланысты жоғалтып отырады. Физикалық жүктемесіз жұмысты орындайтын қызметкерге немесе оқушыға тәулігіне 2500-3000 ккал жеткілікті болса, жорықта, оның қиындығына байланысты 3300-4000, тіпті 7000-8000 ккал жетеді.

Бір күндік жорық кезінде пайдаланылатын тағам мөлшері:

1. Нан - 600 г.
2. Ботқа немесе макарон өнімдері - 200 г.
3. Ет консервілері - 100 г.
4. Май - 50 г.
5. Секер - 100 г.
6. Көкөністер, картошка - 500 г.
7. Компот, кисель - 40 г.
8. Қайнатылған сүт - 40 г.
9. Шай - 5 г.
10. Тұз - 1 г.
11. Бұрыш – 15 г.

Жорық кезіндегі қауіпсіздік. Қауіпсіздікті қамтамасыз ететін шараларға: жорықтарды, жарыстарды ұйымдастыру, даярлау және өткізу шаралары жатады. Оларға қатысушылар

мен жетекшілердің көп қырлы дайындығы, маршруттарды, жарыс орындарын дайындау, туристік топтардың материалдық – техникалық және медициналық қамтамасыздануы жұмыстары жатады. Жолға шыққандағы қауіпсіздік ережелері: 1. Маршруттың қатысушылардың қабілетіне сәйкес болу; 2. Алдын ала жолды, қауіпті жерлерді, су көздерін, маршруттан кетіп қалу жолдарын біліп алу; 3. Дайындықсыз, акклиматизациясыз жолға шықпау; 4. Алдын - ала ауа райы болжамын біліп алу; 5. Құрал-жабдықтарды, азықты, туристер денсаулығын мұқият тексеру, сырқаттанғандарды маршрутқа жібермеу;

6. Беделді жетекшісіз жолға шықпау; 7. Таңертең ерте шығу. 8. Аяқты жара мен үсіп қалудан сақтау; 9. Киім, аяқкиім бүтін және құрғақ болу керек.

Туристік алау. Туристік алауды жіңішке бұтақтан, құрғақ шөптерден, сонымен қатар арнайы дайындалып келген ағаштан жағу керек. Алау шатыр орналасқан орыннан 5-8 метр қашықтықта болу керек. Екі жақта тартып байланған жіпті үзу үшін, отынды жағып ұстау тұру қажет. Отты сайыстан соңғы болып келген команданың мүшесі жағады.

Шатыр. Шатыр – туристік жорық кезінде демалуға, қолайсыз ауа райынан, масадан, дала жәндіктерінен қорғайтын пана. Шатырды құру үшін ең алдымен тегіс жерді таңдап, дайындап алу керек. Негізін төсеп, 1-3 бұрышынан тартып, қазықпен бекітеді. Кейін негізінің 2-4 бұрышынан тартып, қыртысын жазу үшін тағы да қазықпен бекіттеді. Осыдан кейін биіктігі 1,5 метр темірмен шатырдың төрт қырын жіппен тартып, қазықпен бекітіп тастайды.

Жіп байлау, оның түрлері. Туристік жорықтар кезінде жеке бас қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жорыққа қатысушылар ауыр салмаққа төзімді және қозғалыс кезінде байланып, тез шешілетін мықты жіпті пайдаланады. Жіп байлаудың түрлері: тік, тқацкий, академиялық, булинь, түйіншек, тартып байлау.

Кедергілерден өту. Кез келген жорықта әртүрлі кедергілер жолағынан өту шартты міндет. Солардың бірі төмендегі суретте бейнеленгендей бір – бірінен бірдей арақашықтықта орналасқан автолікдөңгелектері.

Бұл турдың өткізілу шарттары: 1. Кедергіні топқа соңғы болып келген команда қатысушысы бастайды. 2. Жерге қол тигізуге мүлдем рұқсат етілмейді. 3. Автокөлік дөңгелектерін қаз-қатар тұрған күйінде өту керек, өтпей кетуге болмайды. 4. Демалып алуға шектеу қойылмайды.

Медициналық көмек. Туристік жорықтарда, көмек көрсету пунктерінен шалғай орналасқан жерлерде жүрген кезде қатысушылардың әр қайсысы жанындағы жолдастарына сынық, күйік, жарақат алған кезде алғашқы медициналық көмек көрсете білуі керек. Дәрі – дәрмек қорапшасының ішінде төменде көрсетілген дәрі – дәрмектер болу керек:

1) ауруды сездірмейтін дәрілер және қоздырушы заттар (анальгин, парацетамол, кофе-

ин, кардиомин, валидол, но-шпа, т.б.);

2) қан тоқтатушы және дезинфекциялаушы дәрілер (сутек асқын тотығы, йод, антибактериалды спрей, левомеколь мазь, т.б.);

3) антибиотиктер (пенициллин, тетрациклин, эритромицин, т.б.);

4) сыртқы дәрілер (зеленка, синтомицин майы, марганцовка, нашатырь мен медициналық спирт, лейкопластырь);

5) орау материалы (бинт, метрлік марля, мақта, т.б.);

6) саймандар (термометр, қайшы, бұрау, шприцтер, т.б.).

Компас. Компас – жер бетін бағдарлауға, географиялық немесе магниттік меридианның бағытын анықтауға арналған аспап. Жорықтар кезінде бағдар жасау қозғалысың бағытын дұрыс таңдап алу және маршрутқа байланысты дұрыс жүру үшін қажет. Компоспен жұмыс істеу әдісі. 1. Картаны компос арқылы бағдарлау; 2. Дәл тіркеу (Точечная засечка); 3. Қайтара тіркеу (Обратная засечка); Картаны компос арқылы бағдарлау кезінде компасты картаның үстіне қойып, картаны компоспен бірге айналдырады. Айналдырған кезде компастың бағыты меридианмен тұспа – тұс келуі керек. Егер де олар сәйкес келмесе, онда оларды екі меридиан ажыратып тұрғаны. Біреуі - географиялық, ал екіншісі - магниттік.





Қазақстанда агротуризмнің даму мүмкіндіктері



Елегенова А.С.

Қазақ спорт және туризм академиясы
«Туризм және сервис» кафедрасы
Магистр, оқытушы, Алматы қ.

Аңдатпа.

Қазіргі әлемдік туристік нарық жүйесінде агротуризм ерекше орын алады. Бүгінде ол туризм нарығының жетекші және белсенді дамушы секторларының бірі болып саналады.

Аннотация.

Особое место в системе современного мирового туристского рынка занимает агротуризм, сегодня его принято рассматривать в качестве одного из ведущих и активноразвивающихся секторов туристского рынка.

Кілт сөздері. *Агротуризм, ауылдық туризм, экотуризм, агротуризм фермалары, ауылдық демалыс үйі, қонақ үйлер*

Агротуризм ауылдық өңірдің туристік тиімділігін арттырып қана қоймай, ауылды дамытуға септігін тигізіп, оның әлеуметтік-экономикалық ахуалын жақсартуға бірден-бір үлес қосады. Агротуризм ауылдық аймақ жағдайын жақсарту, ауыл халқының экономикалық әл-ауқатын көтеру, жергілікті халықты жұмыспен қамту, табиғи, тарихи, мәдени мұра біртұтастығын сақтау, өңірге деген шет елдік әрі отандық туристердің мәдени, тарихи, экзотикалық қызығушылығын ояту мен арттыру, өңірдің туристік имиджін қалыптастыру сынды бірқатар өзекті мәселелерді шешудің тиімді жолы да бола алады.

Әлемнің көптеген мемлекеттері агротуризмді дамытудың өзіндік жолдарын қалыптастырып, бүгінгі күні үлкен пайдаға кенеліп отыр, себебі ауылдық туризм әлемдік туристік индустрияның ең қарқынды дамып келе жатқан саласы. Осы орайда, республикамыздың ауылдық аймақтарының жағдайын көтерудің әрі экономикалық тұрғыдан тиімді шағын туристік орталық

ретінде маңызын арттырудың негізгі жолы - агротуризмді дамыту ісіндегі шетелдік тәжірибені игеру және оны өз мемлекетіміз ішінде рационалды түрде қолдану [1].

Ауылдық туризмнің таралуының өзіндік географиясы бар. Бұндай демалыс түрінің дамуы урбанизацияның жоғары деңгейімен сипатталатын Батыс Еуропа мен Солтүстік Америка мемлекеттеріне тән. Ішкі территорияларға, ең алдымен табиғи объектілерге деген сұраныс пен қызығушылықтың өсуі осы елдердегі ішкі туризмнің дамуының алғышарты болды және экологиялық мәдениеттің жоғары деңгейімен ұштаса отырып, агротуризмді аса танымал туризм түрі ретінде қалыптастырды. Объектісі ауылдық аймақ, ферма болып табылатын агротуризм табиғат аясында тыныштықта тынығудан бастап, белсенді демалысқа дейінгі кең мүмкіндіктерді ашатындықтан балалар тарапынан да айрықша сұранысқа ие. Қазіргі таңда агротуризм Еуропада кеңінен таралған құбылыс болып отыр. Әр жыл сайын Италия, Франция, Испания бірнеше

миллион агротуристерді қабылдайды. Ресей мен Беларусь елдері де туризмнің агротуризм сынды табысты түріне айрықша көңіл бөлуде, әрі оны жан-жақты қолдап, дамытуда. Қала халқының басым бөлігінің фермерлік шаруашылық бойынша экскурсия құру үшін көптеген қаражат жұмсауға дайын екендігі шетелдің бірқатар мемлекеттерінде орын алып отырған агротуризмге деген сұраныстан көрініс табады [1].


Қаланың шуынан аулақ ауылдың мамыражай өмірі мына індетті ұмыттыратындай көреміз. Интернетке хабарландыру жіберіп, табиғаты тамаша жерде оқшау үй табылса, айналасы малға толы берекелі ауыл болса айлап жатып, тынығар едік деп сұрастырып жатыр. Бұл тағы бір мәселенің басын ашты. Яғни «ауыл туризмі» бізге ауадай қажет. Тек қазіргі қысылтаяң кезде ғана емес, жалпы осы туризмді дамытудың болашағы.

Бұл туризмнің мән-мағынасы – саяхатшылардың ауылдық жерде демалып немесе сол жердің егін-терім сияқты тірлігіне араласып, өзін жаңа ортада сезінуі. Туристер оны қала шуынан тынығу, таза ауада сейілдеп, табиғи, еш қоспасыз тағаммен тамақтанып, табиғаттың аясында тыным тапқысы

келуімен іздейді.

Ауыл туризмі этнографиялық сабақ алатын, балаларды қазақы болмыспен қауыштыратын, дала иісін сезіндіріп, кеңдікті көңіліне тоқытатындай шарттарды біріктіруі керек. Ауыл туризмін дамытып шешуге болады. Қонақжайлылықтың да қаражатына қол жеткізудің амалын ойластыру қажет. Мұндайда кез - келген ірі қаланың шетінде қолайлы жерді таңдап алып, жайлауға киіз үй тігіп, қажетті жабдықтарды жеткізіп, балаларға да, ата-аналарына да арналған бағдармалама жасап, уақыттарын мәнді өткізуге жағдай жасау қажет [2].

Ауылдық туризм – Қазақстанның туристік әлеуетін дамыту құралдарының бірі - бұл арзан, пайдалы және қызықты демалыс. Туризм дағдарыстық құбылыстарды еңсерудің тиімді құралы болып табылады, бұл аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуын жандандыруға ықпал етеді. Ауыл туризмін дамытуды ауылдық жерлердің тұрақты дамуын қолдаудың стратегиялық маңызы бар әлеуметтік-экономикалық жоба ретінде қарастырған жөн. Қазақстандағы ауылдық аумақтар туристерді ауылдық жерлерге тарту үшін дамуы қажет үлкен табиғи,



1- сурет. Ауыл туризмінің алдында тұрған негізгі міндеттері[5].

мәдени және тарихи әлеуетке ие. Ауылдың бүкіл мәдени мұрасы, тарихи көрікті жерлер, табиғи ресурстар туристік қызметтер нарығына ұсынылатын туристік маршрутты немесе бағдарламаны құрудың маңызды негізі болады [3].

Қазақстан Орталық Азиядағы іргелі мемлекетке айналып, әлемдік туризмдегі мамандардың назарын өзіне аударды, тұтас экономикалық кеңістік пен Еуразиядағы экономикалық қоғаммен бірлесіп, туризмнің жаңа келбетін қалыптастыруға мүмкіндік туды. Шетелдік сарапшылардың Қазақстандағы ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамдық келісім туристік саланың дамуына оң әсерін тигізіп отыр деп баға беруі осының дәлелі іспеттес [4].

Халықтың жұмыспен қамтылуын арттыруға ықпал ететін туристік қызметті құраушылар.


Қазақстан халықаралық және өңірлік нарықтарда ауыл туризмін дамыту үшін іске асырылмаған үлкен әлеуетке ие. Сондай-ақ, Қазақстан бірегей табиғи ресурстарға (қорықтарға, минералдық көздерге), көшпелі халықтың өзіндік мәдениеті мен дәстүрлеріне ие. Рекреациялық ресурстар мен тарихи - мәдени мұраның туристік әлеуеті Республикаға халықаралық туризм нарығына үйлесімді кірігуге және елдегі туризмнің қарқынды дамуына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл халықтың табысы мен кірісінің

тұрақты өсуін, туризммен аралас салаларды дамытуды ынталандыруды және ұлттық экономикаға инвестициялар ағынын арттыруды қамтамасыз етеді [5].

Қазақстан Орталық Азиядағы іргелі мемлекетке айналып, әлемдік туризмдегі мамандардың назарын өзіне аударды, тұтас экономикалық кеңістік пен Еуразиядағы экономикалық қоғаммен бірлесіп, туризмнің жаңа келбетін қалыптастыруға мүмкіндік туды. Шетелдік сарапшылардың Қазақстандағы ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамдық келісім туристік саланың дамуына оң әсерін тигізіп отыр деп баға беруі осының дәлелі іспеттес.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. https://www.inform.kz/kz/agroturizmdikalay-damytamyz_a2350346.
2. Уайсова А., Қаладан табиғатқа: «Ауыл туризмі» бізге ауадай қажет. Шілде, 2020.
3. Имангулова Т.В., Ушкулакова.Г.М. Ауылды аумақтарды тұрақты дамытудағы ауыл туризмінің маңызы «Георгафия и геоэкология», №2, 2018
4. Алтынбекова А.Ж., Агротуризм как основа повышения занятости сельского населения // Материалы научно-практической конференции, г.Улан-Удэ. 2018.
5. Калимов Н.Е., Развитие агро-эко-туризма в Казахстане. Материалы международной научно-практической конференции г. Улан-Удэ, 29 июня 2018 г.



2- сурет. Туристік қызмет үшін рекреациялық потенциалы [6].



Қарт Қаратау тәжі – Қаратау табиғи қорығы



Сейтжапбар Е.А.

Адами әлеуетті дамыту басқармасы
«Облыстық жас туристер станциясы»
туристік-спорт бөлімінің әдіскері,
Түркістан қ., Түркістан обл.

Андапта.

Елбасымыздың Ұлт жоспары – бес институттық реформасын жүзеге асырудың 100 нақты қадамының 57-қадамында туристік кластерлер құруда үздік тәжірибесі бар стратегиялық инвесторлар тарту жайы атап көрсетілген. Оңтүстікте туризм бағыты, оның ішінде экологиялық туризмнің даму қарқыны қалай? Осыған байланысты мақалада Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетіне қарасты ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың құрылуы, ондағы туризм бағытындағы атқарылып отырған істер мен туристердің келу қарқыны туралы айтылған.

Аннотация.

Шаг 57 Национального плана Президента - 100 конкретных шагов по реализации пяти институциональных реформ - описывает привлечение стратегических инвесторов с передовой практикой в создании туристических кластеров. Каковы темпы развития туризма на Юге, в том числе экотуризма? В связи с этим в статье рассказывается о создании особо охраняемых природных территорий при Комитете лесного и животного мира Минсельхоза, темпах прибытия туристов в связи с проводимой работой в сфере туризма.

Кілт сөздері: «Ақсу-Жабағылы» мемлекеттік қорығы, Қаратау қорығы, Тянь-Шань қоңырауы, Сібір тау ешкісі, Тянь-Шань және Қаратау арқарлары, Бұқар арқары, Түркістан сілеусіні.

Бұл орайда елімізде 2000 жылдардан бері ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру, оның ішінде экологиялық туризмді дамыту тетіктері қолға алына бастады. Кезінде алаштың айтулы азаматы Тұрар Рысқұловтың айрықша еңбегі, елге жанашырлығы мен көрегендігінің арқасында 1926 жылдың шілде айында республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақ «Ақсу-Жабағылы» мемлекеттік табиғи қорығы құрылған. Биыл оған 90 жыл толды. Қорық аумағында бүгінгі күні жаяу жүргіншілерге, атқа мініп серуендеушілерге, автокөлікпен жүріп тамаша-лаушыларға арналған, талай шетелдік туристердің табаны

тиген Талдыбұлақ, Жетімсай, Байбарақ, Кіші Қайыңды шатқалы – Үлкен Қайыңды асуы, Кіші Қайыңды шатқалы – Үлкен Қайыңды шатқалы, Үлкен Қайыңды шатқалы – Бойдақсай шатқалы – Қызөлген көлі – Қасқабұлақ шұқыры, Үлкен Қайыңды шатқалы – Үлкен Қайыңды асуы, Ақсу өзені каньоны – Ақсу өзенінің көпірі, Ақсу өзені каньоны – Таяқсалды шатқалы, Көксай шатқалы – Көксай көлі бағыттарындағы 10 туристік соқпақ отандық және шетелдік туристерге сапалы қызмет көрсетіп келеді. Бұл соқпақтар арқылы Талас Алатауы, Қаратау және Боралдай тауларының әсем табиғатын, өсімдіктер дүниесін тамашалап қана қоймай,



жабайы жан-жануарлармен жиі ұшырасуға болады.


Атап айтқанда Тянь-Шань қоңырауы, Сібір тау ешкісі, Тянь-Шань және Қаратау арқарлары сияқты аңдар осы қорық аумағын мекен етеді. Сондай-ақ, қорық кеңсесінде жабайы аңқұстарға арналған музей орналасқан. Өткен жылы қорық 1 471 турист қабылдап, туристік және рекреациялық қызметтен 5 395 мың теңге көлемінде қаржы түсірген. Туристердің ішінде елімізден өзге АҚШ, Еуропа, Азия құрлықтарының бірнеше мемлекеттерінен туристер келген. Бүгінгі таңда Жабағылы ауылында қорықтың 10 адамға арналған қонақүйі мен жеке кәсіпкерлердің қонақ-үйлері жұмыс істейді. Қуантарлық жағдай, 2015 жылдың маусым айында ЮНЕСКО тарапынан «Ақсу-Жабағылы» қорығына биосфералық резерват дәрежесі берілді. «Ақсу-Жабағылы» қорығын он жылдан аса басқарған қорық басшысы А.Меңлібековтің айтуы бойынша, көптеген жылдар бойы жоғалып кеткен Қазақстанның «Қызыл кітабына» енген қар барысы мен Түркістан сілеусіні соңғы жылдары мемлекеттік инспекторларға ұшыраса бастаған. «Ақсу-Жабағылы» қорығынан кейін 2004 жылға дейінгі сексен жылға жуық уақыт аралығында заңды тұлға мәртебесі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар оңтүстік өлкемізде құрылмаған. Қазақстан Республикасының «Қызыл кітабына» енген Қаратау арқары құрдымға кетіп бара жатқан тұста, осы арқарларды қорғау мақсатында Түркістан өңіріндегі Қаратау тауының 34 300 гектар учаскесіне 2004 жылы «Қаратау» мемлекеттік табиғи қорығы

құрылды. Осылай бұл да бір шешімін тапқан іс болды. Себебі, қорық құрылған жылы қорық аумағында арқарлар саны шамамен 38 басты құраса, қорғау және күзету бағытындағы жұмыстарды мекеме басшысы Ж.Әділбаевтың жүйелі жолға қоюы нәтижесінде он шақты жылда 8,5 есеге көбейіп, биылғы жылдың басына 321 басты құрап отыр.

ҚАРАТАУ ҚОРЫҒЫ туралы толығырақ айтса:

Қаратау бұдан бірнеше миллиондаған жылдар бұрын Жерорта теңізі мен Тынық мұхитының түбінен біртіндеп көтерілген ең ежелгі тау жоталарының бірі болып саналады. Қаратаудың табиғат байлықтарының ерекшеліктерін ескере отырып Қазақстан Республикасы Үкіметінің №249 қаулысымен 2004 ж 1 наурызда Қаратау мемлекеттік қорығы ұйымдастырылды. Қорықтың жер көлемі 34 300 гектар аумақты алып жатыр. Қаратаудың қорығының табиғаты айналасы құрғақ далалы және шөлейтті өңірлерімен шектеліп жатқан оазисті аймақты құрайды. Қаратау қорығы БатысТянь-Шань тау жотасының солтүстік-батыс сілемдерімен шекаралас Қаратау жотасының орталық бөлігінде орналасқан. Қорықтың айналасын Қызылқұм, Бетпақдала және Мойынқұм шөлдері қоршап жатыр. Қаратау жотасы – ғылым үшін мол қазына, өйткені ол флорасы мен фаунасының эндемизм пайыздылығы жағынан Орта Азия мен Қазақстанның басқа табиғи географиялық аудандарынан кем емес. Қорық аумағындағы өсімдіктердің 76 эндемді түрінен 65 сирек кездесетін өсімдіктер категориясына жатады. Жотаның эндемді және сирек түрлі

өсімдіктеріне реликті сипат тән, олардың пайда болуымен жасы әртүрлі. Олардың арасында Шренк тобылғы түсі, олигоценнің орман флорасынан парсы шетені, миоценнің көне жерорта теңіздік флорасынан понтикалық долана атты түрлері кездеседі. Негізінен олар таулы тасты баурайларында, жартастардың қапсағайларында, тасты алаңдарда, таудың жоғарғы жақтарында кездесіп, қаратаулық эндемді ксерофильді (шөлге бейімді) өсімдіктерінің ерекше ландшафтын құрайды, жотаның өсімдік жамылғысында таулы далалы ксерофитті ландшафттар үстем алады, бұл жерде шөлге бейімделген бұтақтар жартылай бұтақты өсімдіктер кездеседі. Флора жағынан Қаратау жотасы тек қана Қазақстанның ғана емес, бүкіл Орта Азияның бірден бір ерекше аймағы болып келеді. Аймақты шаруашылық игерудің ықпалынан эндемді және сирек кездесетін өсімдіктердің қоры мен өсу орны бара-бара қысқарып, кейбір түрлері құрып немесе құру қаупінде тұр, тұтас өсімдіктер жойылып барады. Сондықтан көне геологиялық дәуірлерден сақталған эндемді, сирек, реликті түрлерді қорғау және өсімдіктердің қалыптасу



тарихын айқындаудың үлкен ғылыми маңызы бар. Жабайы өсетін өсімдіктердің генофондын сақтаудың тәжірибелік маңызы бар тек Қаратауда ғана соңғы он жылдықта жойылуға жақын қалған Қаратау арқарының популяциясы кездеседі өткен үш жыл ішінде оның саны едәуір өсті. Ғалымдардың мәліметтері бойынша қорық аумағында өсімдіктердің 673 түрі, сүтқоректілердің 19 түрі құстардың 118 түрі, омыртқасыздардың 141 түрі анықталған. Қорықтағы жануарлар әлемі соңғы жылдары айтарлықтай өзгерді. Хайуандардың кейбір түрлері мысалы тянь-шань аюы мен барыс мүлдем жойылып кетсе, қабан, елік, қоян, архар сияқтылары сирек кездесетін жағдайға жетті. Атап айтсақ қаратау архарларының саны жылдан-жылға азайып, құрып кету қаупінде тұр. Қорықта сүтқоректілердің 30-ға жуық түрі кездеседі. Жыртқыштардан қасқыр, түлкі, қарсақ бірен-саран кездеседі. Тау үңгірлерінде жарқанаттар мекендейді. Құстардың 80-ге жуық түрлері есепке алынған. Олардың бүркіт, құзғын, сұңқар, сақалтай сияқты кейбір түрлері Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген. Қосмекенділерден көлбақа мен құрбақа, бауырымен жорғалаушылардың 5 түрі, балықтың 1 түрі мекендейді. Қорық аумағының ауарайы күрт құбылмалы болып келеді. Онда жылына орта есеппен 300-500 мм шамасында жауын - шашын түседі. Жазы ыстық, әрі құрғақ, шілде айының орташа температурасы +22 +26°C Қаратау қорығының аумағындағы өсімдіктер мен жануарлардың алуан түрлері оқшауланып, айналасындағы далалы, шөлейтті алқаптардың өсімдіктері мен жануарларынан тұратын түр құрамы жағынан мүлде ерекшеленіп тұрады.

Қорық аумағындағы өсімдік түрлерінде сол өңірдің өзіне ғана тән басқа аймақтарда кездеспейтін эндемик түрлер мен геологиялық замандардан сақталып, өсіп келе жатқан реликт түрлер көп кездеседі. Сондықтан бұл алқаптың өсімдіктері биолог ғалымдардың назарына ертеден-ақ ілінген. Қорық аумағында ғалымдардың зерттеулері бойынша жалпы өсімдіктердің 1666 түрі өседі, солардың 1536 түрі тек осы өңірде ғана өсетін түрлерге жатады. Қаратау қорығы республика көлеміндегі эндемик өсімдіктер түрлері өте көп өсетін бірден-бір аймақ болып саналады. Бұл өсімдіктердің эндемик түрлерінің көпшілігі өте сирек кездесетін түрлерге жатады. Соңғы жылдары ботаник ғалымдар эндемик өсімдік түр-

лері өсетін жекеленген 34 жерді анықтады. Қазақстанның 1981 жылы шыққан өсімдіктерге арналған Қызыл кітабында Қаратау қорығының аумағында кездесетін өсімдіктің 45 түрі тіркелген. Қаратау қорығында өсетін жалпы өсімдік түрлерінің 9 % эндемик түрлерге жатады. Ондай өсімдік түрлеріне – қаратау рапонтикулы, регель рафидофитона, грейг қызғалдағы, қаратау көкбасы, қаратау ырғайы, қаратау үшқаты, қаратау лепидолофасы, сиверс алмасы, қаратау ақшешегі, қаратау жыланбасы, қаратау кекіресі, қаратау қауы, қаратау маралтамыры, қаратау томаға шөбі және т.б. түрлер өседі. Бұл аты аталған өсімдіктің түрлеріндегі «қаратау» деген сөздің қосарланып жүруі, сол өсімдіктің тек осы өңірде ғана өсетінін нақтылап айғақтап тұр. Қаратауда ғана өсетін қаратаудың ақ терегінің аты әлемге әйгілі. Бұл ақ терек Қаратаудың Билікөл көлі орналасқан шығыс жақ беткейіндегі Берікқара деп аталатын шатқалда ғана өседі. Берікқараның ақ терегі тау шатқаланың 1000-1200 метр биіктігінде шағын ғана жерде (8 соттықтай жерде ғана) топтанып өзінше тоғай құрайды. Теректің көпшілігінің биіктігі 10 – 12 метр, айналасына бұтақтары жайыла өседі. Жас бұтақтарының сырты ақ түкті болып келетіндіктен ақтерек деп аталған. Теректің ең ірілерінің биіктігі 25 – 30 метрге жетеді. Бұл шағын терек тоғайының көрінісі бірден-ақ көз тартады.



Қаратау қорығының жануарлар әлемі де сан алуан. Әсіресе мұнда сирек кездесетін Үнді жерінен келіп, Берікқараның ағаштарына ұя салатын өте әсем құс – жұмбақторғай. Қорық аумағында құстың – 55 түрі, сүтқоректілердің - 16 түрі кездеседі. Сирек кездесетін жануарларға бүркіт, ителгі, қара дегелек, жыланжегіш, тау сусары, үнді жайрасы, қаратау арқары және т.б. кездеседі. Қаратау қорығының аумағын алдағы уақыттарда кеңейту шаралары да жоспарлануда. Оған келешекте Оңтүстік Қазақстанның Созақ ауданы жағынан тағы да 14317 гектар жер бөлінбек. Сонда қорықтың жалпы жер көлемі 48 617 гектарға жетеді. Олардың жапырақтары да майда, жел соқса тербеліп, керемет көрініс береді. Теректің діңі қатты, темірмен ұрғыласа шаңқшаңқ деп темірге ұқсас дыбыс шығарады. Теректің бұл түрін сақтап қалу мақсатында ол арада бұрыннан-ақ Берікқара ботаникалық қорықшасы ұйымдастырылған. Теректің бұған ұқсас бір түрі Өзбекстанның Зерафшан деген өңірінде бұрын өскен екен. Ол Зерафшанның ақ терегі деп аталған. Адамдардың ұқыпсыздығынан бұл терек түрі 1930 жылдары біржола жер бетінен жоғалған.

Қазіргі таңда бұл қорықта да Хантағы-Кемпіртас бағытында туристік соқпақ ұйымдастырылып, жұмыстар атқарылуда. 2015 жылы барлығы 86 турист «Қаратау» қорығы аумағында болып, табиғатын тамашалаған. Туристік және рекреациялық қызметтен түскен қаржы көлемі 500 мың теңгеге жетті. Осыдан кейін 2006 жылдың ақпан айында облыстың Түлкібас, Төлеби және Қазығұрт аудандарының таулы аумағында «Сайрам-Өгем» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі құрылды. Биылғы жылы бұл парктің құрылғанына он жыл толды. Он жыл көлемінде паркте туризмді дамытуда, ғылыми жұмыстар жасау, қорғау күзету бағыттарында ауқымды істер атқарылды. Бұл паркті сөз еткенде, оның құрылуына мұрындық болып, он жыл көлемінде басқарған Жеңісбек Тұрғановтың елеулі еңбегін атап өту жөн. Ұлттық парктің қорықтарға қарағанда ерекшелігі: мұнда шектеулі шаруашылық аймақтарында белгілі бір шаруашылықпен айналысу мүмкіндігі бар. Қазіргі таңда парктің даму жоспарына сәйкес 34 учаске ұзақ мерзімді жалға берілді. Атап айтқанда, «Алтын Дән» ЖШС, «EastWestcompany LTD» ЖШС, «Balnur» ЖШС, «Қасқасу Тур» ЖШС демалыс аймақтары, онда тек жергілікті емес шетелдік

туристер де келіп таза ауамен тыныстап, демалыстарын өткізіп жатады. Өткен жылғы маусымда барлығы 15 764 адам туристік рекреациялық мақсатта парк аумағында болған. Ақылы қызметтен 15930,7 мың теңге қаржы түсірілген. Парк аумағында бүгінгі таңда Мақпал көлі, Өгем ауылы – Сусіңген көлі, Сазан ата өзені бойындағы петроглифтер, Сайрамсу көлі, Сарыайғыр өзені – Сусіңген көлі, Бозторғай жылғалары, Сайрамсу өзені – Владислав шыңы – Сайрамсу өзені, Қасқасу өзені – Сусіңген көлі, Сарыайғыр өзені бойындағы шатқал, Құс базары туристік бағыттары жұмыс жасап келеді. Республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардан өзге жергілікті маңызға ие Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркі 2012 жылы құрылды. Өңірлік парк аумағында да Боралдай шатқалы – Тұра жартасы, Шұқыршақ сарқырамасы, Бұқар бұғылары туристік соқпақтары ашылған. Түркістан қаласы аумағындағы Бұқар бұғылары соқпағымен серуендеу барысында парк филиалының Сырдария өзені жағалауынан бұқар бұғыларын кездестіріп, тамашалауға болады. Бұл бұғылар кезінде Түркістанның 1500 жылдық тойына Елбасы Н.Назарбаевтың тартқан үлкен тартуы болатын. Бүгінгі күні бұғылар саны көбейіп жүзден асып отыр. Осы жерде тағы бір айта кететін жағдай, Елбасының бастамасымен Астана маңында құрылған «Жасыл аймақ» белдеуі оңтүстік өңірінде де жалғасын тауып, Шымкент қаласы маңындағы «Жасыл аймақ» белдеуі 6000 гектарға жуықтап келеді. Бұдан бөлек, Қостұра – Тұттыбұлақ қойнауы – Қасқа бастау – Мойнақ өткелі – Боралдай шатқалы, Қаражантауы – Орта Сүңгі шатқалы, Аяқ Сүңгі өзені – Аяқ Сүңгі шатқалы, Шардара су қоймасы маңы – Байырқұм көпірі туристік маршруттары бекітілген. Өңірлік парк құрылғанға дейінгі осы аумақтарда қызметтерін атқарып келген 13 аңшылық алқап қызметтерін тоқтатып, бүгінгі күнде ол жерлерде туризм бағытында біршама жұмыс таратқарылуда. Атап айтқанда, 9 учаске туристік және рекреациялық мақсатта ұзақ мерзімді жалға берілді. Өткен жылы парк аумағында 2184 азамат болған. Туристік қызметтен түскен қаржы көлемі 1, 831 мың теңге. Жалпы алғанда өткен жылы облыстағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға келушілердің саны 19 505 адамды құрап, туристік және рекреациялық қызметтерден 23 млн теңгеден астам қаржы

түсірілген. Биылғы жылдың 9 айында табиғи аумақтарды тамашалауға келген туристер саны 20470 азаматты құрап, 16 млн-нан астам қаржы бюджетке құйылды. Әлі де өлкемізде туризмді дамыту мақсатында қыруар жұмыстар жасауды қажет етеді. Сондықтан, оңтүстік өңірінде туризм индустриясымен және рекреациялық қызметтермен айналысатын ұйымдарды бір жерге тоғыстыру, үздік инвесторлар тарта отырып туристік кластерлер құру – сала мамандарының басты міндеті. Мемлекет басшысының 2013 жылғы 30 мамырдағы №577 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының «Жасыл экономикаға көшу» тұжырымдамасының экожүйелерді тиімді басқару және сақтау бөлігінде орман, балық шаруа-шылығымен бірге тірі табиғатты кешенді басқару мен экологиялық туризм мәселелері қаралған болатын. Онда Қазақстанда экологиялық туризмнің, оның ішінде инфрақұрылымның қарқынды дамып келе жатқандығы, сонымен бірге, экотуризм ландшафтарының сақталуына баса көңіл бөлу көрсетілген. Сөйтіп, біз Оңтүстік Қазақстан облысының ұлттық парктері мен қорықтары жайлы сөз еттік. Отанымыздың осындай байлығы тұрғанда көптеген қалталы азаматарымыз өзге мемлекеттердің экотуризмге қаржы құйып жатады. Шынтуайтына келгенде, біздің жеріміздің табиғаты әлемдегі мақтаулы елдердің ғажайыптарынан еш кем түспейді.

Өзіміздің экотуризмді дамыту – еліміздің келешегіне салынған зор ин-вестиция екендігін азаматтарымыз ұмытпаса екен.





«Мектептегі қысқы шаңғы техникасы туризмін жетілдіру және дамыту»

Изгалиева Д.Р.

«Жас туристер станциясы» КММ-нің
I санатты ҚББП, Тасқала ауд., БҚО

Андапта.

Автор мақалада шаңғы туризмін дамытуды, мектепте шаңғы тебу дағдыларын жетілдіруді, шаңғымен сырғанау әдістерін тереңдете меңгертудің және қысқы жорық санын көбейтудің маңыздылығын көздеген.

Аннотация.

Автор в статье подчеркивает важность развития лыжного туризма, совершенствования навыков и техники катания на лыжах в школе, а так же о значимости проведения зимних походов.

Кілт сөздері: Туризм, шаңғы туризмі, шаңғымен жүріп үйрену, шаңғы жүрісінің жылдамдығын арттыру, жыра-сайдан өту, төбеде сырғанап түсу.

Туризм - бұл серуен, жол жүру, бос уақыт кезінде саяхат, белсенді демалыс түрі, денсаулық кепілі. Ол өлкетану, адамзаттың рухани және әлеуметтік дамуы, жеке және ұжымдық түрде жоспарланып және практикалық түрде жүзеге асырылатын, демалыспен, спортпен, мәдениетпен және табиғи мұралармен тығыз байланысатын салалардың бірі.

Әлем кеңістігіндегі табиғат компоненттерінің туризммен айналысатынын көруге болады. Мыс: өсімдік тозаңдары әлеммен саяхаттаса, бір белдіктен басқа белдікке құстар көшіп қонады екен, ал тіпті жердің өзі бірнеше миллиард жылдар бойы күнді орбиталық айналып жүреді екен. Түрлі қажеттіліктерін жаратуда, кім болса да, саяхат жасауға құқығы бар, бірақ белгілі табиғи нормалар мен ережелерді сөзсіз сақтауы тиіс. Бұл адамдардың туристік мақсатта табиғи және мәдени мұраларды тиімді пайдалану мәселеде негізгі ереже болып табылады.

Міне, осындай туристік саяхатты тану туризмнің танымдылық, ғылымдық және спорттық бағыты мектеп жасынан басталады. Әр өлке, әр елді-мекен, әр мектеп өзінің табиғи және материалдық жағдайына қарай туризм бағыттарын қолға алады. Бірақ соған

қарамастан әр аудан мектептері туризмнің әр бағытынан практикалық жағдайда қолдана отырып, жете түсінік алуда. Әр мектеп өзі таңдаған бағытта терең пайдаланып, оның қолданысын балалар туризмінде әрі қарай дамыту үстінде.

Туризм үйірмешілері осы туризм бағыттарын тиісті түрде меңгеріп, оны іс жүзінде пайдалануда. Соның ішінде қысқы шаңғы туризмі терең түрде қолданылуда. Әр жорық, әр жарыс алдында шаңғы техникасы туралы толық мағлұматтар беріледі. Осы берілген мағлұматтар нәтижесінде әр техника толық дамуы тиіс. Содан соң әр қайсысы бағаланып қорытындылады. Мектеп оқушыларымен бірнеше жыл шаңғы техникасын жетілдіру нәтижесінде көптеген тиімді әрі жылдам нәтижелі әдіс-тәсілдері байқалды. Осындай бірнеше уақыт қажет ететін, бірақ толық қанды нәтиже беретін осындай жұмыстар әр мектеп оқушысының шаңғы техникасын дамытуда маңызы зор.

Сондықтан да әр жорық, әр жарыс алдында және шаңғы техникасын дамытуда мынадай тиімді әдіс-тәсілдерді нұсқаймын:

Шаңғымен жүріп үйрену.

Бастауыш сынып оқушыларын шаңғы тебуге

үйрету үшін, соның ішінде әлі де шаңғыға тұрып көрмеген немесе тебуге сескенетін оқушыны, ең алдымен:

1. Шаңғысыз мұз үстінде аяқ көтермей кезек-кезек адымдап жүргізу.
2. Қар үстімен шаңғысыз, бірақ шаңғы таяғын пайдаланып кезек-кезек адыммен аяқ көтермей жүргізу.
3. Кейін таяқсыз шаңғыға тұрғызып шаңғыны жерден көтермей жүргізу.
4. Шаңғы таяғын пайдаланып, шаңғыны жерден көтермей кезек-кезек адыммен жүргізу
5. Екі аяқты бір қатарға қойып тізені сәл бүгіп, екі қолды бір уақытта сермеп шаңғы таяғымен итеріле жүру.

Әр шаңғы дайындығы кезінде ескерілетін жағдай, бұл шаңғы бірлігі аз болған жағдайда. Тіпті бар болған жағдайда да, дайындықты аз-аз оқушымен жүргізілген жөн. Көп оқушыдан аз оқушыға үйренуіне көңіл көбірек бөлініп нәтижесі көп күттірмейді.

Шаңғы жүрісінің жылдамдығын арттыру.

1. Шаңғы жылдамдығын арттыру, жекелей және топтық түрде жүргізіледі. Ең алдымен белгілі бір арақашықтықты белгілеп алып, белгілі бір қалыпты жылдамдықпен жүргізіп отырады.
2. Содан соң арақашықтықты қысқарту түсу қажет.
3. Арақашықтық орта шамасына жетті деген кезде, бірте-бірте тап сол күйде қашықтықты қоса түсу қажет.
4. Ақыр соңы бастапқы арақашықтыққа жеткен кезде, алғашқы күннің жылдамдығы мен кейінгі күннің жылдамдығын салыстырыңыз. Жылдамдық міндетті түрде артады.
5. Қашықтық азайған сайын жылдамдық бірте-бірте байқалмай өсе түседі.

Осыдан кейін әр оқушы шаңғы теуіп әбден үйренді дедік, ендігі жерде оқушылар қысқы шаңғы жорығына немесе қысқы шаңғы техника жарысына дайындалуына болады.

Жыра-сайдан өту.

Бір бағытта түсіп шығу қажет. Түсіп шығу баста әдісімен жүргізіледі. Бұл жағдайда шаңғы таяғының маңызы зор. Кейбір жағдайда белгілі бір шетке дейін бір бағытпен барып, одан әрі бағытта құламай ауыстырылып шығып кету ұйымдастырылады.

Ескерту:

1. Қиындықтан міндетті түрде бір-бірімен өту қажет.
2. Шектен асып кетпеу және қиынды кезінде құламау.

Төбеден сырғанап түсу.

Төбеден сырғанау түрлі тәсілмен, негізінен жекелей түрде жүргізіледі. Себебі жекелей түрде түсу үйренуге оңай. Жорық немесе жарыс кезіндегі сырғанауға қарағанда дайындық кезінде сырғанау әлдеқайда қиын. Өйткені бұл кезде оқушы тек шаңғыны тебіп үйренгісі келеді. Сондықтан да үйреніп жүрген оқушыны төбеден сырғанатуды жеңіл түрінен бастап, бірте-бірте қиындатып, төбеден сырғанатуды әбден үйретуге болады. Бұл қалай жүргізіледі екен:

Ең алдымен баланы кішкене биіктен сырғанатып түсірген жөн. Кейін биіктікті жоғарлатып, ең шыңына дейін жеткізу қажет. Бірден төбеден түскен кезде әрбір балада қорқыныш сезім туады, ал бұл әдіс сезімді азайтып бірте-бірте үйреніп оны жеңуге әкеледі. Бұл әдіспен үйрену тез әрі баланың шаңғы тебуге деген қызығушылығы қайтпайды.

Биіктікке шығу.

Биіктікке шығу дайындық немесе үйрену кезінде топтық немесе жекелей түрде жүргізіледі. Дайындық кезінде биіктікке шығып үйрену үшін түрлі жеңіл әдістерді қолданған пайдалы. Негізінен биіктікке шығу екі тәсілмен жүргізіледі. Оның бірі шырша әдісі болса, екіншісі баспа әдісі. Осы әдістерді пайдалана отырып, биіктікке шығуға болады. Бірақ жаңадан бастаушы биік шыңына аз биіктікке шығып-түсіп, біртіндеп биіктікті қоса түскен жөн. Сонда осы әдісті пайдаланған әр оқушы биіктікке шығып-түсу үйренуі жеңіл әрі тез жүреді.

Қорытынды: Осындай тексерілген әрі тез нәтижелі әдістерді шаңғы техникасы дайындығы кезінде қолдансақ нәтижесі көп күттірмей көзге көрінеді. Содан соң бұның пайдасын жорық және жарыс кезінде көруге болады.

Педагогика ғылымдарының докторы Александр Александрович Остапец-Свешников айтқандай: «Қазір бізге өзіміз жүріп өткен алғашқы саяхатқа шыққан күндеріміз бен ұзақ мерзімді жорықтарымыз есімізге түсіп, қалайша турист-із кесуші болғанымызды еске аламыз»-деген екен. Сондықтан да жорық немесе жарыс алдында әрбір туризм техникасын үйреніп, әрбір дайындықты түпкілікті әрі сапалы түрде жүргізсек, жорық немесе жарыс кезінде қай қиынды да қиынға соқпай жеңіл де қызықты өтер еді.

Пайдаланылған әдебиет:

1. «Соқпақ –Тропинка» ғылыми-әдістемелік журналы /№1 2011 ж/ Орал қ.
2. «Дене шынықтыру» әдістемелік журналы/ №5 2015ж



Бұлдырты өзенінің биоморфологиялық алуан түрлігіне талдау



Анатолий Р. Қ
М.Өтемісұлы атындағы
Батыс Қазақстан университетінің
биология пәнінің магистранты,
Сырым ауд., БҚО.

Аннотация.

Автор өз мақаласында Бұлдырты өзенінің биоморфологиялық алуан түрлігіне талдау жасаған. 2017 жылдан 2020 жылға дейін флористикалық және геоботаникалық зерттеулер жүргізілген. Зерттеу ауданының табиғи аймақтары мен ерекше қорғаудағы өсімдік түрлерін кездесу ареалын анықтаған.

Аннотация.

В своей статье автор анализирует биоморфологическое разнообразие реки Булдырты. С 2017 года по 2020 год были проведены флористическое и геоботаническое исследования. Определены природные территории исследуемой территории и ареал особо охраняемых видов растений.

Кілт сөздері: Бұлдырты өзені, биоморфологиялық талдау, Серебряков әдісі.

Зерттеу жұмысының ауданы Евразиятық дала және бос шөпті ақ селеулі дала зонасына жатады.

Сырым ауданы – Батыс Қазақстан облысының оңтүстік-шығысында 50° 09' с.е. 52° 41' ш.б. орналасқан, жер аумағы 11,9 мың шаршы километр. Зерттеу объектісі ауданның шығыс бөлігіп ағып өтетін - Бұлдырты өзені (Сурет 1).



Сурет 1. Бұлдырты өзенінің орталық ағысы Солтүстігінде Бөрлі, солтүстік-шығысында

Шыңғырлау, оңтүстік-шығысында Қаратөбе, оңтүстік батысында Ақжайық, солтүстік-батысында Теректі ауданымен шектесіп тұр.

Ауданның топырағы топырақ түзілуі жиі ауысына байланысты әр түрлігімен ерекшеленеді. Солтүсті Орал маңы үстіртінде құм және саз балшықты қою-каштан топырақ, Бұлдырты мен Шідерті өзендерінің жоғарғы ағысында ыдыраған құм топырақты және саз балшықты жиі сортаңданған сор болып келеді. Шөлейтті белдем бозғылт-қызылқоңыр сортаңды және корбонатты топырақта жусанды-бетегелі, жусанды-көделі еркекшөпті шөлейтті және ағынсыз көлдері, сорлар мен құмды массивтері бар сазды жайпақ ойдымды құрылымдық жазықтар дамыған. Ашық-қызыл қоңыр топырағына жусанды-бозды бетегелі, шөлейтті дала тән. Жер бедері белесті-аңғарлық саздақты террасалы аллювийлік құмды жазықтар облыстың шығысында қалыптасқан.

Ауданның құмды рекреациялық ландшафтары Бұйғұл құм алабы мен шығыс белдеудегі Көкөзекқұм алабының батыс шетіндегі кішкентай құмды аралшалар болып саналады. Бұл құмды ландшафтардың қазаншұңқырларында қайың мен аршалар өседі.

Бұлдырты өзенінің бастауы сарқырама бұлақ болып табылады. Таза тұщы суы Орал Үстірт алды кемерінің борлы қыратынан шығып жатыр. Бұлақтан аққан су диаметрі 50 м болатын қолдан жасалған көлге жиналады. Көлдегі су бор жыныстарына түскен күн сәулесінің әсерінен көгілдір түсті рең береді. Көлдің айналасында түрлі ағашты бұталы өсімдіктер өскен, ал жағаға жақын жерлерде қамыс өсімдіктері таралады. Ауданы 0,25 гектарға жуық жасанды көлден асып шығып, Бұлдырты өзенінің бастауын береді.

Бұлдырты өзені бастауынан құяр жеріне дейін (орташа ағысы басынан Шилі өзенінің сол жақ құйылыс сағасынан оңтүстікке қарай орналасқан нүктесіне дейінгі, шамамен 25 километрлік өзен телімі Қаратөбе ауданында жатыр) 195 километрдей ғана аудан территориясы арқылы өтеді. Ол Бұлдырты бор алабының Былқылдақ батпақты жері арасында жатқан Былқылдақ және Жосалы сайларының қосылған жердегі, Ақсуат ауылынан солтүстік батысқа қарай 1 км жерден басталады да, ауданның оңтүстігінде Жетікөл ауылынан оңтүстікке қарай 10 км жердегі Жалтыркөл көліне құяды. Су жиналатын алабы 4660 км², жалпы ұзындығы 258 км болатын 8 саласы бар. Басты салалары: Шилі, Тамды, Жымпиты. Жылдық орташа су ағыны 1,6 м³/с Абай ауылы тұсында.

2002 жылдан 2019 жылға дейін флористикалық және геоботаникалық зерттеулер өткізілді. Зерттеу жұмыстарының қорытындысы бойынша біз, Бұлдырты өзені бассейндегі өсімдіктердің өмір сүру формасына байланысты Серебряков әдісін пайдаланып 19 топқа бөлдік, нәтижесінде 337 түр, 65 тұқымдас, 207 туыс анықтадық (Кесте 1). Өсімдіктерге биоморфологиялық талдау олардың тіршілік формаларын жіктеудің бірнеше классификациясын қолдана отырып жүргізеді [1-3,5]. Жабық тұқымдылардың экологиялық морфологиялық белгі-

леріне негізделіп жасалған И.Г.Серебряков (1962;1964) ұсынған өсімдіктердің тіршілік формасының экологиялық-морфологиялық классификациясы көбіне нақтылық үшін кең қолданады.

Кесте 1. Бұлдырты өзеніне биоморфологиялық талдау

№	Топ атаулары	Саны	Пайызы
1	Ағаштекес түрлер	59	17%
	1.Ағаш	14	4,2%
	2.Бұта	21	6,2%
	3.Жартылай бұта	10	3%
	4.Бұташық	12	3,6%
2	Көпжылдық поликарпты шөптесін түрлері	196	58%
	1.Қысқа тамыр сабақты	35	10,3%
	2.Ұзын тамыр сабақты	48	14,2%
	3.Кіндік тамырлы	64	19%
	4.Тығыз шымдалған	5	1,5%
	5.Бос шымды	6	1,5%
	6.Тамыр сабақты	8	3,1%
	7.Түйнек түзушілер	3	0,8%
	8.Шашақ тамырлы	3	0,8%
	9.Шым түзушілер	5	1,5%
	10.Пиязшықтар	10	3%
	11.Лиана	1	0,3%
	12.Жер үсті жылжушы	3	0,8%
	13.Түйнек тамыр сабақты	5	0,5%
3	Біржылдық поликарпты шөптесін түрлері	84	25%
	1.Бір жылдық	62	18,3%
	2.Екі жылдық	22	6,5%

Кестенің орталық бөлігінде шөптесін поликарпикті (196;58%) орналасқан. Ең үлкен үлесті кіндіктамырлар (64; 19%) алды. Осы түрдегі өсімдіктер тегіс жазықтықтарда таралған (Сурет 2).



Сурет 2. Ақ селеулі бос шөпті дала

Мысалы:

Осылардың арасында әртүрлі шөптесін Шалғын сәлбені (*Stachys stepposa* Shost.), Андрежевский қалампыры (*Dianthus andrze-jowskianus* (Zaral.) Kulcz, қарғатұяқ сужелектүс (*Falcaria vulgaris* Bernh.), ақ қаңбақ (*Gypsophila paniculata* L.) кездеседі.

Кіндіктамырлардан кейін ұзынтамырсабақты түрлер (48;14%). Олар Бұлдырты өзенінің жайылмалары шалғындары мен салаларында таралған. Мысалы: жатаған бидайық *Bromopsis inermis* (L.), бір жылдық қоңырбас (*Poa annua* L.), жабын арпабас (*Bromus squarrosus* L.).


Тоғандар мен жағалауда көбіне мына түрлер кездеседі: Кәдімгі қамыс (*Phragmites australis* (Cav.), жіңішке жапырақты қоға (*Typha angustifolia* L.), шатыршалы теңгебас (*Butomus umbellatus* L.).

Өзеннің терең жерлерінде сирек кездесетін ақ тұңғиық (*Nymphaea alba* L.), сары сүгүлі, дүңгіршек (*Nuphar lutea* L.) кездеседі (Сурет 3,4).

Сурет 3. *Nymphaea alba* L. Сурет 4. *Nuphar lutea* L.



Өзеннің төменгі ағысында және құмдардың көлбеу беттерінде қысқатамырсабақтылардың (35;10%) кәдімгі арша (*Juniperus sabina* L.), көктем жанаргүлі (*Adonis vernalis* L.), кәдімгі



сәбізшөп (*Silaum silaus* (L.) таралған.

Түр жағынан сирек кездесетін пиязшықтар 10 түр (3%). Бұл топтағы түрлер көктемгі уақытта ерте дамиды эфемерлер мен эфемероидтар. Биберштейн қызғалдағы (*Tulipa bibersteiniana* Schult), Шренк қызғалдағы (*Tulipa schrenkii* Regal) мен қаз жуа (*Gagea bulbifera* (Pall.) Salisb.).

Дала және құмды аймақтағы қоректену типіне байланысты шымтүзуші түрлердің үлесі (5; 1,5%). Оларға: садақбоз қау (*Stipa capillata* L.), бетеге боз (*Stipa lessingiana* Trin. et Rupr.), Беккере құмбетегесі (*Festuca beckeri* (Hack.) Trautv.), еркек бидайық (*Agropyron pectinatum* (Bieb.) Beauv.).

Назар аударатын басты түрлер монокарпикті (84; 25%) біржылдық шөптесін түрлер.

Антропогендік факторлар әсерінен (өзен жағалауларында бақша салу, қызыл мия өндіру, ірі қара және ұсақ малдардың тұяқтарымен тапталуы) монокарпикті өсімдіктер пайда болды. Соның ішінде рудеральды арамшөптер және факультативті біржылдықтар көріне бастады.

Барлық өзен маңындағы рудеральды арамшөптер сипаттамасына қарай топтастырылды: бүрметікенді сарысою (*Xanthium strumarium* L.), имектеу түйетікен (*Carduus uncinatus* Bieb.), сарғылт өлен (*Crepis tectorum* L.) т.б. Біржылдық түрлерден жиі кездесетіні: тікендісарысою (*Xanthium spinosum* L.), итошаған шоңайна (*Arctium lappa* L.), тікенқурай бояуыш (*Carduus oleraceum* (L.) Scop).

Бұлдырты өзені бассейнінде ағаш және ағаштекес (59;17%) түрлер анық байқалады. Өзеннің жоғарғы ағысында ағаштар мен бұталардың үлесі мол. Төменгі ағысы мен салаларында эдафикалық және экологиялық факторлардың әсерінен өзгерістерге ұшырап, соңғы уақытта бұташықтардың үлесі артқан.

Бұлдырты өзенінің салалары мен жайыл-

ма ормандарында: ақ терек (*Populus alba* L.), қотыр қайың (*Betula pendula* Roth) таралған Бұташық ярустардан тікенді қараөрік (*Prunus spinosa* L.), тікенді итмұрын (*Rosa canina* L.), татар ұшқаты (*Lonicera tatarica* L.). Құмды рекрациялық массивтерде жусанды қауымдастықтарқұм жусаны (*Artemisia arenaria* DC.) мен кейбір жерлерде біртегіс кәдімгі аршалар (*Juniperus sabina* L.) көмкерілген, қазақшұңқырларда талдардан (ақшыл тал (*Salix livida* L.), Каспий талы (*Salix caspica* L.) ешкі тал (*Salix caprea* L.) өскен (Сурет 5).

Жартылай бұталар (10; 3%) және жартылай бұташықтар (12; 3,6%) әртүрлі топырақта таралуына байланысты өзен бойында әртүрлі таралған. Зерттеуге алынған өзен бойындағы территорияларда сол аймақта басым және таралған түрлер: Маршаллов жусаны (*Artemisia marshalliana* L.), австрия жусаны (*Artemisia austriaca* Jacq.), Лерхов жусаны (*Artemisia lerchiana* Web.), қара бүлдірген (*Rubus caesius* L.) т.б.

Жартылай бұташықтардың арасынан тегіс жазықтарда кездесті: *Ephedra distachya* L., жайылма изен (*Kochia prostrata* L.), майқара жусан (*Artemisia rauciflora* L.) т.б. Осы тектес жартылай бұташықтар зерттеулі ауданда кездескен ше-

карасы шөлейт немесе дала зонасына жатады.

Барлық биоморфологиялық талдау төмендегідей нәтиже көрсетеді: флораның өмір сүру формасын 19 топқа, шөптесін өсімдіктердің 280 түр (83%) олардың ішінде басым түрлеріне шөптесін поликарпиктер (58%), бұлдардан бөлек қалыпты топтарға монокарпикті біржылдықтар 25% флоралық құрамды толықтырса, бұташықтар мен бұталардың үлесі 6,6% аздау кездесетін ағаштардың үлесі 4%.

Пайдаланған әдебиеттер:


1. Абдулина С.А. Список сосудистых растений Казахстана /Под редакцией Р.В.Камелина.- Алматы, 1998. 187 с.

2. Дарбаева Т.Е. Конспект флоры меловых воз Северо-Западного Казахстана: Уральск 2002 г.131 с.

3. Дарбаева Т.Е. Флора меловых возвышенностей Северо-Западного Казахстана Автореферат диссертация на соискание ученой степени доктора биологических наук Санкт-Петербург 2003.,51 стр

4. Лавренко Е.М. Степи Северной Евразии 1990, Л. -230 с.

5. Черепанов С.К., Сосудистые растения России и сопредельных государств. 1995, -992 с.



Сурет 5. Кәдімгі арша (*Juniperus sabina* L.)



Кіші өзендерді экологиялық- гидрологиялық зерттеу әдістері



Тапаев Д.А.

Краснояр ЖОББМ-нің ҚББП-і,
Ақжайық ауд., БҚО.

Андатпа.

Автор өз мақаласында шағын өзендері зерттеудің экологиялық және гидрологиялық әдістерімен таныстырады. Бағырлай өзенінің маңайында жүргізілген далалық экологиялық және гидрологиялық зерттеулердің нәтижелерін ұсынады. Су объектісінің экологиялық жағдайын баға береді.

Аннотация.

В своей статье Автор знакомит с эколого-гидрологическими методами исследования малых рек. Представляет результаты проведенных полевых гидрологических исследований на примере реки Бағырлай. Дает экологическую оценку состояния водного объекта.

Кілт сөздері: Бағырлай өзені, су қорын зерттеу құралдары, арқан, жіп (шпагат), батометр, лотлинь, диск Секки, қайық, термометр.

Кіші өзендердің негізгі гидрологиялық сипаттамаларын, су режимдерін толық зерттеу және олардың экологиялық жағдайын бағалап алу қажет. Осы мақсатта жүргізілген су ресурстары тапшы болып табылатын Батыс Қазақстандағы кіші өзендердің бірі – Бағырлай өзені алабында жүргізілген далалық экологиялық – гидрологиялық зерттеулердің нәтижесін қарастырайық.

Бағырлай өзені

Бағырлай тармағы Атамекен (бұрынғы Антоново) ауылынан 3 км қашықтықтан басталады. Ол қазіргі уақытта Орал өзенінің жайылмасынан бөгет арқылы бөлектеніп жабылған және Сарай және Тайпақ каналдарының суын қабылдайды. Бағырлай тармағы басталатын жерінен бастап бөгетке дейін Алмалы ауылына (бұрынғы Котельный) дейін су қоймалық режимде болса, ал ағысы бойымен төмен қарай Атырау облысы территориясының шекарасындағы Шаб-

даршап (бұрынғы Харьков) ауылы маңындағы бөгетке дейін аралығында табиғи арнасы суға толған ирімдер тізбегінен тұр. Аудан өзендерінің барлығы ағысы жағынан жазықты түріне жатады.

Қоректену көзі жағынан барлық су ағындары негізінен қар суымен қоректенеді, сондықтан су режимі бойынша барлығы су тасуы көктемде жүретін өзендер болып табылады. Ақжайық ауданының далалық кішігірім су ағындары су режимі қазақстандық типке жатады, оларға тән жағдай көктемгі су тасқыны шұғыл және биік толқынды, ал жылдың қалған мезгілдерінде ағын өте аз, тіпті болмайды. Орал өзені шығыс еуропалық типтегі су режиміне жатады, ол жоғарыда айтылған типке ұқсас болады, айырмашылығы күзгі су ағыны аздап болса да жоғарырақ болады.

Зерттеу кезеңі

Зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, әде-


биеттерге шолу, гидрологиялық зерттеу құралдарын дайындау. Өзендерді және сол ауданды зерттеу маршруты, бақылау нүктелерін таңдау, далалық күнделік жүргізу, су сынамаларын және зертханалық зерттеуге қажетті мәліметтерді алу.

Су айқындылығын және тереңдігін мен температурасын анықтау үшін бірнеше әдістер бар.

Су қорын зерттеу үшін қажетті құралдар: өзен арнасына жеткенше дейін пайдаланатын арқан немесе жіп (шпагат), батометр, лотлинь, диск Секки, қайық, термометр.

1. Секки тереңдігі. Секки диск пайдаланылатын өзен су ашықтығын өлшеу үшін тіркеме жүкпен суға арқан төмендеген диаметрі 30 см, жүргізу үшін тікелей төмендеді. Оның орнына Секки диск нөмірінің пайдаланылуы мүмкін, ыдысты жабуға, торға салып. Оған дейін, әзірге төмендетілді Disc көрінетін. тереңдігі, оның дискіні түсірілсе және ашықтық көрсеткіші болады су. (сурет 1)

Сурет 1. Диск Секки құралы көмегімен өзеннің тұнықтығын анықтау



2. Судың температурасын анықтау.

Судың температурасын анықтау үшін бізге судың температурасын өлшейтін термометр құрал көмегімен судың терең жеріне барып 3 минут судың астында ұстауымыз қажет кейін жылдамырақ алып қарауымыз қажет.

3. Судың иісін анықтау.

Судың иісі судағы организмдердің өміріне байланысты болады. Су құрамындағы тірі



$$S_1 = \frac{a_1 \cdot h_1}{2} = \frac{0.15 \cdot 1.40}{2} = 0.10 \text{ м}^2$$

$$S_2 = \frac{h_1 + h_2}{2} \cdot a_2 = \frac{0.15 + 0.40}{2} \cdot 2 = 0.55 \text{ м}^2$$

$$S_3 = \frac{h_2 + h_3}{2} \cdot a_3 = \frac{0.40 + 0.55}{2} \cdot 2 = 0.95 \text{ м}^2$$

$$S_4 = \frac{h_3 + h_4}{2} \cdot a_4 = \frac{0.55 + 0.77}{2} \cdot 2 = 1.32 \text{ м}^2$$

$$S_5 = \frac{h_4 + h_5}{2} \cdot a_5 = \frac{0.77 + 0.85}{2} \cdot 2 = 1.62 \text{ м}^2$$

$$S_6 = \frac{h_5 + h_6}{2} \cdot a_6 = \frac{0.85 + 0.66}{2} \cdot 2 = 1.51 \text{ м}^2$$

$$S_7 = \frac{h_6 + h_7}{2} \cdot a_7 = \frac{0.66 + 0.27}{2} \cdot 2 = 0.93 \text{ м}^2$$

$$S_8 = \frac{h_7 + a_8}{2} = \frac{0.27 + 0.80}{2} = 0.10 \text{ м}^2$$

организмдер өлген соң – табиғи иісі, су қоймасының суы, сондай-ақ раковиналардың иісі, канализациялық, өнеркәсіптік қалдықтар - жасанды иістер болып табылады. Біріншіден, тиісті негіздер бойынша иісті сапалы бағалауды қамтамасыз етеді: батпақты, өткір, балық, шірік, хош иісті, мұнай т.б. Иіс қуаты 5 шкала бойынша бағаланады.

4. Өзеннің ұзындығы мен тереңдігін өлшеу

Өзеннің ұзындығын өлшеу үшін бір жағадан екінші жағаға дейін арқан керіп алып сол арқан бойымен 2 метр жерден судың тереңдігімен ұзындығын есептеп аламыз.

Кесте 1

Өзеннің өлшенген арақашықтығы	Тереңдігі
1,4 м	0,15 м
3,4 м	0,40 м
5,4 м	0,55 м
7,4 м	0,77 м
9,5 м	0,85 м
11,4 м	0,66 м
13,4 м	0,27 м
14,2 м	0 м

Мыс: Өзен суының мөлшерін анықтау үшін a1 тұрақты басынан бірінші өлшеу нүктесіне дейінгі қашықтықты белгілейміз, a2 арқылы бірінші өлшеу нүктесінен немесе өлшеу тігінен екінші нүктеге дейінгі қашықтық белгілейміз т.б h1- тереңдік, S1- ауданы, a1 – арақашықтық мына формуланы пайдаланамыз.

Ауданның көлденең қимасын анықтау үшін F ауданды пайдаланып:

$$F = S_1 + S_2 + S_3 + S_4 + S_5 + S_6 + S_7 + S_8 = 0,10 + 0,55 + 0,95 + 1,32 + 1,62 + 1,51 + 1,93 + 0,10 = 7,08 \text{ м}^2.$$

Өзендегі су шығынын есептеудің үлкен дәлдігі үшін жоғарғы, басты және төменгі тұстамаларда есептелген тірі қима аудандарының орташа шамасын білдіретін өзен қимасының есептік ауданы арқылы анықтауға болады.

5. Өзен ағысының орташа жылдамдығын анықтау.

Өзен ағысының жылдамдығының көрсеткішін желсіз ауа райы кезінде анықтайды ол үшін бізге қалтқы немесе пластикалық 0,25 бөтелке пайдалануға болады. Қалтқыларды алдын ала белгіленген жерден бастап жібереді. Секундомер құралы арқылы әрбір қалытқының жүріп өткен жылдамдығын есептеп орташа жылдамдықты табуға болады.

№ қалтқы	Қашықтық, метр	Уақыт, сек	Ағыс жылдамдығы м/с	Ағыстың орташа жылдамдығы м/с
1	20	72	0,25	
2	20	75	0,27	0,25
3	20	80	0,26	

Орташа ағыстың жылдамдығы
Vcp=0,25 м/сек

Пайдаланған әдебиеттер:

- Беркалиев З.Т. // Гидрологический режим рек Центрального, Северного и Западного Казахстана. Алма-Ата, 1959. 278 б.
- Ақпамбетова К.М., Абиева Г.Б. // Қарасор көлі алабы өзендерінің экологиялық-гидрологиялық мәселелері. ҚарМУ жаршысы. Биология, медицина, география сериясы.- 2009. - №3 (55).-Б.82-86 б.
- Берлигужин.М. // Тақырыбы: Кіші өзендерді гидрологиялық зерттеу әдістері. Соқпақ. - 2014. - №2.- 32-33 б.
- Шиширина Н.Е. // Практическое руководство по комплексному исследованию экологического состояния малых рек. Тула, 2000
- Близняк Е.В. // Водные исследование – М., 1952. -118



Жергілікті жерді бағдарлау

(сабақ жоспары)



Айтуреева Қ.М.

Адами әлеуетті дамыту басқармасының
«Облыстық жас туристер станциясы»
Туристік экскурсия бөлімінің ҚББП-ы
Түркістан қ., Түркістан обл.

Аннотация.

Группам была предоставлена информация о том, как ориентировать землю, как правильно использовать фоновый инструмент и как определять горизонты с помощью фонового инструмента.

Аңдатпа.

Оқушыларға жергілікті жерді бағдарлау сонымен қатар тұсбағдар құралын қалай дұрыс қолдану керектігі мен тұсбағдар құралы арқылы көкжиек тұстарын анықтау туралы мәліметтер берілген.

Кілт сөздері: Бағдарлау, көкжиек тұстары, тұсбағдар.

Сабақтың білімділік мақсаты: Үйірмешілерді жергілікті жерді бағдарлай білуге, байқампаздыққа тәрбиелеу.

Сабақтың дамытушылық мақсаты: Үйірмешілердің тақырыппен жұмыс жасау, салыстыру, талдау жасау логикалық ойлау жүйесімен өз ойын еркін жеткізе білу, өз Отаны сүйеге, табиғатын аялауға тәрбиелеу.

Сабақтың тәрбиелік мақсаты: жұмыс жасау қабілеттерін арттыру, туған жерін құрметтеу, үлкен-кішіні сыйлау, құрмет көрсету.

Сабақтың түрі: аралас сабақ

Сабақтың әдісі: баяндау, түсіндіру, сұрақ жауап, ұжымдық жұмыс

Көрнекіліктер: тұсбағдар, слайдтар.

Сабақ барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі.

а) Оқушылармен амандасу, түгендеу, құрал - жабдықтарын тексеру.

ә) Оқушыларды психологиялық дайындау.

б) Оқушыларды жаңа материалдарды қабылдауға даярлау.

Жаңа сабақ: Жергілікті жерді бағдарлау.

Бүгінгі сабақта

Сіз меңгересіз: тұсбағдар құралын қолдануды, онымен көкжиек тұстарын анықтауды

үйренесіз.

Сіз білесіз: көкжиек аралық тұстар, тұсбағдар құралы, бағдарлау ұғымы.

Жергілікті жерді бағдарлау дегеніміз - бұл жергілікті жердің көкжиек тұстарын анықтау болып табылады. Бейтаныс жерде бағдарлау үшін ең алдымен көкжиек тұстарын табу керек, содан кейін барып өзіңнің тұрған жеріңді анықтайсың.

Көкжиек тұстарын анықтау:

• Көкжиек тұстарын анықтаудың ең оңай жолы тұсбағдар арқылы анықтау болып табылады. Тұсбағдардың көк тілі магниттелген, сондықтан ол әрдайым солтүстікті көрсетеді. Компасты дұрыс бағытта ұстау арқылы оңтүстіктің, шығыстың қайда екенін дәл таба аласыз. Алайда тұсбағдар күнделікті қолымыздан табыла бермейтіндіктен, көкжиек тұстарын күн, жұлдыз, табиғат белгілері мен құбылыстары арқылы анықтаудың әдістерін білгеніңіз абзал.

• Көкжиек тұстарын күн арқылы анықтау үшін жерге ұзын таяқ қадаңыз. Оның көлеңкесін сызықпен сызып қойып отырыңыз. Араға уақыт сала отырып көлеңке әбден қысқарғанша өл-

шеуді жалғастырыңыз. Ол күннің батқанын білдіреді. Егер оған теріс қарап тұрсаңыз, алдыңызда солтүстік, артыңызда оңтүстік, оң жағыңызда шығыс, сол жағыңызда батыс болады.

• Егер сіз солтүстік жартышарда болсаңыз, түнде Поляр жұлдызы арқылы бағытты оңай анықтай аласыз. Ожау іспетті жетіқарақшы жұлдызын барлығымыз білеміз. Аспаннан жетіқарақшыны тауып алып, ожаудың алдыңғы қабырғасынан жоғарыға қарай ойша сызық сызыңыз. Сызық бойындағы жарық әрі үлкен жұлдыз - Поляр жұлдызы. Одан жерге түскен тік сызық солтүстікті көрсетеді.

Жалпы тұсбағдарды қалай қолданамыз? Тұсбағдардың қолдану тәртібі:

• Тұсбағдарды қолданарда оны тегіс жерге қоямыз.

• Оның тежегішін ағытып, тілі тоқтағанша күтеміз.

• Көк тілі С әрпін, қызыл тілі О әрпін көрсеткенше қорабын бұрамыз. Енді бағытты оңай анықтауға болады.

• Жұмыс аяқталғанда тұсбағдардың тежегішін қайта қосамыз.


Бағдарлау - ориентация (франц. orientation – шығысқа қарай бағыттау, лат. oriens – шығыс сөзінен алынған) – 1) бақылаушының өзі тұрған жерін айналасына, көкжиек тұстарына және жер бедері элементтерінің кейбір өзгешеліктеріне қарап анықтауы. Бағдарлау компас немесе карта көмегімен, аэрофото-түсірім мен жергілікті белгілерге, Күнге, Айға, жұлдыздарға қарап, сондай-ақ жарық, радио және дыбыс толқындары бойынша да жүргізіледі; 2) ғарыштық аппараттың геометриялық аспан денелеріне (ай, күн, жұлдыз) сондай-ақ, магнит немесе ауырлық өрісінің күш сызықтарына қатысты анықталатын орны; 3) күрделі геометриялық фигуралар үшін түзуде бағыт ұғымын жалпылап алу. Нүкте түзу бойымен қарама-қарсы екі бағытта қозғала алады. Мыс: горизонталь түзудің бойындағы қозғалыс солдан оңға қарай не оңнан солға қарай бағытталады. Осы сияқты әрбір тұйық қисық сызықты сағат тілінің бағытымен не сағат тіліне қарсы бағытпен бағдарлауға болады.

Бағдарлаудың қандай түрлері бар?

Мысалы: күнге қарап, тұсбағдар арқылы

Жергілікті табиғи белгілерге қарап бағдарлауға болады.

Бүгінгі сабақтан алған білімдерін «дұрыс» немесе «дұрыс емес» тұжырымдары арқылы



тексереміз. Оқушылар кезекпен сұрақтарға жауап береді.

1. Көкжиек – айналамыздағы көзкөрім жер. (дұрыс)

2. Бағдарлау үшін дүние бөлігінің 5 тұсын пайдаланады. (дұрыс емес)

3. Тұсбағдар – көкжиек тұстарын анықтайтын құрал. (дұрыс)

4. Тұсбағдардың көк тілшесі оңтүстікті көрсетеді. (дұрыс емес)

5. Тұсбағдар адаспау үшін қажет. (дұрыс)

6. Күн әрқашан шығыстан шығады. (дұрыс)

7. Түс кезінде күн солтүстікте болады. (дұрыс емес)

Бүгінгі сабақта:

• Көкжиек аралық тұстар, тұсбағдар, жергілікті жерді бағдарлау ұғымымен таныс болдыңыздар.

• Тұсбағдар құралын қалай қолдануды білдіңіздер.

• Тұсбағдар көмегімен көкжиек тұстарын анықтай алуды үйрендіңіздер.

Қорытынды:

Бүгінгі өткен сабақтан алған білімдерін анықтау үшін оқушыларға сұрақтар қою арқылы бекітеміз.

• Бағдарланудың қандай түрлері бар?

• Көкжиек тұстарын қалай анықтауға болады?

• Жергілікті жерді бағдарлау дегеніміз не?

• Тұсбағдарды қалай қолдануға болады?

Үйге тапсырма.

Бөлмеңдегі заттардың қай тұста орналасқанын тұсбағдар көмегімен анықтаңыз.



“Туристік өлкем - Түркістаным”

(Онлайн ашық сабақ)



Амирова Б.А.

«Облыстық жас туристер станциясы»
КММ, Туристік-экскурсия бөлімінің
ҚББП-ы, Түркістан қ., Түркістан обл.

Андатпа.

Қазіргі таңда Түркістан қаласы тарихы терең туристік қалалардың бірі болып отыр. Қазақстан Республикасында туризмді дамытуға барлық мәдени, тарихи географиялық және климаттық жағдайлар жеткілікті. Үйірмешілерге түрлі әдіс - тәсілдерді қолдана отырып өлкеміздің туризмді дамытуға қосып жатқан үлесін айқындап көрсету басты мақсатымыз.

Аннотация.

Один из древнейших городов Центральной Азии Туркестан успешно развивается, превращаясь в крутой центр регионального туризма. Республика Казахстан известна своими уникальными природными и географическими условиями. Наша главная цель: показать вклад в развитии туризма, применяя различные формы, методы, подходы на занятиях кружка.

Кілт сөздері: Түркістан, Қ.А.Яссауи, Ескерткіш, Кесене, Яссы тобы, Шауғар тобы.

Сабақтың мақсаты:

• **Білімділік:** Қазақстанның ежелгі қаласы Түркістан, Қожа Ахмет Яссауи кесенесі туралы білімдерін тереңдету

• **Дамытушылық:** Оқушылардың дүниетанымын кеңейту, сөздік қорларын байыту, ойын жүйелі түрде жеткізе білуге дағдыландыру.

• **Тәрбиелік:** Тарихи ескерткіштерді, ежелгі орындарды құрметтей білуге, Отанына, туған жерге деген сүйіспеншілік сезімдерін оятуға тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: сайыс, саяхат сабақ

Сабақтың әдіс - тәсілдері: әңгімелеу, сұрақ - жауап, жаттығу, т. б.

Сабақтың көрнекілігі: Power Point бағдарламасында жасалған слайдтар.

Пәнаралық байланыс: тарих, география.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру.

1. Амандасу

2. Оқушы назарын сабаққа аударту.

3. Сабақ мақсатымен таныстыру.

II. Жаңа сабақ. Қызығушылығын ояту

Мұғалім сөзі: - Жаңа сабағымызды Елбасымыз Н. Ә. Назарбаевтың сөзімен бастағалы тұрмын: «Біз өзіміздің белгілі тарихымыз бен өзіндік болашағымыз бар еуразиялық елміз».

«Түркістан – екі дүние есігі ғой, Түркістан-ер түріктің бесігі ғой»-деп жырлаған Мағжан Жұмабаев. Түркістанның тарихы тереңде жатыр. 2000 жылы ЮНЕСКО көлемінде 1500 жылдығын атап өтсе де қаланың тарихы тым әріде жатыр деп санайды тарихшылар. Сонымен, атауының өзі айтып тұрғандай, Түркістан қаласы қазақ хандығының ең бірінші астанасы. Қаланың көне атауы – Яссы. Яссы Ұлы Жібек Жолының сауда орталығы және округі болған. XII ғасырда әсіресе Қ.А Яссауи көшіп келген соң ерекше атаққа ие болған. Қала Хазрет-сұлтан аталған Қожа Ахмет Яссауидің арқасында әлемге әйгілі болған. Мұсылман әлемінде Қожа Ахмет Яссауи кесенесі екінші Мекке болып саналады. Әмір Темір бұйрығы бойынша атақты Қожа Ахмет Яссауи маза-

ры үстіне кесене орнатылды. Көптеген тарихи кезеңдерді бастан кешкен бұл кесененің биіктігі 40 метр.

Тарихи-мәдени «Әзірет султан» қорық-мұражайының территориясында атақты тұлғалар жерленген. Олар әртүрлі заманда өмір сүрген күллі қазақ халқының игі жақсылары. Кесенеде қазақтың Қаз дауысты Қазыбек би, Абылай хан, Есім хан, Хақназар хан, Тауке хан, Шығай хан, Жәңгір хан, Қанжығалы Бөгенбай, тобықты Мамай т.б. Осыған қарап-ақ, бұл қаланың қасиеттілігіне көзіңіз жетеді.

«Түркістанда тай қазан, ойламаңдар жай қазан»- деп әнге арқау болған бұл қазанды әйгілі қолбасшы Әмір Темір 1399 жылдың 25 маусымында арнайы тапсырыспен Қарнақ елді мекенінде құйдыртқан. Қазанды жасаған Ирандық шебер Әбділ Әзиз Шарафаддин Тебризи. Тарихи тай қазанға қатысты тағы бір дерек: 1935 жылы тайқазанды Эрмитажға Иран шеберлерінің 3 халықаралық конференциясына алып кетіп, тек 1989 жылдың 18 қыркүйегінде ғана Түркістанға қайтарылған. Тайқазан жеті асыл металдың (мырыш, қола, қорғасын, мыс, күміс, темір) қоспасынан құйылған.

Өткен ғасырда Түркістан аумағы 1400 гектардай жерді алып жатты. 1903 жылы Түркістанда темір жолы вокзалы салынды. 1908 жылы 3616 үй, 41 мешіт, 2 класты қалалық учи-

лище, қыздар училищесі, 1 медресе, 23 мектеп, 2 шіркеу болған. Қала халқы 1910 жылы 15236 адам болған.

1918 жылы 6-9 қаңтар аралығында Түркістанда Сырдария облысы қазақтарының съезі өтіп, онда Сырдария облысының Алаш автономиясына қосылу мәселесі қаралған. Сырдария қазақтары Алаш автономиясына қосылған жағдайда Түркістан қаласы Алаш астанасы болады деген шешім қабылданды.

Түркістан қаласы 1928 жылдан Түркістан ауданының әкімшілік орталығы. Оңтүстік Қазақстан облысының орталығы Шымкент қаласынан 170 км. қашықтықта орналасқан. Қаланың шығысы тарихи Отырармен, солтүстігі Кентау қаласы және Созақ ауданымен, батысы Қызылорда облысының Жаңақорған ауданымен шектеседі. Әкімшілік аумағы 9,4 мың шаршы шақырымға жетеді. 2017 жылғы мәліметтерге сүйенсек, қалада 160 мың 530 халық тұрады.

7. Еліміздің рухани астанасы саналатын Түркістан қаласына өткен жылы зиярат етіп, тарихи-мәдени ескерткіштерді тамашалауға 1 090 755 қонақ келген. Оның 18 мыңы шетелдік туристер. Бұл «Әзірет Султан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі жариялаған мәліметтер. Тарихи-мәдени ескерткіштерге «штрих-кодтар» орнатылып, осы «штрих-код»



арқылы смартфонның көмегімен туристер тарихи нысан туралы қажетті мағлұматты қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде алады.

Топқа бөліну: Яссы тобы. Шауғар тобы

Шауғар тобының ұраны

Шауғар тобы алға,

Биіктерге самға!

Яссы тобының ұраны

Қазақстаным жүрегім,

Түркістаным тірегім!

Үйірмешілер, бүгінгі сабағымыз ерекше, ол – саяхат сабағы. Сабақта біз Түркістан қаласына саяхат жасап, осы мәліметтерді пайдалана отырып, білімдерімізді шыңдаймыз.

– Ал саяхатқа шығу үшін бізде не болуы керек?

– Карта.

– Дұрыс айтасындар, ендеше мен сендерге қазір саяхат картасын көрсетемін

Бірінші аялдамамыз «Әңгімелесу бағы» аялдамасы

Блум түймедағы (Терең және жеңіл сұрақтар қойылады)

Келесі аялдамамыз «Сөздік алқабы»

Саяхатымызды жалғастырамыз «Білім шыңы» (Кроссворд шешеміз)

Блумтүймедағы сұрақтары

1. ҚР-ң рухани астанасы қай қала?

2. Түркістан қаласы қай жылы облыс мәртебесін алды?

3. Дүниежүзіне белгілі облысымыздағы музейді ата?

4. Түркістан қандай қала?

5. Түркістанда жаңадан ашылған қандай ғимараттарды білесіңдер?

6. Қ.А. Яссауи кесенесі қай ғасырда тұрғызылды?

Жауаптары

1. ҚР-ң рухани астанасы қай қала? (Түркістан)

2. Түркістан қаласы қай жылы облыс мәртебесін алды? (2018 жылы 19 маусым)

3. Дүниежүзіне белгілі облысымыздағы музейді ата? (Қожа Ахмет Яссауи)

4. Түркістан қандай қала? (Рухани киелі, терең тарихи, жаңа сәулет ғимараттары бар қала)

5. Түркістанда жаңадан ашылған қандай ғимараттарды білесіңдер? (Амфитеатр, Медиа орталық, Шығыс моншасы, Әуенді субұрқак, Оқушылар сарайы).

6. Қ.А. Яссауи кесенесі қай ғасырда тұрғызылды? (XIV ғасырда)

Келесі аялдамамыз «Сөздік алқабы»

Мұғалім сөзі: - Ал, енді осы көргенімізді, естігенімізді толықтырайық.

Сөздермен жұмыс: Әр дұрыс жауапқа «5» балл

1. қасиетті

2. кесене

3. көне саяси орталық

4. ордасы болған

5. ғибадатхана

6. келешегі зор

Жауаптары

1. қасиетті – священный – sacred

2. кесене – мавзолей – mausoleum

3. көне – древний – ancient

4. саяси орталық - политический центр – political center

5. ордасы болған - был центром – was center

6. ғибадатхана - молитвенный дом – prayer house келешегі зор - огромное будущее – great future

Кроссворд

1. Түркістанның ежелгі аты?

2. Қ.А. Яссауидің қызының есімі?

3. Қобызды кім ойлап тапқан?

4. Сайрамның ескі атауы?

5. Ескерткіш, өнер туындыларын сақтайтын орын

6. Жер бетін бағдарлауға арналған құрал?

Жауабы: Әр дұрыс жауапқа «5» балл

1. Тұран

2. Гаухар

3. Қорқыт

4. Испиджап

5. Музей

6. Компас

Қорытынды

1. Жеңімпаз топты анықтау

2. Әр халықтың қадір тұтатын жері, бас иер мекені бар. Қазақ халқының сондай қасиетті жері – Түркістан қаласы. Бұл қала тек қазақ халқының ғана емес, бүкіл түркі халықтарының рухани орталығы. Кесене туралы да білімімізді толықтырдық. Кесене сендерді қызықтырды ма? Онда барғыларың келе ме? Мүмкіншілік болса, осындай киелі жерге барып, қасиетті адамдардың басына тағзым етіп отырындар. Өйткені, тарихсыз болашақ жоқ. Біздің болашағымыз - сендерсіңдер. Сендер осындай тарихи ескерткіштерді қорғап, көркейтіп, арғы ұрпақтарымызға жеткізетін, еліміздің көркейіп дамуына атсалысатын мына, сендерсіңдер!



Бөлме гүлдерінің түрлері және оларды отырғызу, күтіп, баптау.

(ашық сабақ)



Бекмуханова А.Б.

Аудандық «Жас туристер станциясы» КММ-нің ҚББП-і
Сырым ауд., БҚО.

Аңдатпа.

Сабақта бөлме өсімдіктерінің түрлеріне, оларды отырғызу, күтіп, баптау мәдениетіне сипаттама берілген. Жарық, температура, суару және ауа ылғалдылығы туралы ақпарат өсімдіктерге мүмкіндігінше табиғи жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Аннотация.

На уроке приводятся краткие описания 8 растений и их особенности выращивания в культуре. Информация об освещенности, температуре, режиме полива и влажности воздуха даст возможность обеспечить растениям условия, наиболее близкие к естественным.

Кілтті сөздері: бөлме өсімдіктері, қалемшелеу, топыраққа отырғызу

Мақсаты:

Білімділік: Үйірме мүшелерін бөлме гүлдерінің түрлерімен таныстыру. Күту, өсіру жолдары туралы кеңестер беру;

Дамытушылық: Бөлме гүл аттарын есте сақтауға дағдыландыру;

Тәрбиелік: Эстетикалық тәрбие беру. Гүлдерге қамқорлық жасауға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Бөлме гүлдері, кітаптар, бөлме гүлдері туралы слайдтар, ойынға арналған табан іздері.

Сабақтың типі: Жаңа тақырыпты меңгеру

Түрі: аралас сабақ (теориялық кезең және сарамандық кезең)

Әдісі: тренинг, түсіндіру, сұрақ-жауап, слайд көрсету, бөлме гүлдерін отырғызудың жолдарын, әдістерін нақты көрсету.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру бөлімі. Сәлемдесу. Оқушыларды түгендеп, ортаға шығарып тренинг ұйымдастыру.

Тренинг: «Табиғат тілімен тілек айту»

Оқушылар шеңбер құрып тұрады. Қолдарында гүл болады. Осы гүлдерді бір-біріне ұсына отырып, жақсы көңіл күймен табиғатқа байланысты сөздерді пайдалана отырып, тілек айтылады.

1. Бұлақтай мөлдір таза бол!
2. Жұлдызың жарық болсын!
3. Айың оңынан тусын!
4. Гүлдей жайнай бер!
5. Қызғалдақтай құлпырып жүре бер!

II. Жаңа сабақ.

Сабақтың теориялық бөлімі

Ой шақыру. Өсімдіктер тарихын түсіндіріп тақырыпқа шығу.

Адамзат дамуының алғашқы дәуірінде олардың негізгі қорегінің бірі өсімдіктер болғаны мәлім. Тағам үшін ішіп-жейтін өсімдік түрлерінің көбеюіне байланысты адамдар олардың әрқайсысының ерекше дәмі, иісі, қасиеті барын да байқаған. Ертедегі египеттіктерде алоэ, қараған, анис, медуница, зығыр, лотос, көкнәр, жалбыз, тал, ар-

шаның шипалық қасиеттерін біліп үй бөлмесіндегі, үй ауласында өсіре бастаған. Мұнан 4 мың жыл бұрын үндістандықтар 760 дәрілік өсімдіктерді пайдалана біліп, гүлдер отырғызумен де әуестенген. Кейін өсімдіктердің далада, үй ауласында, үй бөлмесінде өсетін түрлері пайда болып, олар сәндік қызмет атқарды. Адамдар үйіне, ауласында өсетін гүлдерді бір-біріне сыйлап, оның жұпар иісінен, әсем түрінен ләззат алған. (Оқушылардың назарын слайдқа аудартып, бөлме гүлдерімен таныстырамын)

Әрине бүгінгі сабағымыз бөлме гүлі болғандықтан практикалық бөлімге көшіп бөлме гүлін отырғызайық.

Сабақтың практикалық бөлімі:

Бөлме гүлдерін қалемшелеу және топыраққа отырғызу.

- Біз, бүгін «традесканция», «колеус», «қазтамақ», «хлорофитум» тағы да басқа гүлдерін қалемшелеп, топыраққа отырғызуды үйренеміз.

Қажетті заттар: ыдыс, топырақ, құм, ұсақ тас, су қажет.

- Енді, балалар қалемшені әзірлеген ыдысқа отырғызамыз.

Гүл өсірудің нұсқау ережелерін араларыңыздан бір оқушы айтып берсін.

- Жаңа ыдыс түбіне 5-6 майда тас саласың,

- Ыдыс түбіне 3-5 см-дей құм салуға көмектесейік,

- Енді арнайы күрекшемен қара құнарлы топырақ саламыз,

- Қалемшені әзірленген топыраққа отырғызып бекітіміз,

- Отырғызғаннан кейін аздап су құямыз (оқушылар әр қайсына берілген қалемшені топыраққа отырғызады.)

- Міне, гүл отырғызудың қыр-сырын көріп, үйрендіңіздер.

Дидактикалық ойын:

«Өз гүліңді танып біл»

Оқушылар арнайы дайындалып берілген жұлдыз жорамалдан өз гүлдерін танып, білуі тиіс.

Дидактикалық ойын: «Қандай гүл білесің?»

Оқушылар жерге берілген табан іздерімен жүріп гүл аттарын айту.

III. Сабақты бекіту.

Пікірлесу. (оқушыларға төмендегі сұрақ-

тар қою арқылы пікірлесемін)

- Бөлме гүлі не үшін керек?

- Бөлме гүлдерін сақтап қалу үшін қандай шаралар жасау керек?

- Сен өзің не істер едің?

IV. Қорытынды. Рефлексия «Сиқырлы смайликтер» (оқушылар өткен сабақтың әсерін смайликпен көрсетіп, қызықты өткен әсерлерін қағазға жазып, өз ойларын айтады)

Маған өте қызықты өтті _____

Мен бүгін түсіндім _____

Маған өте қиын болды _____

V. Үйге тапсырма: Отырғызған гүлдерді күтіп-баптау, қадағалау.

VI. Бағалау: Бүгінгі сабаққа керемет қатыстыңыздар. Рақмет!

Сабақ аяқталды, сау болыңыздар.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қожақұлова Ж. «Экологиялық білім мен тәрбие беру» әдістемелік нұсқаулық, Алматы: 2010

2. «Биология анықтамалығы» журналы 2019/2020

3. «Бөлме өсімдіктерін баптау» кітапшасы





Жергілікті жерді күнге, айға, жұлдыздарға қарап бағдарлау әдістері

(ашық сабақ)



Ысмайылова О.Ж.

Адами әлеуетті дамыту басқармасының
«Облыстық жас туристер станциясы»
туристік-экскурсия бөлімінің ҚББП-і,
Түркістан қ., Түркістан обл.

Аннотация

На открытом занятии с учениками 6-7 классов автор ставил перед собой цель научиться сориентировать Землю по солнцу, луне и звездам, глядя на небесные тела при организации туристических поездок на природу или туристической деятельности в личных целях.

Андапта

Автор 6 – 7 сынып оқушыларымен жүргізген ашық сабағында қоршаған ортада, яғни табиғат аясында туристік жорықтар немесе жеке қызығушылық мақсатында орын алатын туристік іс-әрекет ұйымдастыру жағдайында, аспан денелеріне қарап жергілікті жерді күнге, айға, жұлдыздарға қарап бағдарлау әдістерін меңгертуді көздеген.

Кілт сөздері: Қоршаған орта, балалар, жер, күн, ай, бағдарлау, астрономия, қозғалыс, туризм, жорық, іс-әрекет және экскурсия, жетіқарақшы, темірқазық т.б

Мақсаты: Үйірмешілерді аспан денелерімен таныстырып, жергілікті жерде компас, карта немесе аэротүсіріс арқылы бағытты анықтау. Бағдарлық бағыт ретінде дүниенің төрт бағыты (солтүстік, оңтүстік, батыс, шығыс), Күннің, Айдың, жұлдыздардың орналасу жағдайларын білу.


Міндеті:

1. Астрономиялық белгілерге қарап көкжиек тұстарын анықтау;
2. Күнге, Темірқазық жұлдызы мен Айға қарап көкжиек тұстарын анықтайтын болады;
3. Күн сағаттарын жасауға тәжірибе жүргізетін болады;
4. Алынған ақпараттарды өмірде қолдана алады.

АКТ қолдану дағдылары: интернет-ресурстар, дерекқордан және интернеттен сабаққа қатысты ақпаратты іздеу, сұрақ-жауап әдістері.

Ресурстар: презентация, бейне суреттер, жұмыс дәптері, қалам мен түрлі түсті қарындаш, стикер, видеоматериалдар, кері байланыс парағы т.б

Құндылықтарды дамыту: үйірмешілердің оқуға, білімге деген қызығушылығын арттырып, еңбекке баулу, жеке және топта жұмыс жасай алу, ынтымақтастық.



Амансың ба, Алтын күн!
Амансың ба, Көк аспан!
Амансың ба, достарым!
Сендерді көрсем қуанам.

Қайырлы таң, достым,
Қайырлы күн болсын.

Дүйсенбінің күні,

Сәттілікке толсын деп мұғалім өз сабағын бастайды.

– Балалар, сендердің жылы жүздеріңді көргеніме өте қуаныштымын. Бүгінгі сабағымызда өте қызықты, өте пайдалы деректер айтылатын болады. Мұқият тыңдап, тапсырманы бірлесе, белсенді түрде орындайтын болсақ, көп нәтижелерге жететін боламыз.


II. ЖАҢА САБАҚ

«Бағдарлау» орыс тілінде «ориентирование» деп аталады. «Ориентирование» сөзі латынның «origens» – «шығыс» деген сөзінен шыққан. Ерте замандардан бері әлемнің шығыс тұсы қасиетті болып саналған. Себебі, шығыстан Күн шығады. Күн – тіршіліктің көзі.

Жергілікті жерді бағдарлау дегеніміз – өзіңнің орналасқан жеріңді, қозғалыстың бағытын, көкжиектің тұстарын, жергілікті жердің бедерін, анықтау дегенді білдіреді. Жаңа сабақты түсіну үшін мына бейне сабақты қарап, сол сабақ бойынша мына сурет арқылы топтастыру жұмысын жүргізейік.

Аспан денелеріне не жатады?

Топтастыру. Әдіс. «Сурет арқылы» (Марс, Юпитер, Сатурн, Уран)



1 ТАПСЫРМА.

Әдіс. «Жұлдыз аулау» Топтық жұмыс.

- Телескоп дегеніміз не?
(Жұлдыздар мен аспан денелерін бақылайтын құрал.)
- Тұсбағдар не үшін қажет?
(Бағдарлау.)
- Тұсбағдарды қай кезде қолданады?
(Бағдарлау үшін)
- Көкжиек тұстарын ата.
(Шығыс, батыс, оңтүстік, солтүстік.)
- Қандай жұлдыздарды білесің?
(Шолпан, Темірқазық, Жетіқарақшы, Үркер т.б.)
- Тұсбағдардың қызыл тілі қай тұсты көрсетеді?
(Оңтүстікті)
- Тұсбағдардың көк тілі қай тұсты бағдарлайды?
(Солтүстікті)
- Тұсбағдардың оң және сол жағы қай тұсты көрсетеді?
(оң – шығыс, сол- батыс)



2-ТАПСЫРМА.

«Күн жүйесі» бейнематериал Бағалау критерийі

1. Ақпаратты топпен талдайды
2. Күн жүйесіндегі Күн мен Жердің орынын анықтап, жаз.
3. Күн жүйесіне кіретін планеталарды жаз.
4. 1-Сұрақ құрастырады.

ҚБ: Бағалау парағы (Ақылды Үкі) яғни мадақтау.

Белсенді болған оқушыларды мадақтау сәті.



Оқушылар, енді ата-бабамыздан келе жатқан наным-сенімге байланысты мына аңызды естідіңіздер ме? Олай болса сол жайлы ақпаратты тыңдайық.

Түнгі күзеті көп мал шаруашылығымен шұғылданған қазақ халқы түні бойы батпай Темірқазықты айнала қозғалатын Жетіқарақшыны Жер тараптары мен түн мез-



гілдерін айыруда жиі пайдаланған. Жетіқарақшының ең жақсы көрінетін айлары – наурыз, сәуір айлары. Жетіқарақшы республиканың барлық аумағынан айқын көрінеді.

Қазақ ертегілері бойынша Жетіқарақшы және Темірқазыққа қатысты екі ертегі сақталған.

Біріншісі: Тәңірі өз аттарын Темірқазыққа байлайды. Темірқазықтың қасындағы қос жарық жұлдыз сол Ақбоз ат пен Көкбоз ат есептеледі. Темірқазыққа арқандалған тұлпарларды ұрлау үшін жеті қарақшы жылқыны торуылдап, жайылған жылқының соңынан қуалап баспалап айналып жүреді. Бірақ әр күні таң атып кетіп, олар қапы қалып отырады.

Екіншісі: Осыдан көп заман бұрын аспан әлемінде ағайынды жеті жігіт өмір сүріпті. Өздерінің ауызбіршілігі мықты, күшті, сотқарлықпен аты шығып жүріпті. Күндердің күнінде ағайындылардың бірі Үркер шоқжұлдызының Үлпілдек атты сұлу қызына ғашық болып, ұрлап кетіпті. Сол әрекетінен кейін оларды басқалар Жетіқарақшы атап кетіпті. Қыздарын қарақшылардан құтқарып алу үшін Үркеліктер әлі де Жетіқарақшыны қуып жүр екен дейді, жақындап қалғанда ылғи да таң атып қала береді екен. Қуып жеткенде олардың қырғын соғысынан ақырзаман болады дейді, аңыз. Ең жарқырап тұрғаны қарақшылардың атаманы, жанында көмескіленіп тұрғаны сол Үлпілдек ару екен.

Шын мәнінде зер салып байқап қарасақ, Жетіқарақшының сабы жағынан қарасыңыз Екінші әлде үшінші жұлдыздың түбінен әлсіз жарықты жұлдызды көресіз. Одан соң аспан әлемінің екеуі екі қарама қарсы тұсынан туса да таң бозарғанда бір-біріне өте жақындап қалады.

Қорытынды. Жергілікті жерді күнге, айға, жұлдыздарға қарап бағдарлау жайлы ақпараттарды түсіндіңіздер деп ойлаймыз. Күн жүйесіндегі планеталар мен қоса жұлдыздар жайлы ақпараттар, аңыз-әңгімелерге де шолу болды. Енді осы тақырып бойынша барлық ата-бабалардан келе жатқан ескі наным-сенімдерді сақтап, болашаққа ұғым ретінде қолдануды ұмытпаңыздар.



Жорық кезінде аспалы өткелді өз бетімен дайындау және өту



Айтимбетов Б.К.

«Облыстық жас туристер станциясы»
КММ Өлкетану бөлімінің ҚББП,
Түркістан қ., Түркістан обл.

Аңдатпа

Мақалада қазіргі заманда туристік өлкетану қызметі арқылы өскелең ұрпаққа тәрбие беру мүмкіндіктері мен жолдары айтылады. автор өскелең ұрпаққа туристік өлкетану қызметі арқылы тиімді уақыттарын пайдалану, дені сау азамат болуға шақырады. мақалада Салауатты өмір салтына, қажетті жағдайда өз бетімен жедел шешім қабылдауға, жауапкершілікке, төзімділікке тәрбиелеуге шақырады.
Кілт сөздері: Спорт, жорық, карабин, жұмар, туристік түйіндер, сегіздік.

Бағдарлама жоспары: Жаяу туризмнің техникасы мен тактикасы

Сабақ тақырыбы: Жорық кезінде аспалы өткелді өз бетімен дайындау және өту

Сабақ мақсаттары:

Білімділік: теориялық алған білімдерін практикалық түрде орындап үйрету туристік қызметтің белсенділігін арттыру

Дамытушылық: Туристік дағдыларын қалыптастыру, туристік-спорттық дайындықтарын, икемділіктерін дамыту

Тәрбиелік: Салауатты өмір салтына, қажетті жағдайда өз бетімен жедел шешім қабылдауға, жауапкершілікке, төзімділікке тәрбиелеу

Сабақ түрі: Аралас сабақ

Пәнаралық байланыс: – Туризмнің белсенді түрлерінің техникасы мен тактикасы

Туристік-спорттық дайындық

Дене тәрбиесі

Оқыту әдісі: Жаяу туризм барысында кездесетін кедергілердің бірі кездейсоқ өзеннен аспалы өткелді өз беттерімен дайындап өтуді меңгерту

Сабақтың техникалық және материалдық жабдықталуы:

Акт

Топшамалар

Туристік сақтандыру системасы
Карабиндер
Пруссик
Негізгі және көмекші арқандар

I. Ұйымдастыру бөлімі:

1. Оқушылармен амандасы
2. Жоқ оқушыларды белгілеу
3. Жұмыс орындарының сабаққа дайындығын тексеру

II. Кіріспе нұсқау

Оқушылардың зейінін жаңа сабаққа бейімдеу (өткен сабақты қайталау, слайд)

Жаяу туризм дегеніміз не?

Жаяу туризм барысында кездесетін қандай табиғи кедергілерді меңгеру операцияларын білесіз?

Сақтандыру системасында қандай байлаулар орындалады?

Жұмар дегеніміз не?

Дюльфер дегеніміз не?

Негізгі арқан неше диаметрлі болуы қажет?

Сегіздік байлауы қандай мақсатта орындалады?

Бөрене арқылы өткенде арқан бөренеге қандай байлау арқылы бекітіледі?

(АКТ. Оқушылар операциялар көрсетілген суреттерді таңдау арқылы жасырылған сұрақтарға жауап береді)

Кедергіден тірек ағашына (шест) сүйене отырып адымдап секіру қалай орындалады?

Батпақтан (жерди) бөренешіктер арқылы өту барысында соңғы және алғашқы қатысушының міндеті қандай?

Батпақты сордан (кочки) тастарды басу арқылы секіріп өткенде қандай ережені есте сақтаған жөн?

Жаяу туризм барысында горизонтальді маятниктен өтетін қатысушы жеке сақтандыруды қалай орындайды?

Паралельді өткелден өту барысында соңғы қатысушы қалай өтеді?

Вертикальді маятникпен кедергіден өту барысында жеке сақтандыру қалай орындалады?

Сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау:

Жорық кезінде аспалы өткелді өз бетімен дайындау және өту.



Қатысушылардың жаяу туризм барысында кездесетін кедергілерден аспалы өткелді өз бетімен дайындап құру арқылы өтуді және өткеннен кейінгі өткелді арқандарды жерге тигізбей жинау әдісін үйрету.

Жаңа тақырыпты баяндау (конспект)

Аспалы өткел дегеніміз - туристік жорық барысында туристік арқандарды пайдалана отырып табиғи кедергілерден қауіпсіз өту операциясы.

Аспалы өткелдер негізгі және көмекші арқандарды пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Өткел әдетте батпақтан өту, сол сияқты өзен арқылы өту кезінде дайындала-

ды. Өткелді дайындау үшін оны ұйымдастыру орнын таңдаудың маңызы зор болып табылады. Аспалы өткел операциядан соң өз бетімен оңай жиналуы қажет.

Өткел дайындау үшін мынадай туристік құралдар қолданылады:


Туристік сақтандыру системасы

Карабиндер –бекіту құралдары

Пруссик

Туристік арқандар – негізгі және көмекші

Аспалы өткелді құру барысында пайдаланылатын туристік байлаулар:



Түзу байлау (прямой) – бұл байлау сақтандыру жилеті мен белдігін өзара бекіту үшін орындалады.

Бақылау байлауы (контрольный) - бұл байлау бүрі прямой байлауының беріктілігін арттыру мақсатында соңына орындалады

Жылан байлауы (удава) – бұл байлаудың ерекшелігі операциядан соң оңай ажыратылады.

Сегіздік байлауы (восьмерка) – Туризмнің қай түрінде болмасын жиі орындалатын сенімді әмбебап байлау түрі.

Арқанды маркировкалау – жорық барысында кез-келген операциядан соң міндетті түрде орындалуы қажет. Бұл жорық барысында алып жүруге және келесі кедергіден өту барысында жұмысқа қолайлы болып табылады.

Аспалы өткелден өту операциясын мынадай кезеңдерге бөліп түсіндіруге болады.


Сурет.

а-жағалауы

Өткелді ұйымдастыруға дайындық,

- 1-ші қатысушының өтуі
2. II – кезең
б-жағалауы
негізгі және көмекші арқандарды, терек таңдап байлау
3. III - кезең
а-жағалауы
негізгі арқанды 2 - пруссик арқылы кере тарту, екінші пруссикті ағытып сегіздік байлауын салу (өткел дайын)
4. IV- кезең
а-б жағалауы
Қатысушылардың өткелден өтуі
5. V - кезең
а-б жағалауы
Соңғы қатысушының өткелден өтуге дайындығы, өткелден өту
I-кезең. (а-жағалауы) Өткелді ұйымдастыруға дайындық

3- кезең (а) жағалауы



- Сақтандыру системесын кию
Өткелді дайындау орнын таңдау
Көмекші арқаннан топтық сақтандыру арқанын дайындау
Негізгі және көмекші арқандарды сегіздік байлауына карабин бекіту арқылы 1-ші қатысушыға бекіту
Топтық сақтандыруды ұйымдастыру
1-ші қатысушының тірек ағашын ағысқа қарсы тірей отырып (б) жағалауына өтуі.
II – кезең. (б-жағалауы) негізгі және көмекші арқандарды терекке бекіту.
Сақтандыру арқанан терекке айналдыра карабин арқылы бекіту
Негізгі арқанды терекке «жылан» байлауы арқылы бекіту
III – кезең. (а-жағалауы) Негізгі арқанды кере тарту

- Негізгі арқанды терекке айналдыра қарама-қарсы бағытта пруссик салу
Негізгі арқанды күшке сала отырып кере тарту, арқанның өткелге дайындығын тексеру
Арқанға екінші салынған пруссикті ағытып алу
Арқанның бос бөлігін теректен айналдырып сақтандыру мақсатында сегіздік байлауын салу арқылы карабинмен бекіту



- Көмекші арқанның ортасына екі жағалауға да еркін жылжып отыратынына көңіл аударып сегіздік байлауын салып карабин бекіту. Яғни, тасымалдама арқанын дайындау.
IV – кезең. (б-жағалауы) Қалған қатысушылардың өтуі
Топтағы қалған қатысушылардың өтуі
Жеке сақтандыруды сақтандыру белдігіндегі карабин арқылы орындау, карабинді негізгі арқанға бекіту
Топтық сақтандыруды тасымалдама арқаны арқылы ұйымдастыру
Қатысушылардың сақтандыру белдігіндегі карабинге бекіту



- V – кезең. (а-жағалауы) Соңғы қатысушының өткелден өтуі, өткелді жинау
Соңғы қатысушының сақтандыру арқанын ағытуы
Сақтандыру арқанындағы карабинді негізгі арқандағы екі карабинді біріктіре отырып бекіту
Көмекші арқанның ортасындағы тасымалдама карабинін сақтандыру белдігіндегі карабинге бекіту

Топтық сақтандыруды тасымалдама арқаны арқылы ұйымдастыру

Өзеннен өткел арқылы өту

Негізгі арқандағы «Жылан» байлауын ағыту және арқан ағытылып

а-жағалауын айналып келу барысында жерге, суға тигізбеу мақсатында шеткі бөлігіне қарапайым жіңішке кендір жіпті ағытылмастай сенімді байлау

Көмекші арқанды негізгі арқанды ағыту мақсатында күшке сала тарту

Өткелді жинау

Арқандарды маркировкалау

Жаңа сабақтың кіріспе нұсқауы бойынша білімдерін бекіту

Тапсырмалар: 1-Тапсырма. Оқушылардың карточка арқылы аспалы өткелден өту кезеңдерін белгілеу

2-Тапсырма: Номерленген батырмаларды таңдау арқылы жаңа тақырыптар бойынша сұрақтарға жауап беру

Аспалы өткел дайындауға қажетті құралдар?

Өткел дайындауда пруссик не үшін қажет?

Өткелден өту операциясында 1-ші қатысушы қалай өтеді?

1-ші қатысушы б-жағалауына өткен соң қандай байлауларды орындайды?

Екінші және қалған қатысушылар өткелден қалай өтеді?

Негізгі арқанға бекітілген екінші пруссикті не себептен ағытып алу қажет?

Соңғы қатысушы өткелден өтер алдында өткел жиналу үшін қандай жұмыс атқарады?

Пруссик негізгі арқанға қандай байлау арқылы бекітіледі?

Өткел дайындау барысында негізгі арқанға салынған 2-ші пруссик ағытылғаннан кейін негізгі арқанның өзінде сегіздік байлауы не себептен орындалады?

Қауіпсіздік ережелері

Сақтандыру системасын дұрыс кимеу қатысушыға қандай қауіп төндіреді?

Жеке сақтандыру дегеніміз не?

Топтық сақтандыру дегеніміз не?

«Бақылау аймағы» дегеніміз не?

Дюльфер арқылы сақтандыру қандай қауіптің алдын алады?

Операция соңында қарапайым жінішке жіп не үшін қолданылады?

Топты сақтандырушылар қандай ережені міндетті түрде орындау керек?

«Бақылау» байлауы қандай мақсатта орындалады?

Оқушылар бүгінгі жаңа сабағымыз бойынша қандай сұрақтарыңыз бар?

Егер сұрақтарыңызға толық жауап алған болсаңыздар сабағымыздың келесі бөлімі тәжірибелік бөлімді бастайық!



III.

Ағымдағы нұсқау. Оқушылар шебердің практикалық көрсеткендерін топтарға бөлініп орындайды. 1-ші қатысушының, соңғы қатысушының жұмыстарын әр қайсысы жеке орындайды. Аспалы өткелді өз беттерімен құрады, өтеді және жинау әдісін көрсетеді.

Оқушыларды топтарға бөлу

Қауіпсіздік ережелеріне тоқталу

Тапсырмалар бөлу

Жұмысты орындау тәсілін әр кезең бойынша көрсету

Өз беттерімен жұмыстану

Әрбір оқушыны жекелей қадағалау

Жұмыс орнын қарап өткенде:

Жұмыс орнының ұйымдастырылуын тексеру

Еңбек тәсілдері мен операциялардың дұрыс орындалуын бақылау

Технологиялық процестің орындалуын бақылау

Жұмыс барысында қауіпсіздік ережесінің сақталуын қадағалау

Оқушылардың өзін және өзара бақылауларын қадағалау

IV. Қорытынды нұсқау.

Жақсы орындаған оқушылардың жұмыстарын атап өту

Қателіктерді сипаттап олардың орын алу себебіне тоқталып өту

Оқушылардың бағаларын хабарлау

Жұмыс орнын, құрал-жабдықтарды жинастыру.



Халықаралық туризм күніне арналған білім қызметкерлері арасында XXIV «Европа-Азия» туристік фестивалін қорытындылау туралы

Білім басқармасының 2021 жылғы 9 қыркүйегіндегі №624 бұйрығына сәйкес, ағымдағы жылдың 27-29 қыркүйек күндері педагогтардың туристік және кәсіптік шеберліктерін шыңдау, салауатты өмір салтын насихаттау, білім қызметкерлері арасында туристік-өлкетану қызметі бойынша озық тәжірибе жинақтау, тарату мақсатында Халықаралық туризм күніне арналған білім қызметкерлері арасында XXIV «Европа-Азия» туристік фестивалі өткізілді.

Фестивальде 19 командадан (оның ішінде Ақтөбе, Атырау, Түркістан облыстарының командасы, Сервис және жаңа технологиялар колледжі мен Теректі колледжінің, 12 аудандық туризм орталықтарының және Орал қаласының командасы) 168 қатысушы сынға түсті. Жарыс бағдарламасы 4 қашықтықтан және 6 байқаудан тұрды. Қатысушылар төменгідей нәтиже көрсетті:



ҚАШЫҚТЫҚ БОЙЫНША

«Техникалық» қашықтық «А» тобы

- 1 орын – Ақжайық ауданының командасы
- 2 орын – Жәнібек ауданының командасы
- 3 орын – Бөрлі ауданының командасы

«Жеке» қашықтығы «А» тобы (ерлер)

- 1 орын – Кенжемұрат Темірлан – Бөрлі ауданы
- 2 орын – Нигметов Ерлан – Жәнібек ауданы
- 3 орын – Тілеу Мереке – Сырым ауданы

«Жеке» қашықтығы «А» тобы (әйелдер)

- 1 орын – Сагиналиева София – Жәнібек ауданы
- 2 орын – Филым Әсем – Казталов ауданы
- 3 орын – Серикова Надежда – Теректі ауданы

«Өткелдер» қашықтығы

- 1 орын – Жәнібек ауданының командасы
- 2 орын – Теректі ауданының командасы
- 3 орын – Бөрлі ауданының командасы

«Лабиринт» қашықтығы ерлер арасында

- 1 орын – Нарымбаев Бейбит
- 2 орын – Қазымов Шернияз
- 3 орын – Гумаров Жасулан

БАЙҚАУЛАР БОЙЫНША

«Бард әндері» байқауы

- 1 орын – Байболатов Самат – Шыңғырлау ауд.
- 2 орын – Мукашев Азамат – Бөрлі ауд.
- 3 орын – Қуаналиева Мәңдігүл – Жәнібек ауд.

«Жорық есебі» байқауы

- 1 орын – Бөрлі ауданының командасы
- 2 орын – Жаңақала ауданының командасы
- 3 орын – Жәнібек ауданының командасы

«Менің кіші Отаным» туристік жорықтар аясында бейнеролик байқауы

- 1 орын – Қаратөбе ауданының командасы
- 2 орын – Бөрлі ауданының командасы
- 3 орын – Ақжайық ауданының командасы

«Техникалық» қашықтық «Б» тобы

- 1 орын – Ақтөбе облысы Мәртөк «Пламя» командасы
- 2 орын – Ақтөбе облысы Мәртөк «Костер» командасы
- 3 орын – Түркістан обл. Төлеби ауданының командасы

«Жеке» қашықтығы «Б» тобы (ерлер)

- 1 орын – Садуакасов Манас – Ақтөбе облысы
- 2 орын – Кенжебаев Амандос – Ақтөбе облысы
- 3 орын – Мадалиев Обиджон – Төлеби ауданы

«Жеке» қашықтығы «Б» тобы (әйелдер)

- 1 орын – Шингалиева Жаннат – Ақтөбе облысы
- 2 орын – Грищенко София – Ақтөбе облысы
- 3 орын – Адишбекова Аружан – Төлеби ауданы

«Лабиринт» қашықтығы әйелдер арасында

- 1 орын – Изгалиева Динара
- 2 орын – Қайырлиева Назерке
- 3 орын – Серикова Надежда

«БАҚ-нда туристік мақалалар» байқауы

- 1 орын – Шыңғырлау ауданының командасы
- 2 орын – Сырым ауданының командасы
- 3 орын – Теректі ауданының командасы

«Туризмнен онлайн сабақ» байқауы

- 1 орын – Бессмертнова Анна – Орал қаласы
- 2 орын – Сулейманова Сарбиназ – Шыңғырлау ауд.
- 3 орын – Хасанова Наталья – Бөрлі ауданы

«Туристік тұрмыс және дағды» байқауы

- 1 орын – Жәнібек ауданының командасы
- 2 орын – Ақжайық ауданының командасы
- 3 орын – Казталов ауданының командасы